<http://bibliotekar.kz/istoriki-kazahstana-za-9-klass-nachalo-x/-6-dvizhenie-i-sozdanie-partii-alash-1-o.html> Movement and creation of the party "Alash". The leaders of "Alash" and the whole party as a whole did not accept the October Revolution. They united under the slogan "Liberation of the Kazakh people from the colonial yoke!" Long before the October Revolution, the leaders of the Kazakh liberal-democratic movement widely propagated their programs on the socio-economic and political development of Kazakhstan. November 21, 1917 in the newspaper "Kazakh" was published the draft program of the party "Alash". The draft program consisted of ten items: the state structure, local freedom, basic law, religion, power and court, the protection of the people, taxes, the working question, the development of science and education, the land issue. The aim of the "Alash" party was the re-creation of the national state of the Kazakhs, which disintegrated in the 18th-19th centuries, the introduction of the institution of the presidency.

Here http://www.inform.kz/kz/alash-zhane-azattyk-100-zhyldan-keyingi-kozkaras_a3087114 we find “Alash and Azattyk: A look, following after a year 100”. The idea of Alash was not in vain. First of all, the Russian royal rule of the Kazakh steppes became more and more pronounced, and the Tsarist government declared the land of Kazakhstan as the state, and began to capture the most beautiful, watery and deserted land. Thirdly, Kazakhs have lost their right to vote in the State Duma. Fourthly, Kazakhs were at the lowest level. Fifthly, the Kazakhs have lost their ancient traditions. All this did not diminish the honor of the Kazakh intelligentsia. That is why in Central Asia the strongest Alash movement was born. Nationalist patriots, who studied Kazakh in the interests of the nation, advanced. In the twentieth century, the great Reformers Alikhan, Ahmet, Mirzhakyp began to liberate the nation.

<http://www.elimai.kz/istoki-nacionalnoj-demokratii.html>. Who was Alash party? Their aim, views?

“Party Alash. The Origins of National Democracy”. "Alash" is the movement of the Kazakh democracy, which proclaimed the creation of a national party in July 1917. In December of the same year, Alash people established the governing body of the Kazakh autonomy - Alash-Orda, becoming allies of the anti-Soviet governments of Russia, which existed until 1920. Former members of the liquidated Alash-Orda were granted amnesty and joined the Soviet executive bodies. In the late 1920-1930-ies repressed.

View (kazneb.kz) published ideas of movement. Author: Tolepbergen Bolatbek, Title: "Мәңгі жас - Алаш идеясы". In this book, the author presents his own conclusions by analyzing the idea of Alash, the social phenomenon in the protection of the national ideals of the Kazakh nation and the political and social situation of today's Kazakh youth.

The next book on <http://docplayer.ru/52575868-Kratkaya-enciklopediya-istorii-alash-i-alash-orda.html> is “Brief Encyclopaedia of the history of Alash and Alash Horde” And author is



Zhanbosinova A.S. The encyclopaedia contains a brief outline of the activities of the government Alash and Alash Horde, shows its complex and dramatic relationship with the Provisional Siberian government, Komuch and Kolchak government on the one hand, and the Soviet government on the other. In the encyclopaedia including data of individual representatives of Alash, photograph and bibliography of the history of Alash and Alash Horde.

Conclusions. We reviewed a small part of digitized resources, books, publications on current topics of today such as Alash movement, party, Horde. For the modern pace of life and new technologies, the availability of such publications gives a lot of impressions, impacts for the Soviet generation who did not study the history of the Fatherland, for the younger generation who are more suited to leaning through Internet resources. In conclusion, we can add that this article contains a list of the most significant works on this topic. Research on the topic of Alash continues and gains new momentum with the democratization of society. The significance of such electronic source studies is great and has many positive aspects.

References

- Alash-Orda, 1992 - Alash-Orda: Sbornik dokumentov [[Alash-Orda. Collection of documents]. Alma-Ata: Aykap, 1992. 189 p. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1106741> (in Rus.)
- Alimgazinov K. - Alimgazinov K. Portal Kazakstan tarihy [Portal History of Kazakhstan- [http/ e-history.kz.ru/seo-materials/show/29532](http://e-history.kz.ru/seo-materials/show/29532)] (in Rus.)
- Amanzholova, 2009 - Amanzholova D. Na Izlome: Alash v etnopoliticheskoj istorii Kazahstana [On the Break: Alash in the ethno-political history of Kazakhstan]. Tymas, 2009. 412 p. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108388> (in Rus.)
- Amanzholova D., 2013 - Amanzholova D. Alash: istoricheskii smysl demokraticeskogo vybora [Alash: the historical meaning of democratic choice] Almaty: Taymas, 2013. 383 p. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1153344> (in Rus.)
- Bochagov, 1927 - Bochagov A.K. Alash-Orda: Kratkij ist. ocherk o nac.-burzhuz. dvizhenii v Kazakstane perioda 1917-1919 g.g. [Alash-Orda: Brief history. essay on the national bourgeoisie. movement in Kazakhstan during the period 1917-1919.] Kyzyl-Orda: State. publishing house K.S.S.R., 1927. 57 p. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1106475> (in Rus.)
- Bolatbek, 2008 - Bolatbek T. Alash Orda Mangı zhas, 2008 - Alash ideiasy [Alash Orda Forever young - the idea of Alash]. Almaty: Almaty publishing house, 2008. 304 p. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1163310> (in Kaz.)
- Brainin, Shafiro, 1935 - Brainin S., Shafiro Sh. Ocherki po istorii Alash-Ordy [Essays on the history of Alash-Orda]. Alma-Ata; Moscow: Kazakhstan Regional Publishing House, 1935. 149 p. (in Rus.)
- Dollar C. Authentic Electronic Records: Strategies for Long Term Access, 2000.
- Dvizhenie Alash, 2008 - Dvizhenie Alash : sbornik dokumentov i materialov [Alash Movement : collection of documents and materials] Comp. E. M. Gribanova. Red.: K. S. Aldajumanov. Vol. 4. Almaty: El-shezhire, 2008. 468 p. (in Kaz., in Rus.). <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1150374>
- Koigeldiev, (w.d.) - Koigeldiev M. The Alash Movement and the Soviet Government: A Difference of Positions. (Transl. David Cassidy, ed. Uyama Tomohiko) https://src-h.slav.hokudai.ac.jp/coe21/publish/no14_ses/06_koigeldiev.pdf
- Renear, Mylonas, Durand, 2010 - Renear A., Mylonas E., Durand D. Refining our Notion of What Text Really Is: The Problem of Overlapping Hierarchie / The Brown University Scholarly Technology Group, 2010.
- Sdykov (ed.), 2012 - Istoriya Zapadnogo otdeleniya Alash-Ordy: sbornik nauchnyh statei [History of the Western Branch of Alash-Orda: collection of scientific articles] Ed. M.N. Sdykov. Uralsk: Poligrafservis, 2012 (in Rus.)
- Unsworth et al, 2004 - A Companion to Digital Humanities / Schreibman S., Siemens R., Unsworth J. Oxford: Blackwell Publishing Ltd, 2004. 611 p.
- Zhunisbekov, 2011 - Zhunisbekov B. Alash – Alzhir, 2011 - Alash – Alzhir. Saiasi qugyn-syrgın zhane totalitarizm kurbandarynyn "Alzhir" memorialdymurazhai kesheni [Alash - Algeria; "Alger" memorial museum complex of victims of political repression and totalitarianism]. Astana: Saryarka, 2011. Vol. 1. 382 p. (in Kaz.)



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 4, pp. 692-703, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

IRSTI / FTAXP / МРНТИ 03.20
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_692-703

**АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ
ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ**

Меңдігүл Сағатқызы Ногайбаева¹, Ақнұр Оразғалиқызы Көшімова², Төрәлі Қыдыр³

^{1,2}эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (71-үй, эл-Фараби даңғылы, 050040, Алматы, Қазақстан)

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435> e-mail: nmendigul@mail.ru

²PhD, аға оқытушы
<https://orcid.org/0000-0003-3466-2216>. e-mail: akosh.kno@gmail.com

³Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, (29-үй, Құрманғазы көшесі, Алматы, Қазақстан)
<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>. e-mail: qydyr.torali@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Ногайбаева, Кошымова, Қыдыр, 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Алтын Орда тарихы мәселесін зерттеудің бастауы ұзақ уақыттарды қамтығандығына қарамастан, мемлекеттегі ислам діні мәселесі айналасындағы пікірталастар әлі де өзектілігін көрсетіп отыр. Осыған байланысты мақалада Жошы ұлысындағы мұсылмандық дәстүрді дәріптеуші діни-дидактикалық шығармалардың деректік маңызы қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық шығармаларды дерек ретінде қарастыра отырып, ислам дінінің орны мен саяси және рухани өмірге қатынасын айқындау, діннің мемлекеттің ішкі және сыртқы мәселелерді шешудегі орны, сондай-ақ сопылық тариқаттың тарихи сабақтастық мәселелерін тарихи деректер негізінде қарастыру және Алтын Орданың рухани-мәдени өміріндегі алар орнын ашып көрсету. *Нәтижелер.* Алтын Орда мемлекеті шеңберінде ислам дінінің рухани мәдениетке тигізген әсері көрнекті әдебиет өкілдерінің шығармалары негізінде қарастырылды. Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық шығармалар үлгілеріне талдаулар Дешті Қыпшақ жеріндегі мұсылмандықтың даму үдерісін көрсетеді. Яғни, Қазақстан аумағында кеңінен тараған йасауи тариқатының тарихи контекстегі орнына талдаулар жасалып, Алтын Орда мемлекетіндегі ислам дінінің орнығуының өзінен бұрын өмір сүрген мемлекеттер тарихындағы исламның алар орнымен тарихи сабақтастығы айқындалды. *Қорытынды.* Ислам дінінің XIII ғасырдың 20-жылдарында Алтын Ордада мемлекеттік дін мәртебесіне ие болуы ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан әлеуметтік-саяси, тарихи, діни үдерістердің нәтижесі болғандығы баяндалды.

Түйін сөздер: Алтын Орда, ислам діні, діни-дидактикалық шығармалар, Рабғузи, дерек.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жана деректерді аудару және Алтын Орданың этносаяси тарихын зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR 10965240).



Дәйексөз үшін: Ногайбаева М.С., Кошымова А.О., Қыдыр Т.Е. Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық шығармалардың деректік маңызы // Отан тарихы. 2023. Т. 26. 4. 662-703 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_692-703

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ РЕЛИГИОЗНО-ДИДАКТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ В ЭПОХУ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Мендигуль Сагатовна Ногайбаева¹, Акнур Оразғалиевна Кошымова², Торали Кыдыр³

^{1,2}КазНУ им. Аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы, аль-Фараби, 71. 050040)

¹Кандидат исторических наук, асс.профессор

<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435> e-mail: nmendigul@mail.ru

²PhD, старший преподаватель

<https://orcid.org/0000-0003-3466-2216>. e-mail: akosh.kno@gmail.com

³Кандидат филологических наук, доцент

Институт Литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, (Республика Казахстан, Алматы, Курмангазы, 29)

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>. e-mail: qydyr.torali@gmail.com

Аннотация. *Введение.* Несмотря на то, что изучение истории Золотой Орды охватывает длительный период времени, существующие дискуссии по вопросу ислама в государстве до сих пор показывает актуальность данной проблемы. Поэтому в данной статье прославляющие мусульманскую традицию религиозно-дидактические произведения улуса Джучи рассматриваются как источник данной эпохи. *Цель и задачи исследования.*

Определение синтеза Источниковедческий анализ религиозно-дидактических произведений

Определение места ислама и его отношения к политической и духовной жизни, роль религии в решении внутренних и внешних проблем государства, а также проблемы исторической преемственности суфийского тариката на основе анализа религиозно-дидактических произведений и исторических данных и выявление их места в духовной и культурной жизни Золотой Орды. *Результаты.* Влияния ислама на духовную культуру в рамках Золотоордынского государства было рассмотрено на примере произведений видных деятелей литературы. Анализ образцов религиозно-дидактических произведений периода Золотой Орды показывает процесс развития ислама в Дешти-Кипчаке. То есть проведен анализ исторического контекста суфийского тариката, распространившегося на территории Казахстана, определены место и историческая преемственность ислама в истории государств, существовавших до становления исламской религии в Золотой Орде. *Выводы.* Сообщается, что статус ислама как государственной религии в Золотой Орде в 20-х годах XIII века стал результатом многолетних общественно-политических, исторических и религиозных процессов.

Ключевые слова: Золотая Орда, исламская религия, религиозно-дидактические произведения, Рабгузи, источник.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Перевод новых источников и исследование этнополитической истории Золотой орды» (регистрационный номер: AP 10965240)

Для цитирования: Ногайбаева М.С., Кошымова А.О., Кыдыр Т.Е. Источниковое значение религиозно-дидактических произведений эпохи Золотой Орды // Отан тарихы. 2023. Т. 26. 4. С. 692-703. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_692-703

THE SOURCE SIGNIFICANCE OF RELIGIOUS AND DIDACTIC WORKS OF THE GOLDEN HORDE PERIOD

Mendigul Sagatovna Nogaibaeva¹, Aknur Orazgalievna Koshymova², Torali Kydyr³

^{1,2}KazNU al-Farabi (h.71, al-Farabi str., 050040, Almaty, Kazakhstan)

¹Candidate of Historical Science, associate professor

<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435> e-mail: nmendigul@mail.ru

²PhD, senior teacher



<https://orcid.org/0000-0003-3466-2216> e-mail: akosh.kno@gmail.com

³Candidate of Philology, associate professor

M.O. Auezov Institute of Literature and Art (Kurmangazy str., 296 Almaty, Kazakhstan)

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>. e-mail: qydyr.torali@gmail.com

Annotation. *Introduction.* Despite the fact that the study of the history of the Golden Horde covers a long period of time, the existing discussions on the issue of Islam in the state still show the relevance of this problem. Therefore, in this article, the religious and didactic works of the Jochi ulus glorifying the Muslim tradition are considered as a source of this era. *Purpose and objectives of the research.* Determination of the place of Islam and its connection with political and spiritual life, the role of religion in solving internal and external problems of the state, as well as the problems of historical continuity of the Sufi Tariqa based on the analysis of religious and didactic works and historical data and determination of its place in the internal and cultural life of the Golden Horde. *Results.* In order to prove the positive influence of Islam on spiritual culture within the Golden Horde state, it was studied using the example of works by prominent literary figures. The analysis of examples of religious and didactic works from the Golden Horde period shows the process of development of Islam in Deshti-Kipchak. Conducting an analysis of the historical context of the Sufi Tariqa, which spread over the territory of Kazakhstan, determined the place and historical continuity of Islam in the history of the states that existed before the establishment of the Islamic religion in the Golden Horde. *Conclusion.* It is reported that the status of Islam as the state religion in the Golden Horde in the 20s of the 13th century was the result of long-standing socio-political, historical and religious processes.

Keywords: Golden Horde, Islamic religion, religious and didactic works, Rabguzi, sources.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Translation of new sources and study of the ethnopolitical history of the Golden Horde"(IRN: BR10965240)

For citation: Nogaibaeva M.S., Koshymova A.O., Kydyr T.E. The source significance of religious and didactic works of the Golden Horde period // *Otan tarikhy*. 2023. Vol. 26. No. 4. Pp. 692-703. (In Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_692-703

Кіріспе. Ортағасырлық Алтын Орда мемлекетінің Еуразия құрлығының шығыс бөлігіндегі халықтардың тарихында алатын орны зор. Соның ішінде Алтын Орда хандардың діни сенімдері және мемлекеттік дін меңгейіне көтерілген исламның ішкі, сыртқы мәселелерді шешудегі маңызы, рухани-мәдени өмірдегі өзгерістер, түркілік және исламдық синтез, руханият сабақтастығы мәселелері бүгінгі күнге дейін өзекті тақырыптардың бірі ретінде саналады. Исламның қоғамдық санадағы орны мен әдебиетке, ғылым мен білімге тигізген әсері зор болды. Нәтижесінде осы кезеңде Алтын Ордалық әдебиеттің кең көлемін құраған діни-дидактикалық шығармалар дүниеге келді. Бұл туындылар өз заманында Алтын Оданың ислам өркениетінің белгілі орталықтарының бірі болғандығын көрсетеді. Осыған байланысты мақалада Алтын Орда хандарының діни көзқарастары, исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдауы, оған қатысты саясаттарының нәтижелері, Алтын Ордадағы исламның орны, халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесіне әсері діни-дидактикалық шығармаларды тарихи дерек ретінде талдау негізінде қарастырылады. Ислам дінінің рухани, жазба мәдениетіне тигізген ықпалының зор болғанын әдеби жәдігерлердің мазмұндық ерекшеліктерімен байланыстыруымызға болады. Мақалада Алтын Ордағы ислам дінінің рухани әлемдегі орны мен маңызы әдеби, діни-дидактикалық жәдігерлердің мазмұнындағы көрінісін анықтау арқылы ислам дінінің қазақ жеріндегі әулиелі, киелі жерлердің тарихымен, ауыз әдебиетімен байланысы, сондай-ақ сопылықтың Алтын Оданың рухани мәдениетіндегі көрінісі ауызша және жазбаша деректер негізінде қарастырылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Діни-дидактикалық шығармалардың деректік маңызына тоқтала отырып, Алтын Орда тарихындағы діни түсініктер мен дінді жеке тұлғалық және мемлекеттік тұрғыда қабылдау барысында кездесетін тарихи заңдылықтар мен түсініктерді қарастыруда салыстырмалы-тарихи әдісті пайдалану зерттеудің әдіснамалық негізін құрайды. Дегенмен де кез-келген оқиғаларды сипаттағанда нақтылыққа алып келетін деректанулық зерттеу әдісіне ерекше мән беріледі. Сонымен зерттеу барысында тарихи талдау, саралау, деректанулық сыни әдістері пайдаланылды. Сонымен бірге тақырып аясы Алтын Орда



дәуіріндегі ислам дініне қатысты болғандықтан дін және әдебиет саласындағы зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарын мәселені өткен мен кейінгі тарих арасындағы сабақтастық түсінігіне көңіл аударылды. Ретроспективті зерттеу әдісіне сүйен отырып мәдени-рухани мұраларымыздың тарихи сабақтастағы мәселелеріне назар аудардық.

Бұл әдістер Алтын Орда тұсында дін мен дәстүр сабақтасты айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Түркінің бай ауыз әдебиеті діни аңыз-эпсаналармен толығыуы мен ежелден келе жатқан фольклорлық мұралардың исламның кеуімен өзгерістерге ұшырауын, ислами дүниетаным мен түркілік көзқарастың ұштасқанын осы дәуірде жазылған діни-дидактикалық шығармаларды талдай отырып айқындаймыз. Мәселен, Насируддин Рабғұзидың «Қиссасул-әнбиясында» пайғамбарлар тарихынан бөлек түркінің көне аңыз-эпсаналарына да кеңінен орын берілген. Бүгінгі қазақ халқының санасында жатталып қалған атақты «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Көгершіннің аяғы неге түкті?» секілді аңыздарды осы шығармалардан кездестіреміз. Сонымен бірге халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін тапқырлық пен шешендікке қатысты хикаялар да қарастырып отырған кезеңдегі діни-дидактикалық шығармаларда кеңінен орын алған. Мақалада 1310 жылы жазылған Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссас әл-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»), Махмұт ибн Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердерінің «Нәһж әл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»), сондай-ақ «Мұғин әл-мүридті» Исламның «Мұғин әл-мүридті», авторы белгісіз «Раунақ әл-Ислам», Мұхаммед Бабырдың «Мубәййән дәр фиқһы» тәрізді шығармалар негізге алынды. Бұл шығармалардың кейбіреулері иман негіздерінен бастап, шариғаттағы нәзік мәселелерді талдай отырып, өлең түрінде жазылған. Ислами көзқарас пен түркілік танымның синтезі ретінде жазылған Рабғұзи еңбегінің көне қолжазбасы бүгінде Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақталған. Осы нұсқа XV ғасырда жазылған болып, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып есептеледі. XVI ғасырда көшірілген тағы бір нұсқасы Санкт-Петербургтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасынан орын алған. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, осы кітапханада Рабғұзидың шығармасына қатысты 6 қолжазба, Швецияда 2 қолжазба, Париж бен Бакуде бір-бір қолжазбадан сақталған (Алтын Орда әдебиеті, 2022: 85).

Мақалада талдаған діни-дидактикалық шығармалар М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми-шығармашылық тобы (томды құрастырып, баспаға дайындаған – мақала авторларының бірі Т. Қыдыр) жариялаған ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы атты 3-томдық жинақтың «Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер» атты 3-ші томына енгізілген (Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы, 2020). Тарихи оқиғалар мен үдерістерді салыстырмалы талдау үшін «далалық ауызша тарих айту» дәстүрінің көрініс болып табылатын фольклорлық шығармалар «Бабалар сөзі» жинағына енгізілген тарихи аңыздар талданды (Бабалар сөзі, 2012). Сонымен қатар, классикалық ортағасырлардағы жазба дерек мәліметерін В. Тизенгаузеннен (Тизенгаузен, 1941) бастап соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен гранттар шеңберінде жарық көрген өзге де аудармалар арқылы пайдаландық (История Казахстана в арабских источниках. Том. I. 2005.).

Талқылау. Жалпы Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық шағырамалар тарихи дерек ретінде арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Дегенмен, Алтын Орданың жекелеген билеушілері Берке, Өзбек, Туда Мөңке хандардың исламға қатынастары, жалпы Алтын Орда тарихындағы исламның таралуы мен орны, мемлекеттің саяси тарихымен қатар руханиатына қатысты зерттеулерде жалпылама аталып өткен. Себебі, Алтын Орда билеушілерінің ислам дініне деген көзқарасы, ұстанымы, оның мемлекеттің маңызды нышандарда көрініс беруі, және т.б. мәселелер мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қарастырғанда, сондай-ақ жеке тұлғалардың өмірін зерттеу барысында қай кезде де зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалған емес, керісінше қызығушылық тудыратын объектісіне айналып, шетелдік және отандық тарихнамада бірнеше құнды зерттеу еңбектерінің жазылуына алып келді. Солардың бірқатарына тоқталар болсақ, американдық тарихшы Девин Дьюиз Алтын Орда және оның мұрагер мемлекеттерінің басқару аумақтарындағы түркі-моңғол халықтарының билеуші таптарының және жалпы қарапайым халықтың исламды қабылдауын талдап жазады (DeWeese, 1994). Автор Алтын Орда кезеңіндегі тарихи-әдеби жәдігерлерінің діни сарындары, әсіресе мұсылмандық дәстүрдегі әулиелер культінің қалыптасуы, оның уақыт өте келе аталған дәстүр мұсылмандық әлем бейнесі мен тарихнамасына енгізілуін қарыстырған. Бұл дәстүрдің таралуына және түркі халқының санасына енуіне оның фольклорлық, эпикалық жүйелерге



жақындығы және Жошы ұлысындағы әрбір кланның нақты аймақтық шеңберінің болуы ықпал етті деп есептейді (DeWeese, 1994: 321-408). Белгілі қазақстандық зерттеуші А. Муминов Орталық Азиядағы діни-теологиялық мектеп тарихын, соның ішінде VIII-XV ғасырлардағы ханафи мәзһабы теологтарының Орталық Азия тарихындағы орны мен маңызын зерттеуге арналған зерттеулерінің маңызы зор. Ол Орталық Азиядағы ханафи мәзһабын қарастыра отырып, Алтын Орданың тумасы Махмұд ибн Сулайман әл-Кәфавидің (989/1581 ж.ж.) «Катаиб аләм әл-ахяр мин фукаһа' мазһаб ан-Ну» еңбегінің қолжазбасын талдайды және осы арқылы ислам діні мен жергілікті мәдени дәстүрлердің көп ғасырлық өзара әрекеттесу процестеріндегі ханафи теологтарының шешуші рөлін, исламның жергілікті жерге бейімделуін Алтын Орда экономикасындағы, мәдениетіндегі, әдет-ғұрыптары мен нанымдарындағы ерекшеліктерін көрсетеді (Муминов, 2015). VIII-XIX ғасырлар басы аралығындағы ислам дінінің таралуы мен қазақ мұсылмандық дәстүрінің қалыптасуына арналған тарих ғылымдарының докторы Н.Д. Нұртазинаның еңбегінде Дешті Қыпшақ көшпелі элиталарының исламды қабылдауы және Қазақстан мен Еуразияның саяси тарихы мен мәдени-өркениетіндегі төңкеріс оқиғасы ретінде қарастыра отырып, Алтын Орда хандарының исламды қабылдау, діни білім алу, саяси тарихында пайдалану және т.б. мәселелерге де тоқалады (Нуртазина, 2016: 207-243). М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми-шығармашылық тобы соңғы жылдары Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихын зерттеуде тамаша еңбектер жариялады. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы атты 3-томдық жинақтың «Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер» атты 3-ші томында діни-дидактикалық шығармалар жинақталды. Авторлар Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген діни-дидактикалық шығармалардың қатарында Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссас әл-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»), Махмұт ибн Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердерінің «Нәһж әл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»), «Мұғин әл-мүридті» және т.б. алғаш рет қазақ тіліне аударылып жарияланды (Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы, 2020). Бұл жинаққа енген шығармаларды талдай отырып, түркі тілінде жазылған, ислам шарттарын түркілік ұғымға жақын талдаған еңбектер арқылы Алтын Ордадағы исламның өзіндік формасы, ерекшеліктері туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз.

4. Зерттеу нәтижелері. Моңғол империясының заңды жалғасы саналатын Алтын Орда мемлекетінің тарихында ислам одан әрі дами түсіп империяның ресми дініне дейін көтерілді. Шыңғыс ханның жүргізген «біріктіру саясаты» негізінде жүзеге асырылған «Еуразия даласын мекен еткен түркі-моңғол халықтарының бірлігі» идеологиясы барысында Қыпшақ, Еділ Бұлғариясы, Каспий маңын мекен еткен халықтарын бағындыра отырып біріктіру өзінің нәтижесін берді. Бұл аймақтардың Жошы ұлысының құрамына кіруімен ислам дінінің мемлекеттегі рөлі айқындалды, яғни қалалардың гүлденіп дамуы, рухани мәдени саладағы жетістіктердегі мұсылмандардың үлестерінің артуына жол ашылды.

Алтын Орда тарихындағы ислам діні мен жазба мәдениеті (діни әдебиеттер) тарихындағы өзара сабақтастық тығыз байланысты болды. Алтын Ордалық дәстүрлі тарихнама тарихи санадағы жекелеген рулар тарихы, жергілікті әулиелердің және аңыздарда бейнеленген танымал тұлғалардың әрекеттері исламмен тығыз байланыста қарастырылғандығына дәлел бола алады (Ноғайбаева, 2022).

Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген діни-дидактикалық шығармалардың қатарында Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»), Махмұт ибн Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердерінің «Нәһжүл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»), «Мұғинул-мүридті» және т.б. болып табылады. Мұндағы кейбір еңбектер, атап айтар болсақ «Қиссасул-әнбия» Алтын Орда бектерінің бірі Тоқбұғаның арнайы тапсырысы бойынша жазылған болатын. Рабғұзи бұл шығарманың жазылуына арнайы ұсыныс болғандығына, ондағы мақсат пайғамбарлар өмір тарихын таратып жазу керек екендігіне тоқталады. Ал тапсырыс беруші кім деген сұраққа келсек, тағы да автор: «...бектер ұрпағы, жігіттер сардары, ұлы атты, құтты затты, ізгі мінезді, ислам сауытты, моғол текті, мұсылман дінді, адамзат сүйеніші, мүміндер қуанышы, беделді ұлы, ақылы теңіз бегіміз Насир әд-Дин Тоқбұға» (Әдеби жәдігерлер, 2008: 10), деп Ислам дінін қабылдаған моңғол билеушілерінің бірі Насир әд-Дин Тоқбұға бектің өтінгенін жазады. Рабғұзи одан әрі шығармасын жазу барысында, Тоқбұға бектің құрметіне мына жолдарды арнайды:

Жасы кіші, жолы ұлы,
Заты анық бек Тоқбұға



Ол Насир әд-Дин көниясы
Ел билесін, жүз жасасын,
Болып бағынышты Жаратушысына,
Бұдан артар жақындығы (Әдеби жәдігерлер, 2008: 11).

Осылайша өз заманының белді бектерінің бірінен тапсырыс алған Бұрхан әд-Дин Рабғузи Алладан медет сұрап, сол дәуірдегі қол жеткен көптеген кітаптарды парақтай отырып, өзіне дейінгі хатқа түскен болмаса ауызша тараған аңыз-әпсаналарды, риуаяттарды сараптай отырып шығарманы жазуға кіріседі. Бұл тақырыпқа еңбегін жазардан бұрын ең алдымен, міндетті түрде Құран аяты мен пайғамбар хадисінен үзінді келтіреді, содан кейін ғана хикая, риуаят сияқты қосымша мәліметтерге жүгініп отырған. Осылайша, ежелгі әлемнің пайда болуынан бастап, VII ғасырға дейінгі тарих қойнауынан мол мәліметтер беріп, сыр ақтаратын діни-танымдық, үгіт-насихаттық бұл еңбек бар-жоғы бір жылдың ішінде жазылып шығады.

Мұхаммед пайғамбарға мадақ айтарда Рабғузи шығарманың өн бойында қасиетті Құран аяттарынан үзінділер келтіріп отырған. Әрбір аяттың мән-мазмұнын ашып көрсетуге тырысқан. Өз заманының билеушісі Насир әд-Дин Тоқбұғабекке арнау айтып, еңбектің жазылу себебін таратып айтуды да ұмытпаған.

Насируддин Тоқбұға бектің мадағы:

...Мұрасы бектік дінінде,

Сұрар оны ұстап жаға,

Әсілі моғол екен текті,

Ислам үшін тұтты жаға,

Болды Расулдың үмметі, - деп Тоқбұғабектің моғол екендігін де сөз ете отырып, исламды қабылдағанын хабарлайды (Ежелгі дәуір әдебиетінің, 2020: 20).

«Халиқ пен махлұқты, яғни Жаратушы мен жаратылысты махаббатпен тану ұстыны Алтын Орданы мекендеген мұсылмандарға тән еді. Берке мен Өзбек хандардың «әһлі тариқат», яғни тариқат өкілдері шейхтарының үгіт-насихаты нәтижесінде дінді қабылдағаны белгілі. Оған себеп – Қожа Ахмет Исауаи негізін қалаған иасауилік рухани жолы мен негізін Нәжм әд-Дин Кубра қалаған кубруаи тариқатының өкілдері Жошы ұлысында сопылықтың сырлы әлемін кеңінен насихаттаған. Сондықтан да, Жаратушының қаһарынан қорқып емес, қайта Оның мейіріміне сүйсініп дінді қабылдау – Алтын Орда қаламгерлеріне тән қасиет еді» (Алтын Орда әдебиеті, 2022: 116).

Алтын Орда тұсында дін мен дәстүр сабақтасты айқын көреміз. Түркінің бай ауыз әдебиеті діни аңыз-әпсаналармен толықты не ежелден келе жатқан фольклорлық мұралар ислами астар алды. Әсіресе, көне ұғымдар мен түсініктер қастерленіп, киелілік қасиетке ие болды. Түркінің бай салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы Исламмен синтезделіп, жаңаша сипат алып, өмір сүруін жалғастарды. Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабының жергілікті халықтардың ежелден келе жатқан салт-дәстүрін жоққа шығармастан, қажет жағдайда олардан да пайдалану шарты ислами дүниетаным мен түркілік көзқарастың ұштасуына өз септігін тигізді. Себебі, Әбу Ханифа мәзһабының басқа фикһтық мектептерден басты ерекшелігі – белгілі бір мәселеде қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне сүйену, ижмағ, қияс, истихсан шарғи шешімдерден бөлек, халықтың ғасырлар бойына қалыптасқан өмір салтының нәтижесінде туындаған әдет-ғұрыптары Құран мен хадиске қайша келмесе, соны қабылдау болып табылатын. Жошы ұлысының Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабының ұстауының бір қыры да осында еді. Яғни, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге кеңшілікпен қарайтын Ханафи мәзһабы Дешті қыпшақ тұрғындарына хош келді. Ислами дүниетаным мен түркілік көзқарастың ұштасқанын осы дәуірде жазылған діни-дидактикалық шығармалардан кездестіруге болады. Біз жоғарыда келтірген Насируддин Рабғузидың «Қиссасул-әнбиясында» пайғамбарлар тарихынан бөлек түркінің көне аңыз-әпсаналарына да кеңінен орын берілген. Онда «Қарлығаштың күйрығы неге айыр?», «Көгершіннің аяғы неге түкті?» секілді аңыздар орын алған. Сонымен бірге халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін тапқырлық пен шешендікке қатысты хикаялар да осы шығармада кеңінен орын алған.

Алтын Орда тұсында дін мен дәстүрдің сабақтастығының нәтижесінде дәстүрлі Исламның алғышарттары қалыптасқанын баса айтқан жөн. Алтын Орда тұсындағы діни дүниетанымды барынша ашып көрсетуге тырысқан Рабғузи осы шығармасы арқылы кейбір діни мәселелерге қатысты дүниелерге өзінің көзқарасын білдіріп отырған. Тіпті кейбір



мәселелерге өзіндік діни шешімін, яғни фәтуасын да беріп отырған. Мысалы, ежелден тойланып келе жатқан Наурыз мерекесінің діндегі шешімін ол өзінің Жүсіп пайғамбарға қатысты қиссада таратып берген. Ол Жүсіп пайғамбардың адамзаттың ішіндегі ең сұлуы екендігін, сұлулықтың нышаны көктем екендігін, ал көктемнің белгісі Наурыз екенін әдемі келтіре білген. Рабғұзи көктемнің келгенін «Күн атты сұлтан Хұт атты ауылдан Хамал атты жерге қоныс аударды» деп жазады да ары қарай мына өлең жолдарын жырлаған:

...Күн хамалға келгенінде келді әлем наурызы,

Өтті бахмал суық, қыс қалмады қар-мұзы.

Күн келіп, мың көркі ашылып, тірілер өлген жаһан,

Таң бозарып, нақышыменен безенеді бұл жер жүзі (Әдеби жәдігерлер, 2008: 115).

Рабғұзидың «Қиссәс әл-әнбиясы» – ислами көзқарас пен түркілік танымның синтезі, яғни, дін мен дәстүр сабақтастығының көрінісі. Себебі мұнда діни мәселелермен қатар түркілік құндылықтарға да орын берілген. Рабғұзи шарифат шарттары мен түркілік танымды ұштастырудың өзіндік жолын тапқан. Ол түркінің кейбір аңыз-эпсаналарын Нұх пайғамбар қиссасы арқылы жеткізсе, ежелден келе жатқан наурыз мейрамына қатысты жыр-жолдарын Жүсіп пайғамбар қиссасының ішіне салған. Әлемді топан су басқаны жайындағы аңыз-эпсаналар көптеген халықтардың фольклорлық мұраларында сақталған. Сондықтан да, түркілік көне аңыздарды Нұх қиссасы арқылы жеткізу авторға тиімді болса, наурыз мейрамын Құранда «Әхсән әл-қасас», яғни «ең көркем қисса» деп аталған Жүсіп пайғамбардың өмір жолы арқылы жеткізу ыңғайлы болған (Алтын Орда әдебиеті, 2022: 126).

Алтын Орда дәуірінде, анығы 1310 жылы жазылған Рабғұзи шығармасының көне қолжазбасы бүгінде Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақталған. Осы нұсқа XV ғасырда жазылған болып, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып есептеледі. XVI ғасырда көшірілген тағы бір нұсқасы Санкт-Петербургтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасынан орын алған. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, осы кітапханада Рабғұзидың шығармасына қатысты 6 қолжазба, Швецияда 2 қолжазба, Париж бен Бакуде бір-бір қолжазбадан сақталған (Алтын Орда әдебиеті, 2022: 85).

XIII-XVI ғасырлардағы түркі әдеби жәдігерлеріне назар салғанымызда сол уақытта Исламның негізгі ұстындары мен шарифат шарттары өлең сөзбен өрнектелген үш шығарманы кездестіреміз. Біріншісі – Исламның «Мұғин әл-мүрид», екіншісі – авторы белгісіз «Раунақ әл-Ислам», үшіншісі – Мұхаммед Бабырдың «Мубәййән дәр фикһы». Осы үш жәдігерде иман негіздерінен бастап, шарифаттағы нәзік мәселелерге дейін баршасы өлең түрінде жазылған. Үш шығармада да Әбу Ханифаның фикһтық мектебі насихатталған, яғни Имам Ағзам мәзһабындағы шарғи мәселелер жырланған. Оның діни һәм саяси мәні бар. Исламның Әбу Ханифа мәзһабындағы шарифат шарттарын жырға қосуының басты себебі – Жошы ұлысында Ислам мемлекеттік дін ретінде жарияланған, ал фикһтық мектеп ретінде Әбу Ханифа мәзһабы қошталған. Жошы ұлысына қарайтын өлкелерде діни алауыздық туындамау үшін де барша жамағаттың бір шарғи жолды ұстануы қажет еді. Сондықтан да, Ислам 1313 жылы мүридке, яғни дін жолын үйреніп жүрген шәкірттерге көмекші құрал ретінде өзінің «Мұғин әл-мүрид» атты туындысын жазған. Ал, 1465 жылы жазылған «Раунақ әл-Исламның» дүниеге келуінде де түркі мұсылман әлеміндегі рухани тұтастыққа деген қажеттілік жатыр. Себебі, Жошы ұлысында Әбу Ханифа мәзһабы негізгі фикһтық мектеп ретінде бекігендіктен де, Мәурәннәһір, Хорасан һәм Дешті қыпшақты мекендеген түркілердің бір дін мен мәзһабта болуы маңызды еді. 1521 жылы Мұхаммед Бабырдың «Мубәййән дәр фикһ» атты туындысын жазуының астарында Иранда сефевидтер династиясының негізін қалаушы Шаһ Исмайыл Хатаидың шиғалық ағымды мемлекеттік дін ретінде жариялауымен тікелей байланысты. Мұхаммед Шайбанидан ығысып, көмекке Шах Исмайылдың билігіне жүгінген Бабырды өз жерлестерінің шиғалыққа бүйрегі бұрды деп, одан теріс айналған тұсы да болған. Сол жаладан құтылу әрі өзі негізін қалаған Моғолстанда ханафилік мәзһабтың үстемдік құруы үшін де оның осы шығарманы жазуына түрткі болған деуге негіз бар. Себебі, түркі халықтарының рухани тұтастығы маңызды болған. Діни-танымдық, діни-дидактикалық тұрғыда жазылған осындай шығармалар Дешті қыпшақ, Хорасан һәм Мәурәннәһір түркілерінің бір имани-сенімде қалып, рухани тұтастығының сақталуына әсер еткен (Алтын Орда әдебиеті, 2022: 176-177).

Алтын Орда тұсында фикһтық мектепте – Әбу Ханифа, ал имани-сенімде – Имам Матуриди жолы берік орнады. Оны сол дәуірде жазылған діни-дидактикалық шығармалардан



аңғарамыз. 1313 жылы хатқа түскен Ислам атты ақынның «Мұғинул-мүрид» атты туындысында кеңінен қамтылған. Шариғат шарттарын өлеңмен жазып шығуды көздеген автор сол дәуірде негізгі мазһабқа айналған Әбу Ханифа жолын жыр жолдарымен таратып шыққан. Онда шариғат шарттарымен бірге, сопылықтағы кейбір мәселелер де қамтылған. Осыдан-ақ, руханияттың өзегі болып табылатын сопылық жолдың Алтын Ордада кеңінен тарағанын аңғарамыз. Расында да, Қожа Ахмет Йасауи негізін қалаған йасауи тариқаты мен Нәжмәддин Кубрауидің жолы негізінде қалыптасқан кубрауи жолы сол дәуірдегі негізгі сопылық мектептердің бірі болатын. Берке хан мен Өзбек ханның дінді қабылдауында осы тариқат өкілдерінің әсері болғаны белгілі.

Мысалы, Берке ханның мұсылман болып туылғандығы туралы аңыз ортағасырлық деректерде сақталып қалған (Сборник материалов., 1941: 16). Сондай-ақ, Сығанақ қаласында жүрген Берке ханның Ордаға барып, әкесінің билігін қолына алуы керектігін естігеннен кейінгі өзіне серік болған әскерінің жол бойғы кездескен қорқыныштарының қалай сейілгендігі, бір өзінің жауға қарсы аттанып, жеңіске қалай жеткендігі туралы да аңыздар Алтын Орданың өзіндік ауызша тарих айту дәстүрінде сақталып қалған. Өтеміс қажының жазуынша бас-аяғы сегіз адаммен Қаракөлден Дешті Қыпшақ даласына, Алтын Орданың астанасы Сарайшыққа аттанған Беркенің серіктері жолай қосылғандармен есептегенде бар-жоғы 1500 адамға жетеді. Еділ өзенінің жағалауына жетер тұста, Кулзум теңізін (Каспийді) өрлеп қалың қолмен Хулагудың келе жатқанынан хабардар болған Беркенің адамдары «Хулагудың әскері көп, ұлы падиша. Біз оған қарсы тұра алмаймыз» деп әбігерге түседі. Сонда Берке «Мен жорыққа өз еркіммен шыққан жоқпын. Сендер де маған сенбей тұрғандарың белгілі. Ендеше менің сендерге қояр бір шартым бар. Мына қолымдағы асықты дулығаның шошағына иіремін. Егер де асық оңқасынан тұрар болса, мен жауымды жеңетін боламын. Жеңіс мен жақта болады. Егерде асық оңқа түспесе, сендердің айтқандарыңды орындаймын» деп қарамағындағылармен келіседі. Асықты иіргенде шошақтың үстіне оңқасынан түседі. Мұны көрген қарамағындағы серіктері күдіктен айырылып, жүрекке сенім ұялап, осылайша Хулагу әскеріне қарсы жүреді. Беркенің қарауылдары төбеге шығып бақылау барысында Ширван тарапынан қалың қолдың шаң қаптырып келе жатқанын көреді де Беркеге хабар береді. Қарамағындағылары тағы да қобалжи түскенде Берке айтады: «Мен мына төбеге шығамын, сендер осы арадан бақылаңдар. Құдай тағаланың күдіретін көретін боласыңдар. Егер де жау мені аларлық болса, соғысқа кірікпей қаша жөнеліңдер». Сонымен төбе басына шыққан Берке төменнен көрінген шетін болжап білу мүмкін емес жау әскері жақындағанда қамшысын үш мәрте сілтеп жіберіп, атын тебініп жау жаққа қарай аттанады. Берке төбеден түспей жатып-ақ жау сапы бұзылып, қаша жөнеледі. Мұны көрген Берке әскері сондарын ала қуа түседі. Өлтіргені өлтіріледі, қолға түскендері тұтқынға алынады, аттарын айдап алады, жабдықтарын иемденеді. Кейіннен Беркенің бектері тұтқынға түскендерден «Сіздер төбе басындағы жалғыз кісіден неге сонша қорықтыңыздар, неге қаштыңыздар?» – деп сұрағанда, олар «Төбе басында тұрған кісінің екі қапталында ұшы-қиыры жоқ қалың қол тұрды. Сондықтан да біз шеп құрып бастадық. Ал ол кісі бізге қарай ат салғанда, қапталындағы екі қосын әскері де бізге қарай лап берді», – деп жауап берген дейді» (Утемиш-хаджи, 1992: 97-98).

Деректерге қарағанда, Беркенің кіндігін мұсылман әйел кесіп, мұсылман әйелдің ғана сүтін ішкенін білеміз. Сондай-ақ мұсылмандық тәрбиені имамдардан алып, Құран да оқығандығы, хадистерді, мұсылман ережелерімен, заңдарымен жақсы таныс адамдарды үнемі жанында ұстайтындығы және де кітапханасының да өте бай болғандығы жазылады. Әскерін де мұсылмандардан жасақтағаны, яғни 30 000 әскері де мұсылман болғандығын көреміз. «Люди, заслуживающие доверия, говорят, что во всем войске его такой порядок: каждый всадник должен иметь при себе молитвенный коврик с тем, чтобы при наступлении времени намаза заняться совершением его (намаза). Во всем войске его никто не пьет вина и при нем (Берка) постоянно находятся великие ученые из (числа) толкователей» (Жорана), изъяснителен хадисов, законоведов и догматиков» (Сборник материалов, 1941: 16-17).

Сондай-ақ Өзбектің билігі тұсындағы дін мәселесінде мынадай оқиғаны сипаттап береді «В пятницу я верхом отправился в соборную мечеть и медресе. Этот город находится под властью султана Узбека, имеющего там своего великого эмира по имени Кутлудумур. Этот эмир построил медресе и другие примыкающие к нему помещения. Что касается мечети, то ее построила его благочестивая супруга Турабек-хатун. ...У них прекрасный обычай для



исполнения молитвы, подобного которому я нигде не встречал, кроме как у них. Заведено, что каждый муаззин обходит дома, расположенные поблизости от его мечети, извещая о наступлении часа молитвы. Того, кто не присутствовал на общей молитве, имам бьет в присутствии общины. В каждой мечети висит для этого плеть. Кроме того, налагается штраф в размере пяти динаров, которые расходуются в пользу мечети и для угощения бедняков и неимущих. Говорят, обычай этот существует с древних времен» (Ибрагимов, 1988: 73). Негізінен араб-парсы тілінде жазылған ортағасырлық деректерде кездесетін осындай мазмұндағы мәліметтер Алтын Ордадағы ислам дінінің таралуы мен жекелеген билеушілердің ұстанымдары мен көзқарастарын көрсетеді. Ал, исламның таралуымен Алтын Орданың өз аумағында пайда болған діни-дидактикалық шағармалар Алтын Ордалық исламның мазмұны мен сипатын ашып көрсете алады.

Ибн Баттута кездескен Алтын Орда ханы Өзбек пен оның әмірлері сунниттер. Негізінде сунниттік ислам төрт мизхабты – шафиғилік, ханафилік, мәликилік және ханбалилік мәзһабының тең дәрежедегі маңыздылығын мойындайды. Бұл арада Алтын Орданың шығысында – Хорезмде, батысында – Қырымда, сонымен бірге Еділ бойында ханафиттік мектеп өз үстемдігін жүргізген болатын. Ел астанасы Сарайда ханафилік және шафиттік мінберлері бар мешіттердің санына қарағанда, олардың қоғамдағы жағдайы біркелкі болмаған, 12:1 қатынасымен ханафи мәзһабының пайдасына шешілгенін көреміз (Крамаровский, 2014: 68). Ибн Баттута өз жазбасында ханафилік мәзһабтың басымдығын «Они (Кыпчаки) ханафитского толку...» деп бірнеше рет қайталап көрсетеді (История Казахстана, 2005: 212).

Көріп отырғанымыздай, солардың қатарында бүгінгі күні де өз өзектілігін жоймаған, сонау ортағасырлардан бастау алып келе жатқан Йасауидің ханафи мәзһабы Алтын Орда аумағында кең қанат жайды. Оның көрінісі әдеби, діни-дидактикалық шығармалардан анық көрінеді. Сондай-ақ мемлекеттің астанасы саналған Сарайшық қаласы маңына жақы аумақ өзге халықтардың ықпалы аз өлкенің діннің тарауына арнайы тандалынып алынған да тәрізді көрінеді. Себебі, бұл өлке әулиелердің көптеп шоғырланған жері және Алтын Орданың өмір сүруі дәуіріндегі Маңғыстау жері арқылы Еуропа мен Азияға керуен жолдарының бойында керуен-сарайлардың салынуын Өзбек ханның есімімен, оның мемлекетті билеген дәуірімен байланыстырады. «...датирует их строительство золоордынским периодом, точнее временем правления Узбек-хана (1312-1342 гг.) и его наместника в Хорезме Туглук-Тимура, а прекращение функционирования дороги связывает с последствиями разрушительных походов Тимура на Хорезм и Поволжье в 70-е годы XIV в.» (Мендикулов, 1987: 33). Академик В.В. Бартольд өзінің «Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до XVIII в.» атты еңбегінде Моңғол империясының құрылуымен бірге Еуропадан Азияға қарай (Еділ өзенінен Сарайшық арқылы Оралға, Көне Үргенішке, Отырар, Алмалыққа қарай) жаңа сауда жолы пайда болғанын жазады. «Өзбек ханның тұсында (1312-1342) дами түскен бұл сауда жолын мұсылмандар да, сонымен бірге XIV ғ. Еуропа көпестері де пайдаланған (Бартольд, 1965: 55). Сонымен бірге бұл керуен жолының бойында бүгінгі күнге дейін сақталып қалған әулиелі жерлердің басым бөлігі орналасқан.

Ал Маңғыстау өлкесіндегі әулиелік жерлер мен әулиелердің аттары Қожа Ахмет Йасауи есімімен тікелей байланысты екендігіне тоқталмай өтуге болмас. Сондай жерлердің бірі Шопан атаның мешіті. Ал, өз кезегінде Шопан ата Қожа Ахмет Йасауидың тікелей шәкірті болып келеді. Бұл туралы мына бір аңызды келтіре кетейік: «Бірде Қожа Ахмет шәкірттерін жинап қолындағы жебені (енді бір нұсқасында асатаяқ түрінде кездеседі) ататынын және ол жебе қайда барып түссе, сол маңда шәкірттері сопылық ілімді ары қарай дамытулары қажет екенін айтады, жебені шаңырақтан атып жібереді. Сонда өзге шәкірттері асатаяқ түседі-ау деген жерге дейін жүгіре бастайды, ал Шопан орнынан тапжылмай отырады. Қожа Ахмет оның мәнісін сұрағанда «Мархабатты ұстаз, сіздің асаны табу үшін менің ұзақ сапарға аттануым керек», – деп жауап береді. Жауабына разы болған ұстаз сапарына ақ жол тілеп, батасын береді. Осылайша, жолға аттанған Шопан ата асаны Маңғыстау түбегінен табады» (Бабалар сөзі, 2012: 75). Шопан ата Баян байға қойшы болып жалданып жұмыс жасап жүреді де, кейіннен қарапайым адам еместігіне көзі жеткен Баян қызын беріп, қамқорлық етеді. Асаның Маңғыстау өлкесіне түсуінің өзінде үлкен мән жатыр. Йасауи ілімін осы өңірге де жеткізу қажет болған еді. Оғыздар тарихында да Қожа Ахмет Йасауимен тікелей байланысты мынадай аңыз бар: «Түркістанда Ақман және Қараман атты бектері Қожа Ахметтің беделінің



өсуін көре алмағандықтан астыртын әрекет ойластырып, бір сиырды сойып, Йасауидің сабанханасына тығып қояды. Ертеңіне ханға келіп, «Қожа Ахметті қалайша әулие дейсіз, оның айтқаны өтірік, жасағаны ұрлық, елдің малын ұрлап елге үлестіріп, алдап сатады. Кешегі жоғалған өгізді осы сойып алған. Сенбесеңіз тінтуге рұқсат етіңіз. Рұқсат етілген соң тінту басталып, қойылған орнынан етті суырып шығарады. Жиылған жұртқа көрсетпек болып, сабанханадан шыға бергенде Ақман мен Қараман бірі ақ, екіншісі қара төбетке айналып, бір өкпеге таласып, ырылдаса бастайды. Мұны көрген ел қашты. Осылайша, Хазіреттің әулиелігіне көздері жетеді. Елге зияндық еткендіктен халық күнбатысқа қарай қашады» (Хорошкин, 1874). Бұл аңыз-оқиғаның түрікмендер арасында (Ақман мен Қараман екеуі Абдол руынан шыққан) тараған нұсқалары бар. Оқиға Сыр бойындағы оғыздардың батысқа жылжуымен байланысты болса да, Түркістан мен Маңғыстау арасындағы діни байланысқа және діни идеологияға қатысты бірден-бір дерек болып табылады.

Сонымен, XIII ғасырда басталған діни үрдіс XIV ғасырдағы билеушілер тарапынан да қолдау тауып, кеңінен таралып, ресми мемлекеттік дәрежеде мәртебеге ие болып, өркендеп қанат жайған исламның Еуразияның далалық аумағындағы таралуының өзіндік ерекшеліктерін көре аламыз. Әдеби, діни-дидактикалық шығармаларда кездесетін тарихи-географиялық сабақтастық, жалғастық мәселесіне де көңіл бөлмеске болмайды. XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың тарихи сахнаға шығуы түркі халықтарының саяси да, мәдени де өміріндегі өзгерістерге үлкен әсер етті. Жошы ұрпақтарының исламды қабылдауының нәтижесі мәмлүк-қыпшақтармен қарым-қатынас орнатып, мәдени әрі әдеби байланыстардың нығая түсуіне өз әсерін тигізді. Ал мұндай саяси-дипломатиялық байланыстар арқылы мәдени қатынастың өркен жаюына бірден бір басты себеп, екі елдің бір дінді ұстанып, бір мәдениет пен ортақ өркениеттің аясына топтасуы, екіншіден, екі ел халықтарының туысқандық байланыстарында жатыр еді. Және де бұл арадан өзара жалғастық пен сабақтастық үрдісін де байқаймыз. Мысалы, Сарай қаласында қолға алынған шығарма Мысырда аяқталып, не болмаса мәмлүк-қыпшақтары ордасында жазылған еңбек Сыр бойындағы қалалардың бірінде қайта көшірілу жағдайлары сол кездегі әдеби өмірдің қалыптасу жағдайына айналғанын байқатады. «...ежелден өркениет ошағы болған Хорезм аймағының Алтын Орда мемлекетінің қол астына қарауы түркі сөз өнерінің дамуына оң ықпалын тигізді. Тамыры тереңде жатқан түркі жазба мұрасы XIII-XIV ғғ. діни-танымдық, діни-дидактикалық хәм діни-сопылық сипатында дамып, тематикалық жағынан байи түсті. Жанр жағынан түрленді. Аударма-нәзіралық дәстүр де осы кезде дамып, орта ғасырда дүниеге келген көркем туындылар түркі әдеби тіліне тәржімаланды. Алтын Орда жазба жәдігерлері кейінгі заман туындыларының қалыптасып-дамуына өз септігін тигізді» (Алтын Орда әдебиеті, 2022: 83).

Қорытынды. Алтын Ордада ислам дінінің кең таралып, мемлекеттік дін дәрежесіне көтерілуімен мұсылмандық діннің мемлекеттің рухани әлеміндегі орны да тереңдей түсті. Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық негізде жазылған жоғарыда аты аталған шығармалар Дешті Қыпшақ, Мәуреннахр түркілерінің рухани мәдениеті мен қоғамдық санасының қалыптасуы туралы мол деректік мәліметтер береді. Ең алдымен шарифат шарттары мен ислам тарихына қатысты сюжеттердің түркі тілінде жазылып таралғандығын атап өтуге болады. Бұл Алтын Ордада әдебиет пен ғылымның тілі, негізінен, түркі тілі болғандығын көрсетеді. Екіншіден, бұл шығармалардың мазмұны мен мәніне қарай оырып, Алтын Ордада ханафи мәзһабының кең қанат жайғанын, сопылық танымның терең орын алғанын көреміз. Діни-дидактикалық шығармалар жергілікті түркілік дәстүрлерді бойына сіңіріп, исламға дейінгі жергілікті сюжеттерді кіріктіре алды. Исламмен қатар ихсан мәселелері кеңінен жырланды. Бұл тақырып кейінгі қазақ әдебиетінде, философиялық көзқарастарында сабақтастықпен көрініс тапты.

Әдебиеттер

Алтын Орда әдебиеті. 2022 – Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы. Ұжымдық монография. Алматы: «Evo Press», 2022. 320 б.

Әдеби жәдігерлер, 2008 – Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы. 8 том. Алматы: Таймас, 2008. 480 б.

Бабалар сөзі, 2012 – Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Астана: «Фолиант», 2012. Т. 85: Тарихи аңыздар. 416 б.



Бартольд, 1965 – Бартольд В.В. Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до XVIII в. Соч., т.3. М.: Изд-во Наука, 1965. 711 с.

Ежелгі дәуір әдебиетінің, 2020 – Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. Бес томдық. Т. 3: Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар) / Томды құрастырып, баспаға дайындаған: Т.Е. Қыдыр. Алматы: Evo Press, 2020. 576 б.

Ибрагимов, 1988 – Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. М., «Наука», 1988. 128 с.

1870 жылы Кауфманның бастамасымен Ташкентте білім мәселесіне қатысты арнайы комиссия құрылды. 1873 жылы комиссияның жұмысы нәтижесінде жоба әзірленеді. Жобаға сәйкес мұсылман білім орындарына ешқандай әсер етпейтін, бірақ өңірде ресейлік биліктің мүдделері ескерілетін білім беру жүйесін құру көзделді. Орыс және жергілікті халықтардың балаларын бірге оқытатын білім мекемелерін құрып, отырықшы мұсылман жұртының көшпелі қазақ қоғамына ықпалын жою қарастырылды (Масальский, 1913: 337-338).

Сондай-ақ 1875 жылы Халықты ағарту министрлігіне қарасты Түркістан өңірінде білім басқармасы құрылды. Білім басқармасы Түркістан жерінде орналасқан барлық орыс және бұратана білім беру мекемелерін бақылауға міндетті болды. (ПСЗРИ, 1877: 508). Екі жылдан соң халық училищелерінің инспекторы қызметі енгізілді. Инспектор бастауыш орыс және бұратана білім мекемелерін қадағалауға міндетті болды (ПСЗРИ, 1877: 166). Осы арқылы ағарту министрі Толстой Түркістан жерінде империя халықтарына ортақ білім саясатын жүргізуді көздеді. Дегенмен, П Александрдан шексіз билік ие болған К.П. фон Кауфманның кезінде бас инспектор білім ісіне ықпал ете алмады (Бендриков, 1960: 66).

Розенбахтың кезінде білім саласын қолға алу қайта жандана бастады. 1884 жылдың жазында білім беру ісін реттеу мақсатында құпия комиссия құрды. Нәтижесінде 1884 жылдың 19 желтоқсанында Ташкентте алғашқы орыс-түзем мектебі ашылды. Мектепке бала жинау міндеті полиция қызметкерлеріне жүктеліп, білім орнына жергілікті саудагерлердің балалары оқуға тартылды. Келесі жылдың күзінде тағы 2 мектеп Піскент пен Чиназда ашылды. Наливкиннің айтуынша, ашылған мектептер астыртын орыстандыру саясатын жүзеге асыруды көздеді (Наливкин, 1913: 82-84). Бастапқы кезде мектептерді қаладан алшақ жерде құру жоспары жүзеге аспай, 1888 жылдан бастап оқушылар орыс мәдениетімен танысуы мақсатында қалалар қайтадан қалаларда салына бастады. Ашылған мектептерде орыс тілін үйренуге басымдық берілді (Бартольд, 1966: 304).

Патша билігі орыс-түзем мектептерінің қызметінен зор нәтижелер күтті. Бұл мектептерде бірнеше мың бала білім алды. Сонымен қатар жоспар бойынша Түркістан өңірінде қызметке тағайындау кезінде аталмыш мектептердің түлегі болуын талап ету көзделді. Дегенмен, орыс-түзем мектептері империя шенеуніктері көздегендей нәтиже бермеді. М. Вирскийдің пайымдауынша, орыс-түзем мектептері орысша оқу-жазуды қажетті деңгейде меңгерген бірде-бір түлекті дайындап шығара алмады (Бартольд, 1966: 308).

Уақыт өте келе, білім саласын реформалау маңызын патша әкімшілігімен қатар, жергілікті жаңа интеллектуалды элита да түсінді. Осылайша, Түркістан жерінде жәдит мектептері құрылды. Әрине, мұндай жаңа әдіске негізделген мектептер империялық білім беру жүйесінің сәтті іске асуына кедергі келтірері сөзсіз еді. Сондықтан жергілікті әкімшілік өкілдері аталмыш мектептер пантүркизм мен панисламизм идеяларын насихаттайды деген пікірде болды (Шушкова, 2015: 165). Бұл – империяның мұсылмандық факторға енді жаңаша қарай бастауының индикаторы еді.

1898 жылы Түркістан бас инспекторы Ф. Керенский генерал-губернатордың рұқсатының негізінде өңірде халық училищелері инспекторларының рұқсатынсыз татарлардың білім ісімен айналысуға тыйым салады. Сонымен қатар мұсылман мектептерінде Хиуа және Бұхараның оқытушыларына жұмыс жасауына рұқсат бермеді. Тек Самарқан облысында сенімді, ортаазиялық хандықтардан шыққан оқытушылар білім берумен айналысуға рұқсат берілді (ҚР ОМА, 145-к., 1-т., 426-іс, 106-п.).

Патша билігінің «ислам ісіне араласпау» саясаты бастапқы кезде прагматикалық себептерге байланысты енгізілген болатын. Ол Түркістан өңіріндегі империялық билікті берік орнату мақсатында пайдаланылды. Патша әкімшілігінің исламға қарсы саясатының күшейе түсуі 1898 жылғы Әндіжан көтерілісімен байланысты болды. 18 мамыр күні таңеріде Дукчи



ишан бастан мың шақты жақтастары Әндіжанда орналасқан патша әскерінің казармасына шабуыл жасайды. Келесі күні көтерілісшілердің басшысы патша әскерінің қолына түседі (ҚР ОМА, 64-қ., 1-т., 881-іс, 1-2-пп.). Көтерілісті басу кезінде ұсталғандардың арасында Абдуразақ Хаджис-Магилов есімді түрік азаматы да болды (ҚР ОМА, 64-қ., 1-т., 881-іс, 45-п.). Сонымен қатар Субхан-кули Араб байды тінту нәтижесінде Мұхамед Алиге (Дукчи Ишан) берілген жалған куәлік табылып, онда ол түрік сұлтанының халифасы болып тағайындалғандығы айтылады (Мухаметшин, Абашин, Арапов, т.б., 2013: 185).

Осы тарихи оқиға Ташкент пен Санкт-Петербургтегі шенеуніктердің үрейін ұшырды. Кауфман негізін қалаған исламға араласпау саясаты жедел қайта қаралып, тығырықтан шығу жолдары іздестіріле бастады. Осы мақсатта жергілікті шенеуніктер мазмұны жағынан «антимұсылмандық» сараптамалық материалдар дайындауға көшті. II Николайға генерал-губернатор Духовскойдың атынан дайындалған есеп аналитикалық құжаттардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады. Есепте ислам дінінің өздігімен жойылу мүмкін еместігі айтылып, араласпау саясатының қате болғандығы айтылды (Духовской, 1899: 13). Сонымен қатар назардан тыс қалып келген сопы-ишандарды бақылау керектігі негізделді. Есептің қорытындысында генерал-губернатор империяның мұсылмандарына қатысты ортақ саяси жоспар әзірлеу, барлық мүфтияттардың қызметін тоқтату, мұсылман басылымдарын цензураға алу сынды шараларды ұсынды (Духовской, 1899: 18). Патша шенеуніктері «мұсылмандық фанатизмді» көтерілістің негізгі себебі ретінде көріп, түрік сұлтанының астыртын әрекеттері көтерілісшілерге дем берді деп тұжырымдады.

Министр С. Витте бастаған Санкт-Петербургтегі шенеуніктер генерал-губернатордың тұжырымын ұстамдылықпен қабыл алып, исламға қатысты саясаттың күрт өзгертуге негіз жоқ деп санады. Сондықтан Витте империядағы конфессиялық ахуалдың ушығуына қарсы болды (бәлкім, бұл да оның шын ниеті емес, дипломатия, айла болуы әбден мүмкін). Бірақ Әндіжан оқиғасының түркістандық шенеуніктердің бойына қатты әсер етіп, олар патша билігінің құлауына дейін Түркістан өңірінде «мұсылмандық фанатизм» және пантүркизмге қарсы күресін жалғастырды. Алайда шенеуніктердің мұсылмандық сепаратизммен күресі өңірдегі мәселелерді шешудің орнына ушығуына алып келді. Бұл өз кезегінде жергілікті мұсылман халқының теріс бейнесінің қалыптасуына және полиция, жандармерия, барлау қызметкерлерінің көбеюіне алып келді. Әрине, бұл бюджетке зиянын тигізіп, маңызды әлеуметтік мәселелердің шешілуіне кедергі жасады (Котюкова, 2016: 397).

Әндіжан оқиғасының нәтижесінде патша шенеуніктері исламға араласпау саясатынан қатаң шектеу шараларына көшкені белгілі. Патшалық Ресейдің шектеу шаралары архивтік құжаттармен анық расталады. Мәселен, 1909 жылы Сырдария облысының әскери губернаторы М. Романов түзем мектептерін бақылау мақсатында жаңа мектептердің патша әкімшілігінің рұқсаты және бекітілген оқу бағдарламасының болған жағдайда рұқсат етуді бұйырады. Мектептерде білім беру куәлігі бар мұғалімдер істей алды. Ал жәдит мектептерінде татарлардың істеуіне ашық тыйым салынды. Сондай-ақ Ташкент қаласында татар, түрік өкілдерінен шыққан пропагандистердің тұруына тыйым салынып, жергілікті мұсылман халқының өмірін бақылауда ұстау қажеттілігі аталды (ҚР ОМА, 154-қ., 1-т., 87-іс, 20-п.).

Патша билігі «мұсылмандық қозғалыс» аясында құрылып жатқан қоғамдық және қайырымдылық ұйымдардың қызметіне де сақтықпен қарады. Патша әкімшілігі 1909 жылдың 12 тамызында Ташкентте ашылған «Көмек» ұйымының қызметін жіті бақылауда ұстады (ҚР ОМА, 154-қ., 1-т., 87-іс, 14-п.). А. Добросмысловтың еңбегінде бұл ұйым Сырдария облысының мұсылмандарына рухани және материалды көмек беру мақсатында жетімдер, қарттар мен мүгедектер үйін, емхана және асхана салумен қатар, қайырымдылық қорларына көмек беретіндігі және жастардың білімін жалғастыруға мүмкіндік беру үшін стипендиялар белгіленгендігі айтылады (Добросмыслов, 1912: 432). 1912 жылы Бұхара әмірлігіндегі империяның саяси агенті жергілікті халықтың озық өкілдері арасында қайырымдылық қорды ашу және осы ұйымның қызметін Түркістан өлкесінде де іске асыруды жоспарлап жатқандығын хабарлайды. Түркістан генерал-губернаторы ұйымның «зиян» қызметінің алдын алу мақсатында Сырдария облысында өкілдері пайда болған жағдайда ұстау керектігін атап өтеді (ҚР ОМА, 154-қ., 1-т., 104^а-іс, 20-п.).

Патша шенеуніктері беймәлім болған түрлі әлеуметтік топ өкілдері мен рухани коммуникация түрлерінен күдіктеніп, қауіпті элементтер қатарына жатқыза бастады. Олардың



қатарына ишандар мен маддаhtar кірді. 1898 жылдың шілдесінде Сырдария облысының әскери губернаторы қалалық және ауылдық базарларда дауыстап діни мазмұндағы әңгімелерді айтып жүрген маддаhtarдың әрекеттеріне тыйым салды. Әскери губернатордың пайымдауынша, маддаhtar жергілікті мұсылман халық арасында зиян үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді (ҚР ОМА, 145-қ., 1-т., 388-іс, 67-п.). Сондай-ақ әр маддаhtarдың қызметіне рұқсат беру құқығы уез басшысының құзырында бола отырып, айтылатын әңгіменің немесе кітаптың атауы болуы міндеттелді. Аталмыш ереже бұзылған жағдайда, маддаhtar Түркістан өлкесін басқару туралы ереженің 64-бабы бойынша жауапкершілікке тартылды (ҚР ОМА, 154-қ., 2-т., 3-іс, 117-п.). Маддаhtar патша билігінің орнауына дейін халық арасында түрлі жыр-дастандар мен тарихи оқиғаларды айтумен кәсіби түрде айналысқаны белгілі. Яғни, империя шенеуніктері жергілікті халықтың салт-дәстүрін түсінудің орнына тыйым салуды жөн көрді (Котюкова, 2016: 569-570).

1899 жылдың қыркүйек айында Түркістан генерал-губернаторы өзінің қарамағындағы облыстардың әскери губернаторларға «мұсылман секталарының» өкілдері болып табылатын ишандардың өздерінің қатарына мүридтерді тарту мен халықтан нәзір жинауын тоқтатуды бұйырады. Қазалы уезінің шенеунігі Арзамасов уезді аралау нәтижесінде Ақтөбе болысындағы мешітте Рахманберді, Қаракөл болысында Орал есімді ишанның мешіттерде қызметін айтып, екеуі де Бұхарада білім алғаны және халық арасында құрметке ие жайында ақпарат береді (ҚР ОМА, 267-қ., 1-т., 285^а-іс, 1-2-пп.).

Патша шенеуніктері мен империя саяхатшылары молдалар мен ишандардың қоғамдағы орны мен қызметімен объективті танысудың орнына діни қызметкерлерді алдын ала «надан» және «парақор» ретінде сипаттаумен айналысты. Осы тұста И. Гейер мұсылмандардың өміріне атүсті қарамай, салыстырмалы түрде жергілікті халықтардың тілін меңгеру арқылы оның қыр-сырын меңгеруге шақырады. Керісінше, ишандар қарапайым халыққа көмек беріп, олардың пірлері болғаны сөз етіледі. Ал халықтардан жиналған қайыр-садақалар ишандардың қалғасына емес, мұқтаж жандарға үлестірілгені анықталған. 1892 жылғы тырысқақ індеті кезінде ташкенттік ишан Ет-иймас (Ишан Баба Ахунд Шадман Ходжа Ишанов) Шымкент пен Перовскіге (Ақмешіт) дейінгі аумақта өмір сүретін қазақ жұртына қолынан келген көмегін аямады. Тағы бір ташкенттік ишан Абул Касымның медресесінде 150-200 шәкірт болған. Қазалы уезінде ишандар қарапайым халықтың ағарту ісіне қосқан үлесі жоғары болған. Ходжамберды Ахунның Қазалы қаласы мен ауылдарда бірнеше мешіті болды (Нуртазина, 2008: 33-35, 37).

Шектеу шаралары жерлеу орындарын да қамтыды. Империя шенеуніктерінің жергілікті жерлеу ережелеріне қарсы болуы және еуропалық талаптарды орнатуы патша билігі мен мұсылман қауымы арасындағы қарым-қатынастың орнауына тағы бір кедергіге айналды. 1907 жылдың 21 қыркүйегінде Сырдария облысы басқармасының отырысында Түркістан қаласының шаруашылық бөлімінің өтінішін қарайды. Өтініште бөлім мүшелері айтуынша, Түркістан қаласының мұсылман жерлеу орындары «антигигиеналық» және адам мәйіттерінің терең етіп жерленбейтіндігі-мыс (әрине, кейбір келенсіз әдеттердің астарында асқынған элеуметтік жағдай болуы мүмкін). Басқарма өтінішті талқылау нәтижесінде заң баптарын келтіре отырып, мазардың тұрғылықты үйлерден кем дегенде 100 сажын жерде (213,36 м) және адам мәйіті кем дегенде 2,5 аршин (1,78 м) тереңдікте жерленуі туралы бұйрық береді. Осыған байланысты басқарма мазарларды жабу, қаладан тысқарыда орналасқан 4 жерлеу учаскесін бөліп беру және оларды қоршау туралы үкім жасайды (ҚР ОМА, 145-қ., 1-т., 686-іс, 163-164-пп.).

Добросмыслов еңбегінде мазарлардың қаланың мұсылман бөлігінде шашыраңқы екендігін айта отырып, санитарлық мақсатта ретке келтіруге шақырады. Талдай келе, жоғарыдағы орыс әкімшілігінің қаулысы қағаз жүзінде қалғандығы немесе мұсылман мазарлары жабылса да, оның ретке келтірілмегені туралы тұжырым жасай аламыз (Добросмыслов, 1912: 132).

Осыған ұқсас жағдай 1883 жылы орын алды: Түркістан уезі басшысының Сырдария облысының әскери губернаторына жолдаған рапортында мәйіттерді кесене ішінде жерлеудің нәтижесінде жағымсыз иістің тұратыны туралы айтады. Сонымен қатар кесене ішінде Сібір мен Түркістан өңірінің игі-жақсылары жерленгені жайында сөз қозғалады. Нәтижесінде 1883 жылдың 9 наурызында Сырдария облысының әскери губернаторы уез басшысына кесенеді жерлеуді тоқтатуды бұйырады. Әзірет Сұлтан мешітінің шырақшылары орыс әкімшілігіне



болашақта кесене ішінде жерлемейтіндігі туралы қолхат бергені (ҚР ОМА, 119-қ., 1-т., 196-іс, 1-6-пп.).

Патша билігінің кесене ішінде жерлеуді тоқтатудың себептеріне келсек, рапортта айтылғандай, Әзірет Сұлтан кесенесіне алыс-жақын жерлерден мұсылмандар ағылатыны белгілі. Империя билігі кесенеде жерлеу рәсімдерін тоқтату арқылы сылтау тауып Ясауи культін, мұсылмандардың рухани бірлігін үзіп, бөлшектеуді мақсат еткені сөзсіз. Екіншіден, жаулаушылар мен жергілікті халықтың ритуалдық түсініктерінің тым бөлек екені ескерілмеді. Үкімет мұсылмандардың рухани өмірін осылай реттеу арқылы империяның құндылықтары мен түсініктерін ұстанушы азаматтарды қалыптастырғысы келді.

Қорытынды. Түркістан жеріндегі конфессиялық саясат ерекше саяси, мәдени-этникалық ортада қалыптасты. Патша билігі жергілікті ислам діни орталықтарының беделінен, Түркістан әулиесі Ясауидің орасан зор ықпалына сескеніп, басында шектеу шараларын ашық түрде жүзеге асыруға батылы бармады. Британдық тарихшы А. Моррисонның тұжырымдауынша, Ресей империясы ортаазиялық мұсылмандарды «фанатиктер» ретінде есептеуі де-факто Түркістан өңіріндегі билігін нығайтуға кедергі жасады. Ал британдықтар Үндістан жерінде индуистердің орнына саны жағынан аз мұсылмандарды қолдап, реформаторларына кедергі жасаған жоқ. Керісінше, өздерін Ұлы Моғолдардың ісін жалғастырушы ретінде санап, урду тілінің әдеби тіл ретінде дамуына жағдай жасады. Осының нәтижесінде британдықтар ресейліктерге қарағанда өз отарында едәуір жетістіктерге жетті (Morrison, 2008: 87). Әрине, осы бағыттағы салыстырмалы теориялық зерттеулер жалғаса беруге тиіс.

Сөйтіп, Ислам дініне «араласпау», елемегену енжар саясаты Әндіжан оқиғасынан соң исламды белсенді шектеу әрі қудалау доктринасымен алмастырылды. Бұл доктрина прагматикалық себептерге де байланысты негізделді. Өйткені жергілікті мұсылман қоғамының өмірін реттеуге бағытталған институттардың қызметіне жұмсалатын қаржы үнемделді. Екінші жағынан, жергілікті консервативтік тәртіптің сақталуы орыс губерниялардың тұрғындары ие шектеулі азаматтық құқықтың өзінің аймақта таралмауына жағдай жасады. Бұл өз кезегінде империяның Шығыстағы басқыншылық әрекеттерін аз шығынмен жүзеге асыруға мүмкіндік берді (Crews, 2006: 292).

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві
ПСЗРИ – Полное собрание законов Российской империи

Әдебиеттер

Бабаджанов, 2010 – Бабаджанов Б.М. Кокандское ханство: власть, политика, религия. Токио, Ташкент: Yangi nashr, 2010. 744 с.

Бартольд, 1966 – Бартольд В.В. Сочинения. Т. 2. Ч. 1: Общие работы по истории Средней Азии: Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Москва: Издательство Восточной литературы, 1966. 784 с.

Бендриков, 1960 – Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане. (1865-1924 гг.). Москва: Изд-во Акад. пед. наук РСФСР, 1960. 512 с.

Вербовский, 1911 – Положение об управлении Туркестанского края / сост. В.Т. Вербовский. Ташкент: Тип. при канцелярии туркестанского генерал-губернатора, 1911. 99 с.

Добросмыслов, 1912 – Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-ата и Чимкент. Ташкент: Эл-пар. типо-лит. О.А. Порцева, 1912. 204 с.

Добросмыслов, 1912 – Добросмыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем: исторический очерк. Ташкент: Эл-пар. типо-лит. О.А. Порцева, 1912. 520 с.

Духовской, 1899 – Духовской С.М. Всеподданнейший доклад Туркестанского генерал-губернатора генерала от инфантерии Духовского: Ислам в Туркестане. Ташкент: [Б.и.], 1899. 20 с.

Котюкова, 2016 – Туркестан в имперской политике России: монография в документах / отв. ред. Т.В. Котюкова. Москва: Кучково поле, 2016. 878 с.

Котюкова, 2016 – Котюкова Т.В. Окраина на особом положении... Туркестан в преддверии драмы. Москва: Научно-политическая книга, 2016. 391 с.

Масальский, 1913 – Туркестанский край / сост. В.И. Масальский. Санкт-Петербург: Издание А.Ф. Девриена, 1913. 861 с.



Мухаметшин Ф.М., Абашин С.Н., Арапов Д.Ю., 2013 – Мухаметшин Ф.М., Абашин С.Н., Арапов Д.Ю. и др. Россия – Средняя Азия: Политика и ислам в конце XVIII – начале XXI века. Москва: Издательство Московского университета, 2013. 480 с.

Литвинов, 1998 – Литвинов П. Государственно-религиозные и этноконфессиональные отношения в Туркестане (1865-1917): по архивным материалам. Автореферат диссертации на соискание ученой степени д.и.н. Москва, 1998. 52 с.

Наливкин, 1913 – Наливкин В.П. Туземцы раньше и теперь. – Ташкент: Туркестанское издательство Печатного Дела, 1913. 115 с.

Нуртазина, 2008. – Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). Алматы: Қазақ университеті, 2008. 166 с.

Остроумов, 1899 – Остроумов Н.П. Константин Петрович фон-Кауфман – устроитель Туркестанского края: личные воспоминания Н. Остроумова (1877-1881 гг.). Ташкент: Типо-лит. Ф. и Г. бр. Каминских, 1899. 286 с.

Проект всеподданнейшего отчета ген.-адъютанта К.П. фон Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства: 7 нояб. 1867 - 25 марта 1881 г. Санкт-Петербург: Воен.-учен. ком. Гл. штаба, 1885. 503 с.

Рүстемов, 1997. - Рүстемов С.К. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: тарих ғыл. канд. дис. Алматы. 1997. 179 б.

Садвокасова, 2005 – Садвокасова З.Т.. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии. Алматы: Дарын, 2005. 277 с.

Саид, 2006 – Саид Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока. Санкт-Петербург: Русский Мирь, 2006. 640 с.

Терентьев, 1903 – Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т. 1. Санкт-Петербург: Типолитография В.В. Комарова, 1903. 510 с.

Терентьев, 1903 – Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т. 2. Санкт-Петербург: Типолитография В.В. Комарова, 1906. 547 с.

Хобсбаум, 1999 – Хобсбаум Э. Век Империи. 1875-1914. Ростов-на-Дону: Феникс, 1999. 512 с.

Шушкова, 2015 – Шушкова М.Е. Организация управления Туркестаном в начале XX века. Диссертация на соискание к.и.н. Москва, 2015. 313 с.

Эркинов, 2013 – Эркинов А. Религиозная политика Российской империи в Туркестане: «Очерк о хутбе за русского царя» Н.П. Остроумова // Известия Уральского федерального университета, №2. 2013. С. 123-133.

Brower, 2003 – Brower D. Turkestan and the fate of the Russian empire. New York: Routledge Curzon, 2003. 213 p.

Crews, 2008 – Crews R. For Prophet and Tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. Cambridge, Massachusetts, London: Harvard University Press, 2006. 463 p.

Morrison, 2008 – Morrison A. Russian rule in Samarkand, 1868-1910: a comparison with British India. Oxford: Oxford University Press, 2008. 364 p.

Radjabov, 2007 – Radjabov K.K. Struggle for Independence in Turkestan and Muslim Clergy // Oriente Moderno, 87(1). 2007. 177-188.

Sahadeo, 2007 – Sahadeo J. Russian colonial society in Tashkent, 1865–1923. Bloomington: Indiana University Press, 2007. 316 p.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
PSZRI - Polnoye sobraniye zakonov Rossiyskoy imperii (Complete collection of laws of the Russian Empire)

References

Babadzhanov, 2010 – Babadzhanov B.M. Kokandskoye khanstvo: vlast', politika, religiya [Kokand khanate: power, politics, religion]. Tokio, Tashkent: Yangi nashr, 2010. 744 с. [in Rus.]

Bartold, 1966 – Bartold V.V. Sochineniya. T. 2. CH. 1: Obshchiye raboty po istorii Sredney Azii: Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoy Yevropy [General works on the history of Central Asia: Works on the history of the Caucasus and Eastern Europe]. Moskva: Izdatel'stvo Vostochnoy literatury, 1966. 784 s. [in Rus.]

Bendrikov, 1960 – Bendrikov K.Ye. Ocherki po istorii narodnogo obrazovaniya v Turkestane. (1865-1924 gg.) [Essays on the history of public education in Turkestan (1865-1924)]. Moskva: Izd-vo Akad. ped. nauk RSFSR, 1960. 512 s. [in Rus.]



Dobrosmyslov, 1912 – Dobrosmyslov A.I. Goroda Syr-Dar'inskoy oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Auliye-ata i Chimkent [Cities of the Syr-Darya region. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Auliye-ata and Chimkent]. Tashkent: El-par. tipo-lit. O.A. Portseva, 1912. 204 s. [in Russian]. [in Rus.]

Dobrosmyslov, 1912 – Dobrosmyslov A.I. Tashkent v proshlom i nastoyashchem: istoricheskiy ocherk [Tashkent in the past and present]. Tashkent: El-par. tipo-lit. O.A. Portseva, 1912. 520 s. [in Rus.]

Dukhovskoy, 1899 – Dukhovskoy S.M. Vsepoddanneyshiy doklad Turkestanskogo general-gubernatora generala ot infanterii Dukhovskogo: Islam v Turkestane [The most submissive report of the Governor-General of Turkestan, Infantry General Dukhovskoi: Islam in Turkestan]. Tashkent: [B.i.], 1899. 20 s. [in Rus.]

Kotyukova, 2016 – Kotyuokova T.V. (ed.). Turkestan v imperskoy politike Rossii: monografiya v dokumentah. Moskva: Kuchkovo pole, 2016. 878 s. [in Rus.]

Kotyukova, 2016 – Kotyukova T.V. Ukraina na osobom polozenii... Turkestan v preddverii dramy. Moskva: Nauchno-politicheskaya kniga, 2016. 391 s. [in Rus.]

Masalskiy, 1913 – Masalskiy V.I (ed.). Turkestanskiy kray. sost. V.I. Masalskiy. Sankt-Peterburg: Izdanie A.F. Devriena, 1913. 861 s. [in Rus.]

Muhametshin F.M., Abashin S.N., Arapov D.YU. and others, 2013 – Muhametshin F.M., Abashin S.N., Arapov D.YU. i dr. Rossiya – Srednyaya Aziya: Politika i islam v kontse XVIII – nachale XXI veka. Moskva: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta, 2013. 480 s. [in Rus.]

Litvinov, 1998 – Litvinov P.P. Gosudarstvenno-religioznye i etnokonfessional'nyye otnosheniya v Turkestane (1865-1917 gg.): po arkhivnym materialam [State-religious and ethno-confessional relations in Turkestan (1865-1917: based on archival materials)]. Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni d.i.n. Moskva, 1998. 52 s. [in Rus.]

Nalivkin, 1913 – Nalivkin V.P. Tuzemtsy ran'she i teper [Natives then and now]. – Tashkent: Turkestanskoye izdatel'stvo Dela Pechatnogo, 1913. 115 s. [in Rus.]

Nurtazina, 2008 – Nurtazina N.D. Narody Turkestana: Problemy Islama, naivysshego dostizheniya i dekolonizatsii (na rubezhe XIX-XX vekov) [The peoples of Turkestan: Problems of Islam, the integration of modernization and decolonization (at the turn of the XIX-XX centuries)]. Almaty. Kazak universiteti, 2008. 166 s. [in Rus.]

Ostroumov, 1899 – Ostroumov N.P. Konstantin Petrovich fon-Kaufman – ustroitel' Turkestanskogo kraja: prekrasnyye oshchushcheniya N. Ostroumova (1877-1881 gg.) [Konstantin Petrovich von Kaufman - organizer of the Turkestan region: personal memoirs of N. Ostroumov (1877-1881)]. Tashkent: Tipo-lit. F. i G. br. Kaminskikh, 1899. 286 s. [in Rus.]

Verbovskiy, 1911 – Verbovskiy V.T. (ed.). Polozheniye ob upravlenii Turkestanskogo kraja [Regulations on the administration of the Turkestan region]. sost. V. T. Verbovskiy. Tashkent: Tip. pri kantselyarii turkestanskogo general-gubernatora, 1911. 99 s. [in Rus.]

Proyekt vsepoddanneyshogo otcheta gen.-ad"yutanta K.P. fon Kaufmana po grazhdanskomu upravleniyu i ustroystvam v obnovlenii Turkestanskogo general-gubernatorstva: 7 noyab. 1867 - 25 marta 1881 g. [Draft of the most obedient report of Adjutant General K.P. von Kaufmann on civil administration and organization in the regions of the Turkestan Governor-General: 7 Nov. 1867 - March 25, 1881]. Sankt-Peterburg: Voyen-uchen. kom. gl. shtaba, 1885. 503 s. [in Rus.]

Rustemov, 1997. - Rustemov S.K. XX gasyr basyindagi Kazakstannyn kogamdyk-sayasi omirindegi musyilmadyk kozgalys [the Muslim movement in the socio-political life of Kazakhstan in the early XX century]: tarih gyl. kand. dis. Almaty. 1997. 179 b. [in Kaz.]

Sadvokasova, 2005 – Sadvokasova Z.T. Duhovnaya ekspansiya tsarizma v Kazahstane v oblasti obrazovaniya i religii [Spiritual expansion of tsarism in Kazakhstan in the field of education and religion]. Almaty: Daryn, 2005. 277 s. [in Rus.]

Said E.V. Oriyentalizm. Zapadnyye poiski Vostoka [Orientalism. Western conceptions of the Orient]. Sankt-Peterburg: Russkiy Mir", 2006. 640 s. [in Rus.]

Terent'yev M.A. Istoriya sokhraneniya Sredney Azii [History of the conquest of Central Asia]. T. 1. Sankt-Peterburg: Tipolitografiya V.V. Komarova, 1903. 510 s. [in Rus.]

Terent'yev M.A. Istoriya sokhraneniya Sredney Azii [History of the conquest of Central Asia]. T. 2. Sankt-Peterburg: Tipolitografiya V.V. Komarova, 1906. 547 s. [in Rus.]

Khobsbaum, 1999 – Khobsbaum E. Vek Imperii. 1875-1914 gg. [The Age of Empire (1875-1914)]. Rostov-na-Donu: Feniks, 1999. 512 s. [in Rus.]

Shushkova, 2015 – Shushkova M.Ye. Organizatsiya upravleniya Turkestanom v nachale XX veka [Organization of administration of Turkestan at the beginning of the 20th century]. Dissertatsiya na soiskaniye k.i.n. Moskva, 2015. 313 s. [in Rus.]

Erkinov, 2013 – Erkinov A. Religioznaya politika Rossiyskoy imperii v Turkestane: «Ocherk o hutbe za russkogo tsarya» N.P. Ostroumova [Religious policy of the Russian Empire in Turkestan: N.P. Ostroumov's "Essay on Khutba for the Russian Tsar"] // Izvestiya Uralskogo federalnogo universiteta, №2. 2013. S. 123-133. [in Rus.]



Brower, 2003 – Brower D. *Turkestan and the fate of the Russian empire*. New York: Routledge Curzon, 2003. 213 p. [in Eng.]

Crews, 2008 – Crews R. *For Prophet and Tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia*. Cambridge, Massachusetts, London: Harvard University Press, 2006. 463 p. [in Eng.]

Morrison, 2008 – Morrison A. *Russian rule in Samarkand, 1868-1910: a comparison with British India*. Oxford: Oxford University Press, 2008. 364 p. [in Eng.]

Radjabov, 2007 – Radjabov K.K. *Struggle for Independence in Turkestan and Muslim Clergy // Oriente Moderno*, 87(1). 2007. 177-188. [in Eng.]

Sahadeo, 2007 – Sahadeo J. *Russian colonial society in Tashkent, 1865–1923*. Bloomington: Indiana University Press, 2007. 316 p. [in Eng.]



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 4, pp.744-754, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

IRSTI / FTAXP/ МРНТИ03.01.09
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_744-754

ЕЛДЕС ОМАРОВ: ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТҰЛҒА (ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ)

Эльмира Төлегенқызы Нұрпейісова¹, Еркін Аманжолұлы Әбіл², Дилишодбек Жамолитдинович Ураков³

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 47-ші үй, Байтұрсынов көш., 110000, Қостанай, Қазақстан.

ҚӨУ докторанты

<https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

²Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі, Парламент Мәжілісінің Үйі, Мәңгілік Ел 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Депутат, тарих ғылымдарының докторы, профессор

<https://orcid.org/0000-0001-8722-3992> E-mail: yerkinabil@gmail.com

³Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, университетская көш. 4 үй, 100174, Ташкент, Өзбекстан.

«Әлем тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы

<https://orcid.org/0000-0003-2977-001X> E-mail: urakov.d.nuuz@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Нұрпейісова Э.Т., Әбіл Е.А., Ураков Д.Ж., 2023

Андатпа. Кіріспе. Мақалада ХХ ғасырдың басында қазақ халқының ұлт-азаттық күресі кезеңінде пайда болған "Алаш" қозғалысының белсенді мүшесі, ағартушы және публицист Елдес Омаровтың өмірі мен қызметі баяндалады. Материалдар мен әдістер. Елдес Омаровтың өмірі мен қызметін баяндайтын мұрағат деректері талданып, зерттеулер мен еңбектер мазмұны ашылады. Талқылау. Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулер бағытындағы басым тақырыптар ХХ ғасыр тарихының, Алаш қозғалысының, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметінің проблемаларына және алаштанудың өзекті мәселелеріне арналған. Отандық ғалымдар сол заманның ірі қоғам қайраткерлерінің өмір жолын, ғылыми мұраларының құндылығын көрсетіп, олардың тарих ғылымындағы алар орны мен қайраткерлігіне тоқталады. Нәтижелері. Қазақстан мен Ресей мұрағаттарынан алынған құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Оларды талдау Е. Омаровтың тұлғасын толыққанды зерттеуге, оның тарихи тұлға ретіндегі Қазақстан тарихы үшін маңызы анықтауға көмектесті. Отандық және шетелдік ғалымдарың Е. Омаровқа қатысты еңбектері талданды. Қорытынды. Тарих толқынындағы тұлға - Елдес Омаров ағартушылық, шығармашылық қызметі арқасында халықтың білім мен ғылымға, болашақ ұрпаққа аманат болып қаларлық еңбектер жазды, ағарту саласына зор үлесін қосты.

Кілт сөздер: Елдес Омаров, қайраткер, Алаш, тұлға, мұрағат, тарихнама.

Дәйексөз үшін: Нұрпейісова Э.Т., Әбіл Е.А., Ураков Д.Ж. Елдес Омаров: тарих толқынындағы тұлға // Отан тарихы. 2023. Т.26. №4. С. 744-754. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_744-754



ELDES OMAROV: PERSONALITY IN THE FLOW OF HISTORY (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW)

Elmira Nurpeissova¹, Yerkin Abil², Urakov D. Urakov³

¹Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly, Tauelsizdik Street 188, 110000, Kostanay, Kazakhstan.

PhD student

<https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

²Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, The House of Parliament, Mangilik Yel St. 2, 010000, Astana, Kazakhstan.

doctor of historical sciences, professor.

<https://orcid.org/0000-0001-8722-3992> E-mail: yerkinabil@gmail.com

³National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek, University Street, 4, 100174, Tashkent, Uzbekistan

Head of department of "World History" doctor of historical sciences

<https://orcid.org/0000-0003-2977-001X> E-mail: urakov.d.nuuz@gmail.com

Annotation. *Introduction.* The article describes the life and work of eldes Omarov, an active member of the Alash movement, educator and publicist, who emerged at the beginning of the twentieth century during the national liberation struggle of the Kazakh people. *Materials and research methods.* Archival data about the life and work of eldes Omarov are analyzed, the content of research and works is revealed. *Discussion.* Currently, the priority topics in the direction of scientific research are devoted to the problems of the history of the XX century, the Alash movement, the life and activities of Alash figures and topical issues of Alash studies. Domestic scientists show the life path of the largest public figures of that time, the value of their scientific heritage, and focus on their place and figure in historical science. *The results.* Documents from the archives of Kazakhstan and Russia were put into scientific circulation. Their analysis helped to fully study the personality of E. Omarov, to determine his significance for the history of Kazakhstan as a historical person. The works of domestic and foreign scientists related to E. Omarov were analyzed. *Conclusion.* A person on the wave of history - Eldes Omarov, thanks to his educational and creative activity, wrote Interesting works that were entrusted to the education and science of the People, future generations, and made a great contribution to the field of Education.

Key words: Eldes Omarov, activist, Alash, personality, archives, historiography.

For citation: Nurpeissova E., Abil Y., Urakov D. Eldes Omarov: personality in the flow of history (historiographical review) // Otan tarikhy. 2023 Vol. 27. No. 4. Pp. 744-754 (in Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_744-754

ЕЛДЕС ОМАРОВ: ЛИЧНОСТЬ В ПОТОКЕ ИСТОРИИ (СТЕПЕНЬ ИЗУЧЕННОСТИ)

Эльмира Тулегеновна Нурпеисова¹, Еркин Аманжолович Абиля², Дилиодбек Жамолитдинович Ураков³

¹Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 47дом, улица Байтұрсынова, 110000, Костанай, Қазақстан.

Докторант КРУ

<https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

²Мажилис Парламента Республикасы Қазақстан, Дом Мажилиса Парламента, Мәңгілік Ел 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Депутат, доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0001-8722-3992> E-mail: yerkinabil@gmail.com

³Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека, 4 дом, улица университетская, 100174, Ташкент, Узбекистан.

заведующий кафедрой «Всемирная история», доктор исторических наук

<https://orcid.org/0000-0003-2977-001X> E-mail: urakov.d.nuuz@gmail.com

Аннотация. Введение. В статье рассматривается жизнь и деятельность просветителя и публициста Елдеса Омарова, как активного члена движения «Алаш», возникшего в начале



XX века в период национально-освободительной борьбы казахского народа. Материалы и методы. Анализируются архивные данные, рассказывающие о жизни и деятельности Елдеса Омарова, раскрывается содержание исследований и трудов. Обсуждение. В настоящее время приоритетные темы научных исследований посвящены проблемам истории XX века, а именно движению «Алаш», жизни и деятельности деятелей «Алаш» и актуальным вопросам алаштану. Отечественные ученые отмечают жизненный путь, ценность научного наследия общественных деятелей того времени, их место и роль в исторической науке. Результаты. Впервые были введены в научный оборот документы из архивов Казахстана и России. Их анализ помогает полноценно изучить личность Е. Омарова, определить его значение и роль в истории Казахстана. Проанализированы труды отечественных и зарубежных ученых, освещающие жизнь и деятельность Е. Омарова. Выводы. Личность в потоке истории - Елдес Омаров, благодаря своей просветительской, творческой деятельности, написал замечательные произведения для народа, внес большой вклад в сферу просвещения.

Ключевые слова: Елдес Омаров, деятель, Алаш, личность, архив, историография.

Для цитирования: Нурпеисова Э.Т., Абилов Е.А., Ураков Д.Ж. Елдес Омаров: личность в потоке истории (степень изученности) // Отан тарихы. 2023 Т. 26. No 4. С. 744-754 (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_744-754

Кіріспе. XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлт-азаттық күресі кезеңінде пайда болған «Алаш» қозғалысы - дәуірлік құбылыс. Оның қызметі, идеялары, бағдарламалары ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуының іргелі негіздерін қалады. Қозғалыс жетекшілері мен қатысушылары туған халқының мүдделерін жанқиярлықпен қорғады, оның өмір сүру және тәуелсіз саяси даму құқықтарын қорғады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халық біртіндеп XX ғасырдың барлық оқиғаларын, соның ішінде «Алаш» қозғалысымен байланысты оқиғаларды еске ала алды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарындағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (Тоқаев, 2021: 2) атты мақаласында кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым алу қажеттілігі туралы және олардың өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болғандығы айтылған. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру мәселесі көтерілген. Себебі, Алаш қозғалысының қайраткерлері мен қазақ басқарушы элитасының, ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. Көптеген жылдар бойы бұл тақырыптарда зерттеу жүргізуге, сөз қозғауға тыйым салынды. Әлі күнге дейін барлық құжаттар жария етілмеген, қатысушылардың толық тізімі жасалмаған, есімдері аталмаған.

Мысалы, толық зерттелмеген есімдер қатарында жерлесіміз Елдес Омаров та бар. Оның Алаш зиялыларының ұлы шоғырында алатын орны ерекше. Ол - өз ұлтын сүйген патриот, туған халқының мүддесі үшін адал қызмет еткен ағартушы - ғалым, публицист және шебер аудармашы.

Бірақ, Е. Омаровтың өмір жолы жемісті еңбектермен қатар қасіретке де толы болды. Ол саналы түрде өзі таңдаған жолынан ауытқымай, ел болашағы үшін құрбан болса да, ұзақ жылдар бойы ұлтына беймәлім болып келді. Сондықтан, Елдес Омаровтың өмірі мен қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметін тарихи тұрғыдан зерттеу қазіргі заман талабы қажет етіп отырған өзекті мәселе.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 1920-1936 жылдар аралығын қамтитын 81-қор Қырғыз (Қазақ) АССР Халық ағарту комиссариаты (Орынбор қ.), Елдес Омаровтың жеке Ісін қамтитын Р-95 қор және Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің Қырғыз (қазақ) халық Ағарту институт ұжымының тізімі мен жарлығы жайлы құжаттарды қамтитын А-1565 қоры құрады.

Ал тарихнамасын талдауда бірқатар тарихнамалық деректер, соның ішінде С. Сейфуллиннің (Сейфуллин, 1927) Г. Дулатованың (Жұлдыз, 1994), Т. Кудерина-Насовнаның (Кудерина-Насонова, Кудерина, 1994) естеліктері, А. Мектептегі (Жалын, 1996), А. Шаяхмет пен М. Шуақиевтың (Шаяхмет, Шуақиев, 2017), К. Нұрпейісовтің (Нұрпейісов, 1995), Т. Жұртбайдың (Жұртбай, 2008), Д. Қамзабекұлының (Тілешов, Қамзабекұлы, 2014),



С. Смағұлованың (Смағұлова, 2019), М. Қозыбаеваның (Қозыбаева, 2019) және т.б. монографиялар, ғылыми мақалалар, мерзімді және мерзімді емес басылымдар оның деректік базасын құрады.

Мәселені толыққанды зерттеу мақсатында деректану мен тарихнаманың тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы әдіснамалық қағидалары қолданылды. Жалпы әдіснамалық қағидалар және әмбебап зерттеу бағыттары мұрағат қорларын және жеке тектік қор құжаттарын алдын-ала анықтауға және соның негізінде зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Зерттеуде арнайы тарихнамалық әдістер тарихнамалық талдау, синтездеу, фактілік, сыни, тұжырымдамалық, контент талдау, мазмұндық талдау, жүйелеу кеңінен пайдаланылды.

Талқылау. Кеңестік тарихнамада ұлттық қозғалыстар, саяси партиялар тым біржақты, қатаң таптық көзқарастар тұрғысынан жазылғандығы белгілі. Оларда негізінен, марксистік доктрина қағидаларының дұрыстығы, большевиктердің бағыт - бағдарының толықтай салтанат құрғаны концептуалды тұжырым ретінде басшылыққа алынды. Соған байланысты, Кеңес Одағында пролетариаттың диктатурасы мен бірпартиялық жүйенің орнауы заңдылық болып есептелді. Таптық, партиялық жетекшілік ерекшеленіп, жеке тұлғалар мен қайраткерлер рөлі ескерілмеді. Тек ұлттық санамыздың қайта жаңғырған тұсында ғана төл тарихымыз жанданып, ақиқаты айтылмаған тарихи құбылыстар қайта қаралып, оларға шынайы баға беруге талпыныс күшейе түсті.

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулер бағытындағы негізгі басым тақырыптар ХХ ғасыр тарихының, Алаш қозғалысының, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметінің проблемаларына және алаштанудың өзекті мәселелеріне арналған. Бұл бағытта М.Қозыбаев, К.Нұрпейісұлы, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, Х.Әбжанов, Т.Жұртбай, Б.Аяған, Д. Аманжолова, Т.Хазретәлі, М.Құлмұхамед, Д.Қамзабекұлы, Сұлтан-Хан Аққұлы, З.Дүкенбаева, С.Смағұлова т.б. зерттеулерінде белгілі ғалымдардың, ірі қоғам қайраткерлерінің өмір жолын, ғылыми мұраларының құндылығын көрсетіп, олардың тарих ғылымындағы алар орны мен қайраткерлігіне тоқталады.

Жанама дерек беретін, Алаш қозғалысы тарихын, ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін және Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеуге арналған көптеген диссертациялық еңбектерде Елдес Омарұлының есімі ғана кездеседі (Абикенова, 2007, Байдалы, 2018).

1937 жылғы тоталитарлық жүйе құрбаны болған Е. Омаровтың есімі мен ағартушылық мұрасы көп жылдар бойы өткен тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерінің қатарында болып келгендігі бұл тақырыптың заман талабына сай қайта талдануы қажеттілігін айқындай түседі.

Нәтижелері. Сонымен, Елдес Омаров деген кім? Неліктен біз оны тарих толқынындағы тұлғалар қатарына жатқызамыз? Ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандырып, оның дамуына айтарлықтай әсер етіп, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес.

Елдес Омаров Қостанай уезінің Дамбар болысының Қожай (№13) ауылында туған (қазіргі Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы, Белинский ауылы). Оның туған күні туралы бірнеше мәлімет кездеседі: кейбір құжаттарда 1892 жылдың 29 ақпаны жазылса, тағы бір құжаттарда 1 наурыз деп көрсетілген. Елдес қарапайым шаруа отбасында өсті. Әкесі-Омар бай қатарында болмаса да, Тобыл жағалауында мал мен кең жайылымдардың иесі болған. Оның төрт баласы болды: үш ұлы мен қызы. Үлкендері - Елдес пен Ескендір әр уақытта қуғын-сүргінге ұшырады, ал кіші ұлы Әбдеш 1948 жылы аурудан қайтыс болды, қызы Марияш қана қартайып, 1990 жылы қайтыс болды (Шуақаев, Шаяхмет, 2017:3). Елдес алғашқыда молдадан хат тануды үйренсе, содан кейін 1907 жылы Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін үздік бітіреді. Аталған училищені бітіргеннен кейін мекеме меңгерушісінің 1907 жылы №335 Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінің инспекторы атына жазған өтініші арқасында Орынборға оқуға түседі (ҚР ОМА Р-95-қ., 1-т., 170-іс, 6-п). Аталған мекемеде Елдес 4 жыл бойы оқып, 1911 жылы бітіреді. Сол жылы қыркүйек айының 3 жұлдызынан бастап Халық училищелер инспекторының қаулысымен түлек Елдес Омаров Торғай уезінің Добай ауылдық мектебінің мұғалімі қызметіне тағайындалады (ҚР ОМА Р-95-қ., 2-т., 279-іс, 9-п). Мұғалім қызметінде 1911-1914 жылдары арлығында жұмыс жасайды, ал 1914 жылдың



I маусымынан бастап Орынбор окружной сотына Қосмұхамед Шуақиевтің орнына аудармашы қызметіне сайланады (Оренбург окружной сотына..., 1914: 4). 1917 жылдың ақпанына дейін жергілікті сот кеңсесінде қызмет етті. Содан кейін ол Минскідегі земство одағының хатшысы қызметіне шақырылды. Орынборда бас қосқан қазақ зиялылары ұлтты аман сақтау үшін жалпы қазақ съезін шақырайық деген пәтуға келгенде, Алашорда мүддесі үшін құрылған ұйымдастыру алқасындағы бес адамның бірі - Елдес Омаров болды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сағындық Досжановтардың жанынан табылған Елдес 1918-1919 жылдары Алашорданың Қостанай уезіндегі комиссары болған еді. Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссарының көмекшісі, Торғай облыстық Азаматтық комитетінің төрағасы, Торғай облыстық земство төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Елдес Омаровтың «еңбек кітапшасында» 1922-1926 жылдары Академиялық Орталықтың қызметкері әрі алғашқыда Орынбордағы кейін Қызылордаға көшірілген Қазақ Халық ағарту институтында (Казахский институт народного образования-КИНО) оқытушы болып істеді делінген. Аталған оқу орны 1919 жылы арнайы орта оқу орны ретінде Орынборда ашылып, жұмыс жасады. Бастапқыда оқу орны Қырғыз халық ағарту институты деп аталды. Оқу жоспары және білім беру бағдарламалары бойынша сабақ тек қазақ тілінде жүргізілді. Партия және совет орындары институттың материалдық базасын, оқушылардың тұрмыс жағдайын жақсарту, оқытушылармен қамтамасыз етуге зор қамқорлық жасады. 1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. Ағарту институтында мемлекет және қоғам қайраткерлері Сейітқали Меңдешев, Темірбек Жүргенов, Құдайберген Жұбанов, Молдағали Жолдыбаев, т.б. дәріс берген. Пәндер қаулы бойынша бөлініп, оқытушыларға бекітіліп берілген. Елдес Омаров аталған оқу орнында 1 кластағы 2 сағаттық Физика пәнін және 2 кластағы 2 сағаттық Физика пәні мен 7 сағаттық Математика пәнінен сабақ берген (РФ МА А1565-қ., 6-т., 294-іс, 6-п). Физиканы өзінің авторлық бағдарламасы бойынша оқытқан (РФ МА А1565-қ., 6-т., 294-іс, 14-п).

Жалпы, Елдес Омаров математика, алгебра, физика, тригонометрия және геометрия бойынша көптеген оқулықтардың авторы. Автор оларды орыс, неміс тілдерінен аударып, өңдеп, өзі жазды. Ол көптеген терминдерді қазақ тіліне аударып жазады. Мысалы, геометрия - пішіндеме, теорема - түйін, трапеция - қостабан және т.б. Аударма ісімен де белсене айналысқан ол 1926-27 жылдары қазақ тіліне Азаматтық және Жер Кодекстерін аударды.

Ғалым көптеген еңбектерін орыс тілінде жазады. Олардың ішінде: «Ученая деятельность Ахмета Байтурсынова», «Упражнения по синтаксису», «О сочетании звуков казахского языка», «Новые правила о казахском шрифте» және т.б.

Ғалым зерттеуінің келесі бір бағыты- тарих ғылымы. 1922 жылы "Қазақ календарі" журналында «Қазақ халқының тарихынан» тақырыбында көлемді мақала жарияланды. Онда ғалым қазақ халқының шығу тарихын ежелгі тайпалардың (сақтар, ғұндар және т.б.) қалыптасуынан бастап Қазақ хандығының құрылуына дейін және оның гүлдену кезеңін қарастыра бастайды (Омаров, 1922). Осындай көп қырлы қызметі үшін замандастары Елдес Омаровты «Қазақ Ломоносовы» деп атады.

1926-1929 жылдары Ташкент педагогикалық институтында және Орта Азия мемлекеттік университетінің (Среднеазиатский государственный университет-САГУ) Шығыстану факультетінде сабақ береді. 1934-1935 жылдары Қазақ мемлекеттік медициналық университетінде қазақ тілінен сабақ берсе, кейін 1935-1937 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілі кафедрасының доценті қызметін атқарды.

Алайда, басқа да Алаш қайраткерлері сияқты «халық жауы» деген айыппен 1929 жылдың аяғында қамауға алынып, 1930 жылы сәуірде ату жазасына кесілді, бірақ үкім өзгеріп оның орнына 10 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 жылы шілде айында ол қылмыс құрамының болмауына байланысты босатылып, ақталды. 1937-1938 жылдардағы Ұлы террор кезінде Елдес Омаров қуғын-сүргінге ұшырайды. 1937 жылы зерттеуші, филолог Телжан Шонановты қорғағаны үшін зардап шегеді. Осы жылдың қазан айында алдымен Омаровтар отбасы ҚазМУ жатақханасынан шығарылып, қараша айында қамауға алынды, ал 1 желтоқсанда Елдес Омаровты атуға үкім шығарылды (Козыбаева, 2019:117).

Көріп отырғанымыздай, тарих толқынындағы тұлға атына сай болып тұрған XX ғасырдың көрнекті ағартушыларының бірі Елдес Омаров жалған айыптармен «халық



жауы» атанып, атылып кеткен. Ал, отызыншы жылдардың екінші жартысынан кейінгі тұста оның қоғамдық ағартушылық және ғылыми мұраларын зерттеуге тыйым салынады.

Е.Омаровқа қатысты айтылған алғашқы пікірлер 20-шы жылдардың орта тұсынан бастау алады. Мәселен, 1922 жылдары жазыла бастап, 1927 жылы жеке кітап болып шыққан Е.Омаровтың замандасы, әріптесі С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-мемуарында Елдес Омаров Торғай Алаш-Ордасының басшыларының бірі деп көрсетілген. Шығарма 1916-1919 жылдардың оқиғаларын қамтиды. Роман-эссе тарихи, әдеби фактілер мен көркем мәтіннен тұрады, сондықтан оқығанда уақыт кезеңін ескеру керек. Автор 1920 жылы Ақмолада қазақ кедейлерінің уездік съезі шақырылып, сол съезде де қазақ автономиясы туралы баяндама жасалынғанын айтады. Съездің басында Ақмолаға бес қызыл әскермен келген Қырымұлы (Крымов) деген ноғай жігіттің және Жұмабай жолдас Нұркеұлы және Омарұлы болғанын айтады (Сейфуллин, 2009:85).

Сондай-ақ, Е.Омаровтың өз заманының ірі қайраткері екенін мойындаған замандас зиялыларының пікірлері де кездеседі. Әлихан Бөкейхановтың ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновқа жазған хатында: «Елдестің физикасына сын жазайын десем, газетке үлкен, журналым жоқ болып, делдал болып тұрмын. Елдесім жақсы жігіт. Бұрын да жақсы еді. Енді онан да сүйікті болып кетті» дей келе, мына бір жәйді де жазады: «Бір күні Шәңгерей маған: «Мен сені жақсы көрем! Білесің бе?», - деді. Мен: «Жоқ», - дедім. Шәңгерей: «Сен шын қазақсың ба? Сені қазақ деп жақсы көремін», - деді. Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен», - деп, Елдеске деген құрметін жасырмайды (Жұртбай, 2008:184).

Сол сияқты, Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар Дулатованың естелігінде әкесінің абақтыда отырған кезінде, үйіне жіберген бір хатында жолдасы Елдестің жайын білгісі келетіні туралы жазылады. «Елдес айдаудан босатылып келген соң жұмыссыз жүрді, уақытша Қартқожаның үйінде тұрған еді. Баласы мен Эльза келгеннен кейін жеке пәтерге шықты» деген жауап бергені келтірілген. Осыдан, Міржақыптың қиын-қыстау күндерінің өзінде досына деген кіршіксіз сезімін көре аламыз (Дулатова, 1994: 18).

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында 1929 жылы жарыққа шыққан Н.Мартыненконың «Алаш Орда: Сборник документов» еңбегінде Елдес Омаровтың есімі Қостанай уезінің Земство басқармасының мүшесі, кейін Қостанай уезі бойынша Алаш Орда комиссары ретінде кездеседі (Мортыненко, 1992:21).

1935 жылы жарық көрген Қазақстан компартиясының белгілі зерттеушілері авторлығымен жазылған Брайнин С.Х. мен Шафиро Ш.Я. «Очерки по истории Алаш-Орды» еңбегінде Омаровты Қостанай уездік комиссары деп көрсетеді (Брайнин, Шафиро, 1935:83).

Кейінгі, жарты ғасырға жуық уақыт қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтеріне біржақты баға беруі барысында зерттеу жұмыстарының жасалуына мүмкіндік бермеді. Тек араға біраз уақыт сала, жазықсыз қуғын - сүргін шарасына ұшыраған азаматтар ақтала бастаған кезде, сол ақталғандардың туыстары естеліктер жаза бастайды. Мысалы, көрнекті мемлекеттік қайраткер және ғалым Жұмақан Күдериннің жары Татьяна Кудерина - Насонова өзінің естелігінде «Елдес Омаров, жер аударудан қайтып келген соң, қазақ тілінің оқулығын жазды, ҚазГУ-де қазақ тілінен дәріс берді. Оған оның әйелі - ұлын (Омаров Генрихті) ертіп қайтып келді де, оған өзінің қайтадан үйленуін талап етті. Елдес алғаш тұтқындалғаннан кейін Эльза оның барлық жеке мүлкін сатып жіберіп, басқа біреуге күйеуге шығып, сонымен бірге Ленинградқа кетіп қалған болатын. Қайта келген соң ол әйел: егерде бұған қайта үйленбесе, онда ұлы Генрихты Берлинге (оның ұлты неміс болатын) алып кетемін, баласын әкесіне өмір бойы көрсетпеймін - деп қорқытты. Барлық жолдастары, оның ішінде Елдестің өзі де Эльзаның НКВД-ның тыңшысы болып істейтінін, адал адам емес екенін білетін, алайда ұлына деген әкелік махаббаты үшін оның ұсынысын қабыл алды, екеуі бірге тұрды» деген мәлімет келтіреді (Кудерина-Насонова, Кудерина, 1994, Жұртбай, 2011: 442).

Из библиотечного фонда музея были переданы книги в хранение фондов сектора фотодокументов (ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1097. Л.20).

В 1986 году в фонд музея поступило 13370 предметов музейного значения, из них 10469 в основной фонд. По «советскому периоду» поступило 7759 предметов, из них 5299 в основной фонд. Уникальными находками этого года стали археологические находки с памятников античного времени Бабиш-Мулла и «Джетыясар» Кзыл-Ординской области – 4229 единиц (СНС института этнографии АН СССР Л.М. Левиной) и часть коллекций палеонтологических орудий с Приаральских стоянок «Аккыр» и «Новоказалинск» – 2897 единиц (институтом геологических наук АН КазССР) (ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1097. Л.2, 5).

В ходе экспедиции, организованном Центральным музеем в Туркменский ССР было собрано 112 предметов быта и народно-прикладного искусства казахов, проживающих в Туркмении. В городе Аральск Кзыл-Ординской области приобретено было 2 юрты (189 предмета). Всего в результате проведенных командировок (СНС М.К. Сембина и МНС М.Х. Аргынбаева) было собрано 438 предметов музейного значения и 414 ксеро-фотокопий и фотонегативы дореволюционного Казахстана (ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1097. Л. 9). В музее уделялось внимание и упорядочения основного фонда и организации научной атрибуции коллекций, а также разработке внутренней инструкции по учету и хранению музейных предметов, разработке Положения о реставрационном Совете музея в целях упорядочения и совершенствования работы по реставрации и консервации музейных предметов (ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1095. Л.113. 134-135).

К концу 1987 года были подведены итоги сверки экспонатов на наличие. В секторе документов было завершено сверка с наличием по всем разделам, кроме «Казахстан в период восстановления и социалистической реконструкции народного хозяйства». Документально оформлены и проведена передача 5053 е.х. коллекции плакатов и афиш в сектор живописи, графики и скульптуры. В секторе твердого инвентаря и вещественных реликвий проведена сверка с наличием всех коллекций (5209 е.х.), составлен акт на материально-ответственное хранение на коллекцию дерева (1628 е.х.). В секторе мягкого инвентаря завершена сверка с наличием, составлен акт на материально-ответственное хранение на коллекцию одежды



(1499 е.х.). В секторе нумизматики завершена сверка с наличием и составлены акты на материально ответственное хранение: ордена, медали, знаки, печати, значки – 3512 е.х., медные монеты – 6204 е.х., бумажные, денежные знаки – 23353 е.х.

Сектор живописи, графики, скульптуры. Завершена сверка с наличием и составлены акты на материально-ответственное хранение на живопись (масло) - 592 е.х., графика – 1466 е.х., гобелены и портреты на шелке – 18 е.х., инкрустация по дереву – 19 е.х., эскизы – 884 е.х., скульптура – 119 е.х. сверка орнаментов, плакатов и театральных афиш не закончилось. Сектор археологии. Завершена сверка с наличием и составлены акты на материально-ответственное хранение – 13532 е.х. Сектор оружия. Завершена сверка с наличием, составлены акты на материально-ответственное хранение: холодное оружие 217 е.х., огнестрельное 358 е.х., оборонное 49 е.х., воиловое снаряжение 50 е.х., конская сбруя 410 е.х., охотничье снаряжение 67 е.х. Сектор драгоценных металлов и камней. Завершена сверка с наличием и составлен акт на материально-ответственное хранение на драгметаллы 6453 е.х., фарфор 638 е.х. В этом же году на 770 предмет из коллекции драгметаллов проведена апробация (ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1112. Л.16-18).

Общее количество предметов музейного значения на 1 января 1988 года составляло 168 565 е.х. Из них 149 555 е.х. основной фонд, 19 010 е.х. научно-вспомогательный. Согласно приказам министерства Культуры КазССР передано в другие музеи предметов основного фонда 23 (2-советского периода, 21-палеонтологии) единиц ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1112. Л.32). В том же году с целью упорядочения учета, отчетности и сохранности музейных предметов, впервые со времени существования (в годовом отчете указано) Центрального музея была проведена сверка и научная инвентаризация коллекций археологии, нумизматики, мягкого и твердого инвентаря и фотодокументальных материалов. По результатам сверки было обнаружено недочеты и пробелы фондовой работы: к примеру, в секторе археологии 720 музейных предметов хранились без инвентарных номеров и атрибуции и не были внесены в главную инвентарную книгу, по сектору нумизматики 733 единиц хранения (фонд медных монет) отсутствовали и др. (ЦГА РК. Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1124. Л. 125-126).

В результате проведенной кропотливой работы по инвентаризации и сверки музейных коллекций, впервые в практике музея были подписаны договора с сотрудниками отдела фондов музея о материальной ответственности. Лишь к концу советского периода, впервых годах независимости казахстанские музеи, в том числе и Центральный государственный музей стал внедрять автоматизированные информационные системы для упорядочения и каталогизации музейных коллекций (1989-1990 гг.). В 1990 годы была продолжена собирательская работа. Так, проводились экспедиции по сбору предметов музейного значения в Кызыл-Ординской области (предметы декоративного и народно-прикладного искусства), Нарынкольский район Алма-Атинской области (60-летие поэта Мукагали Макатаева), а также в совхозе имени Маншук Маметовой Целинградского района в связи с переходом совхоза на аренду и новые рыночные хозяйственные отношения (ЦГА РК Ф.1308. Оп.3 (прод.). Д.1215. Л.70-71, 75) и т.д. В эти же годы приказом Государственного комитета Казахской ССР по культуре (№12, 15.01.1991 г.) с баланса дирекции художественных выставок был передан на баланс Центральному музею эскизы и костюмы из спектакля «Козы Корпеш – Баян сулу» и из кинофильма «Кыз Жибек» в целях пополнения экспозиции отдела Центрального музея – литературно-мемориального музея Г. Мусрепова (ЦГА РК Ф.1308. О.3 (прод.). Д.1214 Л.1).

Таким образом, к концу 1991 г. было составлено 2407 карточек научного описания, приобретено 3183 предметов музейного значения на сумму 54 696 рублей. В инвентарную книгу основного фонда музея было внесено 5053 предмета, а вспомогательного – 1438, проведена апробация 66 предметов из золота (ЦГА РК Ф.1308. О.3 (прод.). Д.1218. Л.8).

Секторы научного отдела истории досоветского периода (палеонтологии, археологии, истории периода XIV начало XX веков и этнографии, истории советского периода) в 1992 году занимались не только научной работой, но и собирательской: сектор археологии собрал 572 предметов основного фонда, за счет проведенных экспедиции а Алма-Атинскую область (раскопки поселения железного века) и научной командировке в Институт этнологии по отбору материалов Хорезомской экспедиции по Кызыл-Ординской области; 134 предметов основного и вспомогательного фонда собрано было в ходе проведенных экспедиций в Алма-Атинскую, Талды-Курганскую и Кызыл-Ординскую области; 1727 е.х. (в том числе 715 основного, 1012



вспомогательного фонда) было собрано из фондов архивов и у населения г. Алма-Аты. Приобретено было 1716 предметов музейного значения на сумму в 1281544 рублей, а в 1994 году было приобретено 1403 предметов музейного значения за 183551 тенге.

Последующая инвентаризация музейных фондов (сверка) состоялась в 1994-1995 гг., по результатам которой были проверены коллекции палеонтологических и археологических материалов, оружия, нумизматики, изофонда, экспонатов из драгметаллов, фарфора и керамики, дерева и смешанных материалов, а также других коллекций и уточнено наличие экспонатов по фондам: драгметаллов – 8219 е.х.; палеонтологии – 12461 е.х.; археологии – 16214 е.х.; нумизматики – 53511 е.х.; фарфора и керамики – 1153 е.х.; дерева – 1617 е.х.; смешанных материалов – 1716 е.х.; одежды и пр. – 3462 е.х.; оружия – 779 е.з.; конской сбруи – 537 е.х.; изофонда – 7945 е.х.

Собирательская, а также работа по инвентаризации музейных фондов проводится планомерно на постоянной основе с тем, чтобы уточнять наличие музейных предметов, обнаружения и исправления недочетов в музейной фондовой работе. В этой связи можно сказать, что Центральный государственный музей в своей деятельности всегда следовал в том числе положительному международному опыту музейного дела и старался использовать в своей работе новые оптимальные формы в своей культурно-образовательной и научно-исследовательской работе. Так, Центральный музей Казахстана в 1997 г. одним из первых музеев в Центральной Азии сделал попытку реально объединить центральноазиатские музеи на базе проекта «Сеть Наследия» (телекоммуникационная сеть виртуальных музеев по историческому, культурному и природному наследию стран Центральной Азии координируемая ЮНЕСКО). Данный проект в дальнейшем получил развитие в создании и внедрении программного обеспечения электронного каталога «Музеолог», который был позже осуществлен в Центральном государственном музее РК совместно с Кластерным бюро ЮНЕСКО г. Алматы, подписавшим Меморандум по внедрению программного обеспечения «Музеолог» в музеях Центральной Азии и Казахстана.

Работа по созданию электронного каталога музейного фонда была успешно начата музеем, но к сожалению данная программа была рассчитана только на определенное количество экспонатов и к настоящему времени ее функциональные параметры не соответствуют современным требованиям музейных технологий. Потому все еще остается актуальной проблемой вопрос организации единой музейной базы данных, которая бы содействовала дальнейшей активизации, как выставочно-экспозиционной, так и научно-исследовательской деятельности на основе фондовых коллекций музея.

Заключение. Научно-фондовая работа музеев всегда акцентировалась на сборе, комплектации и научном изучении музейных ценностей, отражающих богатую историю, традиции страны, государства. В этой связи необходимо создать оптимальные условия для ведения музейной документации, связанной с постоянным пополнением, классификацией, научной атрибуцией музейных предметов. Музейный фонд – основа деятельности музея и представляет собой совокупность всех хранящихся в музее предметов и объектов, имеющих историческую, культурную, в том числе художественную, и конечно же, научную ценность. Именно фонды музеев служат источниковой базой для научного изучения историко-культурного наследия страны. Поэтому одной из важных задач научных исследований музеев все еще остается изучение истории формирования (пополнения) и комплектования фондовых коллекций.

Одной из главных задач современных музеев Казахстана, в том числе Центрального музея, остается активизация внедрения единой электронной базы данных, которая бы позволила музейным сотрудникам быть осведомленным обо всех изменениях, дополнениях, связанных с координацией работы по учету и хранению музейных фондов. Электронная база данных музейных коллекций поспособствовала бы более ускоренному вводу в научный оборот большего количества музейных предметов как первоисточников по истории и культуре.

Источники

ЦГА РК - Центральный государственный архив Республики Казахстан
Инструкция по учету и хранения музейных ценностей музеев системы МК СССР /кроме художественных/, 17.07.1985 г., №290.

Положение об охране памятников культуры, утвержденное постановлением Совета Министров СССР от 14 октября 1948 года №3898 М 1948 г.

Литература

Задачи..., 1950 - Задачи краеведческих музеев. Сборник методических материалов по музейно-краеведческой работе. Под редакцией к.и.н. А.М. Жиренчина. Алма-Ата: Казгосиздат, 1950. 135 с.



Материалы..., 2018 - Материалы международной научно-методической конференции «X Оразбаевские чтения» «Историко-культурное наследие Казахстана: проблемы изучения, интерпретации и сохранения». Алматы: Казахский университет. 2018. 507 с.

Назипова Г. Р. Национальный музей Республики Татарстан: традиции и новаторство // Гасырлар авазы - Эхо веков. 2007. №1-2.

Научно..., 2023 - Научно-практический журнал MUSEUM.KZ. 1.1. 2023 г. С. 136.

Теория..., 2021 - Теория и практика комплектования музейных фондов: анализ методологической и нормативной базы (1917-1991). Рыбак К.Е. Москва: Институт Наследия. 2021. С. 198.

Труды..., 2004 - Труды Центрального музея I выпуск. Алматы: Наука, 2004, 395 с.

Труды..., 2009 - Труды Центрального музея: музейное дело, археология, история, источниковедение, антропология и этнология, фольклористика II выпуск (на казахском, русском и английском языках). Алматы: Балалар адебиети. 2009. 536 с.

Хасанов, 2022 - Хасанов Б. Государственный музей Памяти жертв репрессий. Путеводитель. Ташкент: Akademnashr. 2022. 160 с.

Chaturvedi, 2022 - Chaturvedi I. (2022) Understanding the State of Museum Funding in India [Электронный ресурс:] <https://rereeti.org/blog/understanding-the-state-of-museum-funding-in-india/>

Simon, 2022 - Simon (2022).The-different-ways-that-museums-can-get-funding [Электронный ресурс] 19/09/2022 /<https://www.arnabontempsmuseum.com/the-different-ways-that-museums-can-get-funding/>

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

Instruction on accounting and storage of museum valuables of the museums of the USSR MK system /excluding art museums/, 17.07.1985, No. 290.

Regulations on the protection of cultural monuments, approved by the Decree of the Council of Ministers of the USSR on October 14, 1948, No. 3898 M 1948.

References

Hasanov, 2022 - Hasanov B. Gosudarstvennyi muzei Pamyati zhertv repressii. Putevoditel [State Museum of Memory of Victims of Repression. Guide] Tashkent: Akademnashr. 2022. 160 p.

Materialy..., 2018 - Materialy mejdunarodnoi nauchno-metodicheskoi konferentsii «X Orazbaevskie chteniya» «Istoriko-kulturnoe nasledie Kazahstana: problemy izucheniya, interpretatsii i sohraneniya». [Materials of the international scientific and methodological conference "X Orazbayev's readings" "Historical and cultural heritage of Kazakhstan: problems of study, interpretation and preservation"]. Almaty: Kazak universitety, 2018. 507 p.

Nauchno..., 2023 - Nauchno-prakticheskii jurnal MUSEUM.KZ. [Scientific and practical magazine MUSEUM.KZ]. 1.1. 2023. 136 p.

Nazipova, 2007 - Nazipova G.R. Nazionalnyi muzei Respubliki Tatarstan: traditsii i novatorstvo [National Museum of the Republic of Tatarstan: traditions and innovation] // Gasyrlar avazy/ - Eho vekov. 2007. Nr 1-2. (in Rus.)

Neoriya..., 2021 - Teoriya i praktika komplektovaniya nuzeinyh fondov: analiz metodologicheskoi i normativnoi bazy (1917-1991) [Theory and practice of acquiring museum collections: analysis of the methodological and regulatory framework (1917-1991)]. Rybak K.E. Moskva: Institut Naslediya. 2021. 198 p. (in Rus.)

Trudy..., 2004 - Trudy Tsentralnogo muzeya I vypusk [Proceedings of the Central Museum, 1st edition]. Almaty: Nauka, 2004. 395 p. (in Rus.)

Trudy..., 2009 - Trudy Tsentralnogo muzeya: muzeinoe delo, arheologiya, istoriya, istochnikovedenie, antropologiya i etnologiya, folkloristika II vypusk (na kazahskom, ruskom i angliiskom yazykah) [Proceedings of the Central Museum: museum affairs, archeology, history, source studies, anthropology and ethnology, folklore, 2nd edition]. Almaty: Balalaradebieti. 2009, 536 p. (in Kazakh, Russian and English)

Chaturvedi, 2022 - Chaturvedi I. (2022) Understanding the State of Museum Funding in India [Electronic resource] <https://rereeti.org/blog/understanding-the-state-of-museum-funding-in-india/>

Simon, 2022 - Simon (2022).The-different-ways-that-museums-can-get-funding [Electronic resource] 19/09/2022/<https://www.arnabontempsmuseum.com/the-different-ways-that-museums-can-get-funding/>

Zadachi, 1950 - Zadachi kraevedcheskih muzeev. Sbornik metodicheskikh materialov po muzeino-kraevedcheskoi rabote. [Tasks of local history museums. Collection of methodological materials on museum and local history work]. Ed k.i.n. A.M. Zhirenchin. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1950, 135 p. (in Rus.)



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is.4, pp. 767-778, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_767-778

XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ-САЯСИ АХУАЛДЫ ЖІКТЕУ, ТАЛДАУ (СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Өтеубай Қожақұлы¹, Абусад Гафурұлы Асқар²

^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А, Әйтеке би көшесі, 120014, Қызылорда, Қазақстан)

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор
<https://orcid.org/0000-0001-9263-8519> E-mail: oteubay@bk.ru

²магистрант
<https://orcid.org/0009-0006-5007-6574> E-mail: abusad.askar.01@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023

© Қожақұлы Ө., Асқар А.Г., 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада ХХ ғасырдың басындағы Сырдария облысының шаруашылық мәселелері сипатталады. Осы өңірдегі қазақ ауылдарының экономикалық-саяси ахуалының жіктелуіне талдау жасалады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Сырдария облысының қазақ шаруаларының жағдайына тереңірек талдау жасау. Сонымен қатар, бай мен кедей, шаруа мен жоғары тап өкілдері арасындағы қарама-қайшылықтар, патша үкіметінің отарлауына қарсы наразылықтар, халықтың күн-көрісі, отырықшылыққа көшу, т.б. мәселелер қарастырылды. *Нәтижелер.* Мақалада статистикалық мәліметтер, архивтен алынған құжаттар кеңінен қолданылған. Сырдария өлкесінің жалпы әлеуметтік-экономикалық даму тарихы жан-жақты сипатталды. Өлкенің дамуының, әсіресе демографиялық-миграциялық жағдайына мейлінше әсер еткен патша үкіметінің аграрлық саясаты жаңа көзқарас тұрғысында сыни бағытта талқыланды. *Қорытынды.* Революциялық қозғалыстардың бұрынғы әдебиеттерде топшыланып келгеніндей оңтүстік аудандарда қарқынды болмағаны белгілі. Тұңғыш рет бұрын жарияланған архив деректері іріктеліп, ғылыми құндылығы айқындалды. Мақалада бұрын ат-үсті ғана айтылып келген патша үкіметінің отаршыл саясатының басты бағыттары осы облыстың өзіндік даму ерекшелігіне сай айқындалды.

Түйін сөздер: Сырдария, қазақ, шаруашылық, патша үкіметі, жіктеліс, экономика.

Дәйексөз үшін: Қожақұлы Ө., Асқар А.Г. ХХ ғ. басындағы қазақ ауылы: экономикалық-саяси ахуалды жіктеу, талдау (Сырдария облысы мысалында) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 4. 767-778 б. (Қаз.) DOI: [10.51943/2788-9718_2023_26_4_767-778](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_767-778)

KAZAKH VILLAGE AT THE BEGINNING OF THE 20TH CENTURY: CLASSIFICATION AND ANALYSIS OF THE ECONOMIC AND POLITICAL SITUATION (ON THE EXAMPLE OF THE SYRDARYA REGION)

Kozhakuly Oteubay¹, Abusad Gafuruly Askar²

^{1,2}Kyzylorda University named after Korkyt Ata (29A, Aiteke bi St., Kyzylorda 120014, Kazakhstan)

¹Doctor of historical sciences, professor
<https://orcid.org/0000-0001-9263-8519> E-mail: oteubay@bk.ru



²Master student

<https://orcid.org/0009-0006-5007-6574> E-mail: abusad.askar.01@mail.ru

Annotation. *Introduction.* This article presents the economic problems of the Syrdarya region at the beginning of the 20th century. An analysis of the classification of the economic and political situation of the Kazakh auls in this region is made. *The purpose and objectives of the study.* An in-depth analysis of the situation of Kazakh farms in the Syrdarya region was made. In addition, the issues of conflicts between rich and poor, sharua and well-to-do layers of society, protests against tsarist colonization, as well as the topic of life support of the population, the transition to settlement, etc. are considered. *Results.* The article widely uses statistical data, documents from the archives of the Republic of Kazakhstan, the Russian Federation to restore the picture of the socio-economic development of the Syrdarya region. A new methodological approach is used to critically assess the agrarian policy of the tsarist government, which had a great impact on the development of the region, especially on the demographic and migration situation in the region. *Conclusion.* It is known that the revolutionary movements in the southern regions of Kazakhstan by the beginning of the 20th century were not particularly intense, as shown in Soviet historiography. The authors critically analyzed previously published archival data and determined their scientific value. The article defines the main directions of the tsarist colonial policy in the region, taking into account the unique features of the development of the region.

Keywords: Syrdaria, Kazakhs, economy, tsarist government, classification, economy.

For citation: Kozhakuly O., Askar A.G. Kazakh village at the beginning of the 20th century: classification and analysis of the economic and political situation (on the example of the Syrdarya region) // *Otan tarihy*. 2023. Vol. 26. No. 4. Pp. 767-778. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_767-778

КАЗАХСКИЙ АУЛ В НАЧАЛЕ XX В.: КЛАССИФИКАЦИЯ И АНАЛИЗ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ (НА ПРИМЕРЕ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ)

Кожжакулы Отеубай¹, Абусад Гафурулы Аскар²

^{1,2}Кызылординский университет имени Коркыт Ата (29А, ул. Айтеке би, 120014, Кызылорда, Казахстан)

¹доктор исторических наук, профессор
<https://orcid.org/0000-0001-9263-8519> E-mail: oteubay@bk.ru

²магистрант
<https://orcid.org/0009-0006-5007-6574> E-mail: abusad.askar.01@mail.ru

Аннотация. *Введение.* В данной статье представлены экономические проблемы Сырдарьинской области в начале 20 века. Сделан анализ классификации экономического и политического положения казахских аулов этого региона. *Цель и задачи исследования.* Произведен анализ положения казахских хозяйств Сырдарьинской области. Кроме того, рассмотрены вопросы о конфликтах между богатыми и бедными, шаруа и зажиточными слоями общества, протесты против царской колонизации, а также жизнеобеспечения населения, перехода к оседлости и др. *Результаты.* В статье широко использованы статистические данные, документы из архивов РК, РФ для восстановления картины социально-экономического развития Сырдарьинской области. С нового методологического подхода критически дается оценка аграрной политики царского правительства, оказавшей большое влияние на развитие региона, особенно на демографическую и миграционную ситуацию в крае. *Выводы.* Известно, что революционные движения в южных районах Казахстана к началу 20 века не были особенно интенсивными, как это показано в советской историографии. Авторами критически разобраны ранее опубликованные архивные данные и определена их научная ценность. В статье определены основные направления колониальной политики царизма в регионе, с учетом уникальных особенностей развития области.

Ключевые слова: Сырдария, казахи, хозяйство, царское правительство, классификация, экономика.



Для цитирования: Кожакулы О., Асқар А.Г. Казахский аул в начале XX в.: классификация и анализ экономической и политической ситуации (на примере Сырдарьинской области) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 4. С. 767-778. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_767-778

Кіріспе. Қазіргі тарих ғылымының даму барысында жеке аудандардың мәселелерін дербес қараудың аса маңыздылығы бар. Ресейдің Ішкі губернияларынан және де басқа Қазақстанмен іргелес орналасқан өңірлерден келімсек шаруалардың осы өлкеде толастамай орналасып, санының өсуі, жергілікті тұрғындардың жағдайының қиындауы Сырдария облысында да саяси ахуалдың шиеленісуіне әсерін тигізбей қоймады.

Жылдан жылға тереңдеген мүліктік дифференциацияның айқын көрінісін қазақтардағы мал санының әртүрлі әлеуметтік топтар арасында бөлінуінен де байқауға болады. Отырықшылыққа көшу, біртіндеп жатақтардың санының өсуі, қалалық шаруашылықпен байланыстың кеңеюі әсіресе бірде көлік болатын, екіншіден егін шаруашылығында тұрақты күш болып есептелінетін жылқының басты мал күші болғанына күмән келмейді.

Материалдар мен әдістер. Мақала мазмұны бойынша басты қорытындылар жасауға мүмкіндік берген басты дерек – архив құжаттары болып табылады. Тек статистикалық қана емес, сонымен қатар мазмұнды басқа да мәліметтері бар осы баспа дерегінде өте құнды да қажетті мәліметтер жинақталған. Теориялық және методикалық мәселелерді жүйелеуде, немесе сыни пиғылда сарапқа салуда біз кейінгі жылдарда «ақтандақтарды» зерттеу барысында қалыптасқан отар мен метрополия арасындағы, жеке өлкенің даму ерекшеліктері туралы, әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен демографиялық құбылыстар арасындағы өзара байланыстылық және заңдылықтар негізге алынған. Тарихи-салыстырмалы әдіс пайдаланылып, өлкенің өзіндік даму мәселелерін талқылау барысында жаңа теориялық тұжырымдар негізделген.

Талқылау. Қазақстанның басқа да облыстарының тарихи даму мәселелері сияқты Сырдария әкімшілік-территориалық ауданының әржақты бағыттарын зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ басталды. Сырдария өзенінің бойында қоныстанған қазақ ауылдарының өмірін, шаруашылық дамуын, халқының саны мен құрамын тағы да басқа мәселелерін сипаттауда алғашқылардың бірі болып еңбегін арнаған А.Ф. Миддендорф (Экспедиция для исследования сельскохозяйственных условий русского Туркестана, 1878). Келесі тағы да баса айтылатын еңбек Н.П. Пузыревскийдің жазбалары (Сыр-Дарья, ее физические свойства и судосходность, 1902). Тағы да бір атап өтетін еңбек А.А. Кауфманның Түркістан өлкесінің отарлануының басты кезеңдері туралы шындығында құнды еңбегі. «Вопросы колонизации», «Военный сборник», «Русский инвалид» және де басқа журналдардың беттерінде көптеген осы Түркістан өлкесін, сонымен қатар Сырдария облысын отарлау жөнінде мәліметтер аз емес. Сырдария облысы туралы арнайы мақалалар ішінен көзге түсетін М.Д. Михайловтың ертеректе жарық көрген мақаласы (О сырдарьинских киргизах, 1866). Бұл мақала арнайы осы өңір тарихына арналғанмен де мардымды, құнды деректер жоқтың қасы. Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда Қазақстан облыстарындағы, соның ішінде Сырдария өңірі бойынша жалпылама еңбектер негізінде өлкенің саяси тарихы мәселелерін қамтыды. Солай бола тұрса да 20-30-шы жылдарда жарық көрген зерттеулерден облыстың шаруашылық мәселелеріне, буржуазиялық-демократиялық революция кезіндегі саяси және қоғамдық дамуына байланысты әр мазмұнды деректерді табу қиын емес. Бұл арада біздің бөліп алып қарайын деп отырған зерттеулеріміз Г. Тоғжановтың, С.Ж. Асфендияровтың туындылары. Тақырыпқа біртабан жақын зерттеулер қатарына М. Асылбековтың, Г.К. Кронгардтың, С. Мадуановтың т.б. еңбектерін жатқызған дұрыс болар. Осы зерттеулердің ішінен бөліп қарайтын С. Мадуановтың «Қазақ-өзбек қатынастарының XIX-XX ғасырдың басындағы дамуы» атты монографиялық зерттеуі.

Зерттеу нәтижелері. Сырдария облысы бойынша қазақ шаруаларының кедейлік немесе ауқаттылығын анықтайтын бірден-бір көрсеткіш әр жанұяның қолындағы жылқы малының үлесі. Қазақтарда XX ғасырдың басында жылқы малының айқындаушы көрсеткіш екендігін бірқатар деректер де растайды (Военный сборник, 1903: 111-113). Әрине әртүрлі автор жылқы санын есепке алмай-ақ жалпы мүліктің жағдайына қарап, ауқатты немесе кедейленген топтарға әртүрлі қазақ семьяларын жатқызады.

Мысалы, зерттеуші С. Толыбековтың есептеуіне қарағанда байлар тобына (облыстық Перовскі, Қазалы уездерінің көшпелі аудандарында) 200 бас ұсақ және 50 ірі қара мал ұстаған,



ол кедейлерге осыдан саны аз малды қазақтарды жатқызады. Ауқаттыларды ірі, орта және ұсақ деп үш категорияға жіктейді. Ірі байларға 2000 және одан артық қой мен 400 ірі қара малы бар, орташаға 500 қой мен 100, ал ұсақ байларға 200 қой мен 50 ірі қара малы барларды жатқызады (Толыбеков, 1959: 131).

Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі қазақ ауылдарының әлеуметтік құрылысын анықтауда Е. Бекмаханов негізінде далалы аудандарды зерттеді. Бірақ оның қорытындылары біз үшін өте құнды. Қазақ қоғамындағы феодал топтарына мұсылманның ақсүйектерін де, қожа мен молдаларды да жатқызуға болады деп тұжырымдайды (Бекмаханов, 1957: 40).

XX ғасырдың басында әлеуметтік жіктелудің бір көрінісі әсіресе ірі байлардың шаруашылығы мен шаруалардың саудасының өсуі. Өнімді көбірек беретін малдарды ұстауға мән берілді. Облыстың Әулиеата, Шымкент, Қазалы уездеріндегі сатылған жылқының 65 пайызы, қой мен ешкінің 60 пайызы ірі байлардың үлесіне тиді, ал дағдарыстағы шаруалар кедейлене түсті. Сырдария облысының Шымкент және Әулиеата уездеріндегі әлеуметтік жіктелудің нәтижелері біршама, басқаша. Осы өлкеде тауарлы егін шаруашылығы XX ғасырдың басында кең өріс алды. Осыған сай тұрғындардың ауқаттылық дәрежесін мал бастарының санына қарай емес, егістік жер көлеміне орай белгілеген жөн.

1-кесте. Шымкент уезіндегі тұрғындардың әлеуметтік жіктелуі
[Table 1. Social classification of residents in Shymkent uyezd]

Заттардың санына қарай шаруашылықтардың топталуы	Жалпы шаруашылықтың саны	Бір шаруашылыққа кештік егіс көлемі десятина	Бір шаруашылыққа келетін мал басы саны
Аты жоқтар	20,52	6,8	1,95
1 аты барлар	37,28	9,46	5,55
2-3 аты барлар	21,35	11,22	10,79
4-5 аты барлар	6,82	12,97	16,25
6-8 аты барлар	5,59	13,79	21,35
9-13 аты барлар	4,41	15,82	30,52
14-22 аты барлар	2,50	18,57	46,90
23-60 аты барлар	1,30	18,57	75,84
51-100 аты барлар	0,21	36,55	150,34
100 ден артық	0,02	53,80	302,29

2-кесте. Жетісу облысымен іргелес Сырдария облысының Әулие-Ата уезінің мәліметтері
[Table 2. The information of Aulie-Ata district of Syrdarya region, adjacent to Zhetysu region]

Заттардың санына қарай шаруашылықтардың топталуы	Жалпы шаруашылықтың саны	Бір шаруашылыққа кештік егіс көлемі десятина	Бір шаруашылыққа келетін мал басы саны
Аты жоқтар	12,80	2,50	2,0
бір аты барлар	33,70	3,70	5,30
2-3 аты барлар	22,10	4,60	9,70
4-5 аты барлар	7,80	5,80	13,50
6-8 аты барлар	6,20	4,90	16,60
9-13 аты барлар	6,50	5,0	21,20
14-22 аты барлар	5,90	5,60	32,70
23-50 аты барлар	3,80	6,50	58,40
50 ден артық	1,20	9,80	130,80

Облыстың басқа да уездері сияқты Перовск уезінде де, қуаты төмен әлсіз шаруашылықтар орта есеппен 68,7 пайыз, орташалар – 17,6 ал байлардың шаруашылықтары 13,7 пайыз болып отыр. Сондықтан Қазалы уезімен салыстырғанда Перовск уезінде күйзелген әлсіздердің шаруашылығы анағұрлым басымырақ. Осы салыстырма деректердің өзі – Сырдария облысы бойынша әлеуметтіктің жіктің әртүрлі сипатта қалыптасқандығын көрсетеді. Жоғарыда



зерттеліп отырған облыс бойынша қазақ ауылдарының мал бойынша жіктелу дәрежесін анықтадық. XX ғасырдың басында капиталистік қатынастардың біртіндеп өлкеде тарауы әлеуметтік дифференциацияның капиталистік формаларының пайда болуына әсер етпей қоймады. Әсіресе, жалдамалы жұмысшыларды пайдаланған шаруашылықтардың санының біршама өскендігін көреміз.

3-кесте. Шымкент және Қазалы уездерінің бай шаруашылықтарында жалдамалы еңбекті пайдалану
[Table 3. Use of hired labor in rich farms of Shymkent and Kazaly districts]

Аудан аттары	Шаруашылықтың жалпы саны	Соның ішінде	
		жалдамалы еңбекті пайдаланғандар	жалшылыққа кеткендер
1. Шымкент уезі	4012	1348	578
2. Шымкент уезі, дала бөлімі	4909	1229	569
3. Қазалы уезі, Ақтоғай және Жамансар болысы	580	65	34
4. Қазалы уезі, Заңғар және Қалымбас болысы	638	84	14

Біз осы жерде берген көрсеткіштеріміз шаруашылықтың жеке салаларын ғана қамтиды да, жалпы экономиканың жалпы көрінісін осы мәселе бойынша айқындай алмайды. Ал басқа да шаруашылық салаларын қоссақ, онда жалдамалы еңбегінің кәсіпорындарда өз күшін жалдауға мәжбүр болғандарының көлемі төмендегідей. Әулиеата уезінде – 83,5 %, Шымкент уезінде – 73,5 %, Қазалы уезінде – 40,3 %, Перовск уезінде – 42,5 %. Соңғы екі уезде басым үлес балық аулау кәсібімен айналысушылар пайдасына тиіп отыр. Бұл жағдай балық кәсіпорындарындағы жұмысшылардың үлесінің басымдығымен түсіндірілген жөн. Тек Аралдағы «Хиуа акционерлік қоғамында» 1000-нан аса жұмысшылар мен қызметкерлердің көпшілігі жеке меншіктік кәсіпорындарында күніне жалданды да ал жалақылары тәулігіне 50-60 тиыннан аздап асты.

Ауыл шаруашылығына тартылған әлі де арнайы өндірісті мамандығы жоқ қазақ жұмысшылары біртіндеп ақша-тауар өндірісіне тартылып, ұлттық буржуазияның алғашқы осы өңірдегі тобын құрды.

Сауда-өсімқорлық капитал жергілікті тұрғындарды сүліктей сорғанмен ауылдарда, мүліктік жіктеуді бұрынғыдан тереңдетіп, рыноктық, капиталистік құбылыстардың кеңеюіне жол ашқанын атап өткен жөн.

Мәліметтерге қарағанда, 1906 жылы Шымкент уезіндегі халықтың 80,38 %-дан астамы отырықшылыққа көшіп, 16,2 % көшпелі мал шаруашылығымен, қалғаны егін шаруашылығымен айналысқан (Сулейменов, 1963: 219). Қазалы уезінің 57,14 %, Перовск уезінің 31,18 (Галузо, 1929: 88) ал облыс бойынша XX ғасырдың басында халықтың 61 % көшпелі болған (Сужиков, 1959: 10), яғни облыстық уездері бойынша жағдай әртүрлі қалыптасқан.

Дихандардың еңбек құралдары әлі де болса қарапайым, ғасырлар бойы пайдаланылған еңбек құралдары әлі де егін шаруашылығында орын алды. Темір соқалар мен ауыл шаруашылығының жаңа техникасы бай шаруашылықтарда ғана қолданылды. Ал кедейленген дихандардың өздерінің шаруашылықтарына сапалы техниканы қолданатын не жөндейтін жұмысшылар жоқтың қасы еді. Облыс бойынша 52,923 шаруашылықтың яғни олардың 20,3 % - ның жеткілікті жұмыс көлігі болмады (Турсынов, 1962: 101).

Жалпы алғанда егін жинау мен оны бастырудың қарапайым тәсілдері Сырдария облысында басым болды.

Облыстағы мақтаның басым бөлігі Ресейдің губернияларындағы жеңіл өнеркәсіп орындарына жіберілді де, Оңтүстік уездер осындай өндіріс орындарымен, яғни мақтамен қамтамасыз ететін шикізат қорына айналды.

Халықтың басым көпшілігі шаруа қожалықтарынан құралған. Сырдария, тіпті оған көршілес орналасқан Жетісу облысы уездерінің патша үкіметінің отарлық аудандарына айналғанын жоғарыда келтірілген деректерде біршама дәлелденді. Экономикалық даму саласындағы кейбір жеке өзгешеліктер (мысалы, далалық облыстармен салыстырғанда)



элеуметтік қайшылықтардың шиеленісуіне жол ашты. Оны царизмнің салық саясатынан көреміз: үй басы салығы 1,50 тиыннан 4 сомға дейін көтерілді (РФОМТА. 1396 қор. I тізбе. 197-іс. 43 п.). Сонымен қатар қазақ шаруалары өкіметтік қоныстардың құрылыс жұмыстарына жұмсалатын қаражаттардың бір бөлігін өтеуге міндеттенді. Мектептерде ауруханаларда төсек-орындар үшін тағы басқа жұмсалатын шығын шаруалардың есебінен өтелді. Ал ақсүйектің тұқымдары, әсіресе төре-сұлтан тұқымдары бұндай ауыртпашылықтардан босатылды.

Сырдария облысы сияқты отарлық аймақта патша өкіметінің алым-салығының басты ауыртпалығы кедейленген топтар мойнына түскенін аңғару қиын емес. Осындай қысымға шыдай алмаған қазақ шаруалар ауыл әкімдері болыстарға, отаршылдарға наразылықтар білдіріп облыстық әскер губернаторына шағымдарында болыснайлардың мал мен жергілікті қаржыны еріктеріне сай талан-таражға салғандығына көңіл аударылды (РФОМТА. 119 қор. I тізбе. 164-іс. 607-іс. 29 п.).

Шаруалардың тағы бір шағымына көңіл аударсақ ауылдық болыстары салықтармен элеуметтік езуді күшейтіп, наразылық білдірушілерді жазаға тартатын. Мысалы, Шымкент уезінің Сары болыснайы Б. Хусейнбаев 1612 сомды өзінің пайдасына жаратып, салық төлеуден бас тартқан бір ауылдасын таякпен дүрелеген (РФОМТА. 119 қор. I тізбе. 164-іс. 607-іс. 32 п.).

Сырдария облысында басқа да аймақтардағы сияқты, кедейлерді сорып, пайда табудың тиімді бір жолы «Ортақтасу» (жерді ортақтасып өңдеу) кең тарала бастады. Еңбекпен ортақтасу – кедейлерді экономикадан тыс құралдармен сору байлардың элеуметтік қысымының бір жолы. Ортақтасуда еңбек пен құралдарды бірыңғай пайдаланудың арнайы белгіленген ережелері анықталмады. Ол екі жақты (екі адам арасы) немесе үш жақты да болып қалыптасатын. Мысалы, кедейге бай өз жер меншігінің бір бөлігін, астық тұқымын, жұмыс көлігін, уақытша пайдалануға берсе де егістікті жерлерде өңдеуге, оны күтуге сіңірген ауыр еңбек ескерілмей жиналған. Өнімнің 2/3 бөлігін арендаторға беруге міндеттелді.

Жалпы монографиялық зерттеулерде атап көрсетілгендей Сырдария облысындағы аграрлық қайшылықтар XIX ғасырдың екінші жартысынан қалыптаса бастаған. Столыпин реформасынан кейінгі жылдарда тереңдеген жалпы отаршылдық саясаттың салдары деп қорытындыласақ ақиқатты ашуға бір талпынғандық болар еді.

Аграрлық қайшылық элеуметтік қарсылықты шиеленістіргенмен де, қалалар мен ауыл шаруашылық өндірісіндегі жұмысшылардың белсенді қатысуынсыз қоғамдық толқудың таптық, антогонистік қайшылықтарға апармайтыны сөзсіз.

Алайда облыс кәсіпорындарда жұмысшылардың тұрақты кадры болмауы күрестің қарқынын әлсіретті, ал жағдай бұрынғыша ауыр күйінде қала берді. Мардымсыз, күніне 30-40 тиын алатын жалақы, қазақ жұмысшыларының ең қарапайым талаптарына да жетпейтін. Империяның орталығындағы және өлкедегі революциялық қозғалыстардың одан әрі көтерілуіне Ресейдегі 1901-1903 жылдардағы өнеркәсіп дағдарысынан кейінгі елдің ішіндегі өріс алған революциялық ахуалдың шиеленісуін жаншуда үкімет өз тарапынан шаралар қолданды.

Патша үкіметі еңбекші бұқараны қараңғылықта ұстау үшін жергілікті, мектептерді жауып, ағарту мекемелеріне қысым көрсетті. Патша өкіметі жергілікті халықтың алдыңғы қатарлы өкілдерінің ағартушылық немесе саяси бастамасын қағып тастап отырды. Олар шеткі аймақтағы, соның ішінде осы өлкедегі бұқара белсенділігін жаншып отырды.

Өлкедегі тұрғындардың элеуметтік толқуларын болдырмау басқа жерлерге жайылып кетуінен сескенген өкімет Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерін күшейтілген күзеттің мерзімін 1902 жылға дейін ұзартуы осы қорқыныштың бір көрінісі (РФОМТА. 1263 қор. 2 тізбе. 5514 іс. 844 п.).

Сырдариядағы жұмысшылардың қимыл әрекеттері XIX ғасырдың 90 жылдары өзінде-ақ байқалды. Ірі ереуілдер XX ғасырдың басында Орынбор-Ташкент теміржолын салу кезінде әсіресе білінді. Ұзақ мерзімде жұмысшылардың жалақыларын ала алмауы осы наразылыққа себеп болған.

Үкіметтің әсіресе ұлтты қанау саясатына қарсылық тек қалаларды ғана емес, сонымен қатар қазақ ауылын да қамтыды.

1905 жылы 9 қаңтарда Петербургте қарусыз жұмысшыларды соққыға жыққан патшаның зұлымдығы туралы хабар Қазақ даласына да тез тарады (Писковский, 1958: 103). Қалалар мен селоларда, жұмысшылар мен қала кедейлерінің жиналыстарында, сондай-ақ Кедей



шаруалардың жиындарында патшаның озбырлығына қарсы наразылық білдірілген үн көтеріліп жатты.

Облыстық Перовск, Қазалы темір жол станцияларының жұмысшылары мен демократиялық ниеттегі жұртшылығының қанды жексенбіні айыптаған қобалжулары жиіледі. Әсіресе Перовскіде бас көтерулер ерекше көзге түсті.

1905 жылы «Қанды жексенбі» оқиғасы туралы хабар телеграф арқылы Сырдарияның басты мекені Ташкентке және облыстық темір жол бойларына іргелес қалаларға қаңтар айының 10-да жетті. Сол күні Ташкенттің РСДЖП тобы Петроградтағы оқиғаның саяси мәнін, үндеулермен халыққа түсіндіре бастады. Сырдария облысының әскери губернаторы 1905 жылы уездерге таратқан нұсқауында: «Тұтандырғыш қасиеті бар революциялық қағаздар – Сырдария облысының... арасында байқалады» - деп атап көрсетті (ҚРОМА. 145 қор. 2 тізбе. 92 іс. 9 п.).

Саяси бағыттағы үндеулер жасырын баспаханаларда көбейтіліп басты қоныстарда кең түрде таратылды, темір жол бойындағы әскери казармаларға және Перовск, Қазалы, Түркістан, Арыс, Шымкент т.б. жерлердегі жұмысшылар шоғырланған қоныстарға жеткізілді.

1905 жылы қаңтар айының 12-де Мәскеу университетінің 150 жылдығына арналған облыстың орталығы Ташкенттегі көпшілік қауым жиында либерал-буржуазиялық интеллигенттердің банкет ұйымдастыруды жоспарлауын жергілікті социал-демократтар патша үкіметін әшкерелеу үшін оның трибунасын пайдалануға бел байлады.

Банкетке 600 адамға жақын либерал интеллигенттер, дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, адвокаттар келді. Жергілікті интеллигенцияның басқа да өкілдері бас қосты (ӨРОМА. 132 қор. 1 тізбе. 112 іс. 8 п.). Социал-демократ ұйымының мүшелері В.А. Коршанин т.б. мінбедегі сөйлеген сөздерінде облыс жұмысшыларының жағдайын сипаттап ауыр, жұмыс мерзімінің ұзақтығының қысқартуларын, жалақының көбейуін талап етті, жұмысшылар мен шаруаларды ортақ күреске шақырды (ӨРОМА. 132 қор. 1 тізбе. 123 іс. 9 п.). Шешендер сөз, баспасөз, бостандығын құрылтай жиналысының шақырылуын, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау негізінде демократиялық республиканың жариялануын күн тәртібіндегі басты мақсат ретінде түсіндірді (ӨРОМА. 132 қор. 1 тізбе. 140 іс. 14 п.).

Патша үкіметінің озбырлығына қарсылық көрсеткен жиынға қатысушылар Петербургтегі азап шеккен жұмысшылар мен олардың жанұяларына жәрдем ретінде 130 сом қаражат жинастырды.

Жиналыстың соңында царизмге қарсы аянбай күреске шақырған жергілікті социал-демократиялық ұйымның үндеулері таратылды. Полиция тергеуінің салдарынан біраз жергілікті белсенділер жұмыстан босатып, әртүрлі жазаға тартылды.

Көп ұзамай ақпан айының 19-да Ташкенттің көптеген мастерскойлары мен темір жол бойындағы жұмысшылардың ірі ереуілі басталды. Ықпалы оның көрші Перовск, Қазалы, Арал, Шымкент және Түркістандағы жұмысшылардың саяси толқуына әсерін тигізді. Осы өңірдегі теміржолшылар да өздерінің Экономикалық ахуалының жақсаруын, жұмыс күнінің қысқартуын талап етті.

1905 жылдың ақпан айында Орынбор-Ташкент темір жолындағы депо мастерской жұмысшылары да экономикалық талаптар көтеріп, мейрам күндері жұмыс күнін 12 сағаттан 8 сағатқа шегеруді, жалақы көбейтілуін, күнделікті тұрмыс-халдерін жақсартуын талап еткен саяси мәні бар ереуілдер ұйымдастырды. бұл оқиға Ташкенттен Қазанға дейінгі темір жол торабындағы жұмысшыларды қамтыды.

Ал Перовскінің депо-мастерской жұмысшылары бірнеше әріптестерін себепсіз жұмыстан босатуға қарсылық білдірді, екі күн бойы ереуілді тоқтатпады (Бекмаханов, 1957: 292). 1905 жылы сәуір айында Шымкент станциясындағы жұмысшылардың ереуілдері де осының жалғасы еді. 9 сәуірде жұмысшылар қайтадан бой көтеріп, 1905 жылы сәуір айының 2-де Ташкент социал-демократиялық тобының царизмге қарсы аяусыз күреске шақырған «Орта Азияның жұмысшы жалшыларына» деген саяси үндеуін таратты. Жұмысшылардың мұндай ереуілдерінің жиіленуінен қорыққан Орынбор-Ташкент жолының әкімшілік басқаруы бірсыпыра талаптарды орындауға мәжбүр болды. Бұл жағдай облыста теміржолшылардың бірқатар талаптарының орындауына әкелді (Шафири, 1965: 55).

Объективті түрде III съезден кейін РСДЖП-ның Ташкент комитеті облыста өзінің ұйымдастыру қызметін кеңейте түсті. Осының барысында 1905 жылы мамыр айының 1-де Ташкент пен Түркістан станцияларының жұмысшылары жұмысқа шықпай, «Жойылсын



самодержавие!» «Жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өз ісі» - деген ұрандар мен саяси маевкалар өткізді. Қаладағы кәсіпорын жұмысшыларының қатысуымен жергілікті социал-демократиялық топтардың бастауымен осындай маевка Перовскіде өткізілді. Осыдан іле сала Жосалы станциясы мен Қармақшы селосында Теміржол жұмысшыларынан байқалды. Әрине, Жұмысшы қозғалысы әсіресе облыстық әкімшілік орталығы Ташкентке анағұрлым қарқынды болды. Оны мамырдың 20-да қаланың бағында мыңдаған тұрғындар қатысуымен саяси рухта өткен ереуілдер дәлелдеді.

1905 жылдың жазынан теміржолшылардың бой көрсетулері ашық саяси сипат алды. Мысалы, Перовск жұмысшылары маусым-тамыз айларында вокзал маңына жиі жиналып жергілікті РСДЖП тобының бүкіл Ресей көлемінде болатын қарулы көтеріліске шақырған үндеулер мен листовкаларын таратты. Жиналыстардың инициативалары социал-демократиялық топтық мүшелері слесарь Давидов, ағаш ұстасы Торохов, слесарьдың шәкірті Бироков болды. Олар РСДРП-ның Ташкент комитетімен байланыс жасап отырды.

Қазан айының 16-19-да үлкен демонстрациялардың бірі облыс орталығында болды. Демонстранттар қаланың бірқалыпты жұмыс орындарын қиратып, жолдағы дүкендерді, оқу орындарын жапқызып, қаладағы түрмеге қарай беттеді (РФОМТА. 1276 қор. 1 тізбе. 66-іс. 5 п.). Кәсіпорындағы жұмысшылар, теміржолшылар, оқушы жастар, мұғалімдер оларға қосылып, қолдарына қызыл жалау алып революциялық өлеңдермен «Жойылсын самодержавие», 8 сағат жұмыс күні мен демократиялық республика жасасын» - деген ашық саяси ұрандармен қарсылықты күшейтті.

Еңбекшілердің жалпы бұқаралық демократиясы қазан айының 19-да Перовскіде басталды. Оған әр түрлі ұлттың еңбекшілері – орыстар, украиндар, белорустар, қазақтар, өзбектер және басқа ұлт өкілдері атсалысты. Вокзал маңындағы азық-түлік қоймасының үйінде өткізілген митингте РСДЖП жергілікті тобының өкілдері жалынды сөз сөйледі. Шешендер арасында депо жұмысшылары А. Исаев, А. Торохов, есепші Новаковский, студент Никольский және басқалар болды. Олар «Россиядағы азаттық қозғалыстың 50 жыл бойғы жалпы көрінісін сипаттап берді, тағы да патша өкіметіне қарсы, революцияға шақырды, стачкалық комитет құрылды, оған А. Торохов төраға болып сайланды. Мұқтаждық көрушілерге көмек көрсетуде, комитеттің бастамасымен сол жерде 200 сомнан астам қаржы жиналып жасақ құрылды. Келісіп қимылдау үшін комитет Темір жол жұмысшылары одағының Петербург және Ашхабад бөлімдерімен байланыс орнатты (ҚРОМА. 50-қор. 306 іс. 2 п.). Стачкалық комитет азық-түлік ісін шешуге атсалысты, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етті, Орынбор-Ташкент теміржолының Оңтүстік торабында поездардың қалтқысыз жүрісіне және телеграф қызметін үйлестіруге қатысты.

Облыстың басты қоныстарын қамтыған ереуілдер 1905 жылдың қараша желтоқсан айларын қамтып, жұмысшылардың санасының оянғанын көрсетті.

Қазан айының соңы қарашаның басында ереуілдер жалпы Орынбор-Ташкент темір жолының бүкіл Оңтүстік бөлігін қамтыды. Перовскіден 50 шақырым жерде Сұлутөбе станциясында Ташкенттен шыққан жолаушылар поезы тоқтатылды. Түркістаннан бастап Қазалы станциясына дейінгі жолдың Оңтүстік торабында поездардың қимылдау графигін жұмысшылар өздері бақылады (Асылбеков, 1955: 92).

Ереуілдер барысында оның басшыларын (Новаковский, т.б.) Жандарм полициясы түрмеге қамады. Ондай жазалау, қуғындау арқылы отаршылдық үкіметі бұқара халықтың бетін революциялық қозғалыстан аударуға тырысқаны нәтижесіз аяқталды.

1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа жоғарыда көрсетілгендей тек жұмысшылар қатысып қойған жоқ.

Сырдарияның Әулиеата, Перовск, Қазалы, Ташкент уездері мен Түркістан қаласында шаруалардың наразылықтары ашық көрінді. Күрес барысында жергілікті қазақтар өз еріктерімен бұрынғы орыс шаруаларына кеткен жерлерін қайтаруға тырысты. Мысалы, Перовскіде 1905 жылы осындай баскөтерулер саны 183-ке жеткен. Революциялық қозғалыстың алғашқы екі жылында шаруалар төленуге тиісті салықтарды өткізуден жаппай бас тартты. Осының бір дәлелі Ташкент уезі бойынша 121 мың сомның салығы қазынаға құйылмады.

1906 жылы Шаруалардың салық төлемеуін, өз міндеткерліктерін орындамауынан қазынаның жалпы жағдайы шиеленісіп кетті. Осындай жағдайлар Перовск уезінің Сауран, Әулиеата уезінің Ботамойнақ-Алмалы, Шымкент уезінің Арыстанды, Бадам т.б. болыстарында



да байқалды. Көптеген уездерде жер салығы 1906 жылы төленбеді. Сырдария Шаруаларының негізгі көкейкесті мәселелері жер болғандықтан ауылдарда, қыстақтар мен деревняларда жер үшін, су үшін күрес таластар күшейе берді.

Жер мәселесіндегі толқулар әртүрлі формаларда ұйымдастырып, Шаруалар полициядан жасқанбастан жергілікті озбыр байлардан, орыс кулактарының жерлерін басып ала бастады. Мысалы, 1906 жылы Әулиеата қаласы қарамағындағы жерлерден 1906 жылы, еңбекші шаруалар 136 десятина 215 сажен жерді қайтадан өздеріне қайтарды. Осындай жағдайлар Ташкент уезінің Аблық қыстағындағы, тағыда басқа оқиғалардан көрінді. Шаруалар арасындағы жалпы толқуларды ұйымдастырушы А.Н. Рувимов пен Тарасовтар үгіт жұмыстарын күшейтіп, оларды шаруалар одағына біріктіруге үгіттеді. Әулиеата уезінде саяси мәні бар үндеулердің «Барлық Ресей шаруаларына манифест», «Армия мен флоттағыларға манифест» т.б. көбейіп бара жатқандығын байқаған облыстың әскери губернаторы жоғарғы Петербургқа хабарлағанда, Сырдария шаруаларын революциялық күрестен аулақ ұстау үшін Әулиеата қаласында «петициялық науқан» ашқан (Сулейменов, 1963: 31). Шаруалардың талаптары бара-бара қарқынды сипат алды. Бір құжат келтірейік: Әулиеата уезінің Қарабаево селосындағы көшпелі Шаруалар Мерке участогының приставынан өздерін егістік жерлермен қамтамасыз етуді батыл түрде талап еткен. Осыдан сескенген уезд бастығы Ташкенттен бірнеше жүз қарулы казактарды шақыртуға мәжбүр болды. Ал селоның ақсақалы Рувимовтың «ақпатшаға тілі тигізгені үшін» жауапқа тартылды.

1906 жылы көкек айында Михайловка селосындағы «тәртіпсіздікті» тыйуда арнайы Казак отряды шақырылды. Қоныс аударушылар жері жоқ Шаруаларға жер бөлініп берілуін, салық мөлшерінің азайтылуын талап етті. Тек Әулиеата уезіндегі ғана емес, сонымен бірге Шымкент пен Перовск уездеріне орналасқан шаруалар арасында да осындай толқулар болды. Ташкент уезіне қоныс аударған шаруалар жағдайы тіпті ауыр еді.

Столыпиннің аграрлық саясатының ауыр салдарлары, қазақ жерлерін отарлаудың кең бағыт алуы, әрине, революцияның жаңа өрлеу кезінде де жағдайды шиеленістірді.

1910-1911 жылдары Ресейде Экономикалық жағдай біртіндеп өзгерді. Өнеркәсіптік өрлеу басталды да, үнсіздік кезеңі аяқталды. Экономикалық өрлеу жылдарында өнім өндіру де біршама ұлғайды. Мысалы, Ресейде 1909 жылы небәрі 1591 млн. пұт тас көмір, өндірілсе, 1913 жылы 2214 млн. пұтқа жетті, сол жылдары 191 млн-нан 300 млн пұтқа дейін болат балқытылды. Ресейде Өнеркәсіп орындарында 2413,8 мың жұмысшылар болса, 1913 жылы ол 3114,9 мыңға жетті, яғни 1910-1913 ж. аралықтарында жұмысшылардың саны – 27,3 процентке өсті (Метелица, 1961: 51).

Еліміздің орталығында болған революциялық өрлеу, Қазақстанды, соның ішінде Сырдария облысын қамтымай қоймады. Қазақ ауылы, өзбек қышлағы және қоныс аударушы орыс деревняларында әлеуметтік қайшылық шиеленісті. Жердің басым бөлігінің байлардың қолында қалуы тартысты үдетті. Мысалы, Перовск уезінің Шиелі болысында №12 ауылда өңдеуге жарамды 150 десятина жердің бәрі дерлік байдың қолында (Өсербаев, 1959: 33) болды және осы уездегі бар жылқының 57 қой, ешкінің 61, түйенің 48 проценті байлардың меншігінде болды.

В отчете указывалось, что падение урожайности наблюдалось только по одной сельскохозяйственной культуре - кормовой свекле эккендорфской, которой было получено 200-220 центнеров с гектара при среднем урожае за 6 лет в 238 центнеров. Причиной столь низкого урожая кормовой свеклы был то, что использовались старые семена урожая 1952 г. и только двукратный полив вместо четырех запланированных. Кроме того, под кормовую свеклу не вносились ни органические, ни минеральные удобрения.

Вопрос использования удобрений признавался одним из самых больных вопросов для «участка Восход». В 1954 г. с начала весны и до времени уборки урожая, на полях участка ни под одну культуру не было внесено никаких удобрений. Составители отчета признавали, что минеральные удобрения в хозяйстве имелись, но не отпускались, хотя под кормовые корнеплоды их следовало вносить обязательно. Имелись большие проблемы с использованием для удобрения полей навоза. Вывозка навоза на поля осуществлялась бессистемно и не вовремя. Использование навоза вместе с минеральными удобрениями в условиях правильного полива имело бы позитивный результат на повышение урожайности (ГА РФ. Ф. Р-9414. Оп. 1. Д. 145. Л. 43).

Силами сотрудников опытной сельскохозяйственной станции Карлага проводилось освоение целинных земель и планирование работ по проведению лесопосадок. Должность председателем комиссии по обследованию целинных и залежных земель северной половины Карагандинского совхоза занимал Д.С. Смирнов. В 1954 г. комиссией под его руководством была проведена большая работа: за 55 дней северной комиссией была обследована территория в 464.766 га. На этой площади комиссией было выделено земель, пригодных к распашке (с ожидаемым урожаем 7-6 центнеров зерна с гектара) 25.065 га, расположенных в 65 участках, каждый из которых был детально описан. Д.С. Смирнов принимал также участие при составлении перспективного плана развития сельского хозяйства Карагандинской области.



В ходе этой работы были сделаны предложения по улучшению использования естественных пастбищ и сенокосов, по использованию водных ресурсов области для лиманного орошения (ГА РФ. Ф. Р-9414. Оп. 1. Д. 145. Л. 30).

Об успехах опытной сельскохозяйственной станции Карлага публиковались в местной прессе – в 1954 г. опубликованы статьи в журнале «Сельское хозяйство Казахстана» (№ 10) и газете «Социалистическая Караганда», пять статей и две заметки в местной газете «За социалистическое животноводство» (ГА РФ. Ф. Р-9414. Оп. 1. Д. 145. Л. 32). Однако архивные документы свидетельствуют скорее о многочисленных трудностях системного характера, с которыми сталкивалось сельскохозяйственная станция. Публично руководство лагеря предпочитало об этом умалчивать, оправдываясь, например, в снижении урожаев перед руководством структуры ГУЛАГа в закрытых отчетах.

Заключение. Деятельность Опытной сельскохозяйственной станции Карлага является отражением одной из трагических страниц в истории Казахстана. Исследования, которые имели большое значение для развития земледелия на территории Казахстана, проводились силами заключенных, испытывающих в Карлаге многочисленные лишения. Параллельно с опытной сельскохозяйственной станцией Карлага работала сельскохозяйственная станция при Акмолинском лагере жён изменников Родины (АЛЖИР), которая в 1941 г. стала филиалом сельскохозяйственной станции Карлага.

Сохранение опытных сельскохозяйственных станций в структуре ГУЛАГа диктовалось потребностью обеспечить самокупаемость мест заключения, когда лагерный контингент обеспечивался выращиваемой ими же сельскохозяйственной продукцией. Лагеря обычно располагались в местах рискованного земледелия, поэтому требовалось проводить акклиматизацию существующих сельскохозяйственных культур и выведение новых сортов путем гибридизации. В сложных природных условиях Казахстана применение уже акклиматизированных сортов растений было гарантией получения стабильных урожаев.

Участие специалистов из категории заключенных в работе опытных сельскохозяйственных или животноводческих станций могло обеспечить им менее изнурительный труд, улучшало снабжение продовольствием, что, в конечном счете, позволяло выжить. Важной также для заключенного, имевшего высшее образование или научную степень, была возможность заниматься научной деятельностью.

Деятельность опытной сельскохозяйственной станции Карлага является, таким образом, одним из примеров закрытой организации научного труда.

Работа опытных сельскохозяйственных станций в структуре ГУЛАГа хотя и менее известна, чем работа «шарашек», однако имела большое значение для развития сельскохозяйственного производства в сложных природных условиях. Карагандинская опытная сельскохозяйственная станция и её работники заложили предпосылки для последующего освоения целинных земельных ресурсов, получившего распространение в СССР в 1954-1965 гг.

Источники

ГА РФ - Государственный архив Российской Федерации.

Список литературы

Абдрахманова, 2018 – Абдрахманова К.К. Научно-исследовательская деятельность ученых – заключенных КАРЛАГ в 1930–1950-е гг. // *Гуманитарные науки в Сибири*. 2013. № 2. С. 61-64.

Артамонова, 2018 – Артамонова В.С., Андроханов В.А. К 100-летию профессора Сергея Сергеевича Трофимова // *Почвы и окружающая среда*. 2018. № 1(2). С. 89– 92.

Бородкин, 2018 – Бородкин Л.И. Механизмы «перековки»: о мерах стимулирования труда в раннем ГУЛАГе // *Советский проект. 1917–1930-е гг.: этапы и механизмы реализации: сборник научных трудов*. Екатеринбург, 2018. С. 383–391.

ГУЛАГ, 2008 – ГУЛАГ: Экономика принудительного труда. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд Первого Президента России Б. Н. Ельцина, 2008. 320 с.

ГУЛАГ, 2000 – ГУЛАГ (Главное управление лагерей), 1917-1960. Москва: МФД, 2000. 888 с

Казакова, 2009 – Казакова К.А. Сельхозы Воркутлага в 1930–1950-е годы // *Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена*. 2009. № 12 (90). С. 48-53.



Лялин, 1995 – Лялин С.П., Перченко Ф.Ф. Репрессированные почвоведы. Записки Б. Б. Полянова о 1937 г. // *Трагические судьбы: репрессированные ученые Академии наук СССР*. Москва: Наука, 1995. С. 76-90.

Мусагалиева, 2022 – Мусагалиева А.С., Мусабекова Р.М. Карлаг в судьбе ученого Александры Зайцевой // *Вестник ВолГУ. Серия 4. История. Регионоведение. Международные отношения*. 2022. Т. 27. № 1. С. 115-128.

Сураганова, 2018 – Сураганова З.К. Алжир как феномен "женской" несвободы в репрессированной памяти казахского народа // *Северо-восточный гуманитарный вестник*. 2018. Т. 27. № 1. С. 64-72.

Хлевнюк, 2022 – Хлевнюк О.В. Экономика ОГПУ-НКВД-МВД СССР в 1930-1953 гг.: масштабы, структура, тенденции развития // *Советский проект. 1917–1930-е гг.: этапы и механизмы реализации: сборник научных трудов*. Екатеринбург, 2018. С. 67-89.

Шаймуханов, 1997 – Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. КарЛАГ. Караганда, 1997. 175 с.

Шаймуханова, 2011 – Шаймуханова С.Д. Вклад в научно-исследовательскую деятельность репрессированных ученых в Карлаге // *Современные проблемы науки и образования*. 2011. № 1. С. 15-18.

Шаймуханова, 2019 – Шаймуханова С.Д., Маратова Д.М., Бимаханова З.Ш., Абуов Н.А. Создание и функционирование на территории региона исправительно-трудового лагеря особого назначения «КАРЛАГ» // *International scientific review of the problems and prospects of modern science and education. Collection of scientific articles LVI International correspondence scientific and practical conference*. Boston, 2019. С. 24-28.

Шотбакова – Шотбакова Л.К., Зуева. Л.И. Развитие сельскохозяйственного производства в Карлаге: на основе архивных материалов научно-опытной станции по растениеводству. [Электронный ресурс]: URL:<https://e-history.kz/media/upload/1466/2014/08/11/128ebe55183ef77a43085266e0c1a741.pdf> (дата обращения: 15.11.2022)

Sources

SA RF – State Archive of Russian Federation.

References

Abdrakhmanova, 2013 - *Abdrakhmanova K.K. Nauchno-issledovatel'skaya deyatel'nost' uchenykh – zaklyuchennykh KARLAG v 1930–1950-ye gg.* [Research activities of scientists - prisoners of the KARLAG in the 1930s-1950s.]. *Gumanitarnyye nauki v Sibiri*. 2013. Nr 2. Pp. 61-64. (in Rus.).

Artamonova, Androkhanov, 2018 - *Artamonova V.S., Androkhanov V.A. K 100-letiyu professora Sergeya Sergeevicha Trofimova* [To the 100th anniversary of Professor Sergei Sergeevich Trofimov]. *Pochvy i okruzhayushchaya sreda*. 2018. Nr 1(2). Pp.89– 92. (in Rus.).

Borodkin, 2018 - *Borodkin L.I. Mekhanizmy «perekovki»: o merakh stimulirovaniya truda v rannem GULAGE* [Mechanisms of "reforging": on measures to stimulate labor in the early Gulag]. *Sovetskiy proyekt. 1917–1930-ye gg.: etapy i mekhanizmy realizatsii: sbornik nauchnykh trudov*. Yekaterinburg, 2018. Pp. 383–391. (in Rus.).

GULAG: *Ekonomika prinuditel'nogo truda* [Gulag: The Economics of Forced Labor]. Moscow, 2008. 320 p. (in Rus.).

Kazakova, 2009 - *Kazakova K.A. Sel'khozy Vorkutlaga v 1930–1950-ye gody* [Agricultural farms of Vorkutlag in the 1930s–1950s]. *Izvestiya Rossiyskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im A.I. Gertsena*. 2009. Nr 12 (90). Pp. 48-53. (in Rus.).

GULAG (Glavnoye upravleniye lagerey), 1917-1960. [GULAG (Main Directorate of Camps), 1917-1960]. Moscow, 2000. 888 p. (in Rus.).

Lyalin, Perchenok, 1995 - Lyalin S.P., Perchenok F.F. Repressirovannyye pochvovedy. Zapiski B.B. Polynova o 1937 g. [Repressed soil scientists. Notes by B. B. Polynov about 1937]. *Tragicheskiye sud'by: repressirovannyye uchenyye Akademii nauk SSSR*. Moscow, 1995. Pp. 76-90. (in Rus.).

Musagalieva, Musabekova, 2022 - *Musagalieva A.S., Musabekova R.M. Karlag v sud'be uchenogo Aleksandry Zaytsevoy* [Karlag in the fate of the scientist Alexandra Zaitseva]. *Vestnik VolGU. Series 4. History. Regional studies. International relationships*. 2022. Nr 1 (20). Pp. 115-128. (in Rus.).

Khlevnyuk, 2018 - *Khlevnyuk O.V. Ekonomika OGPU-NKVD-MVD SSSR v 1930-1953 gg.: masshtaby, struktura, tendentsii razvitiya* [Economy of the OGPU-NKVD-MVD of the USSR in 1930-1953: scale, structure, development trends]. *Sovetskiy proyekt. 1917–1930-ye gg.: etapy i mekhanizmy realizatsii: sbornik nauchnykh trudov*. Yekaterinburg, 2018. Pp. 67-89. (in Rus.).

Shaymukhanov, Shaymukhanova, 1997 - *Shaymukhanov D.A., Shaymukhanova S.D. Karlag* [Karaganda Corrective Labor Camp]. Karaganda, 1997. 175 p. (in Rus.).

Shaymukhanova, 2011 - *Shaymukhanova S.D. Vklad v nauchno-issledovatel'skuyu deyatel'nost' repressirovannykh uchenykh v Karlage* [Contribution to the research activities of repressed scientists in Karlag]. *Sovremennyye problemy nauki i obrazovaniya*. 2011. Nr 1. Pp. 15-18. (in Rus.).



Shaimukhanova S.D. et al., 2019 - *Shaimukhanova S.D., Maratova D.M., Bimakanova Z.Sh., Abuov N.A.* Sozdaniye i funktsionirovaniye na territorii regiona ispravitel'no-trudovogo lagerya osobogo naznacheniya «KARLAG» [Creation and functioning in the region of the special-purpose labor camp "KARLAG"]. *International scientific review of the problems and prospects of modern science and education. Collection of scientific articles LVI International correspondence scientific and practical conference.* Boston, 2019. Pp. 24-28. (in Rus.).

Suraganova, 2018 - *Suraganova Z.K.* ALZHIR kak fenomen "zhenskoy" nesvobody v repressirovannoy pamyati kazakhskogo naroda [ALZHIR as a phenomenon of "female" lack of freedom in the repressed memory of the Kazakh people]. *Severo-vostochnyy gumanitarnyy vestnik.* 2018. T. 27. № 1. Pp. 64-72. (in Rus.).

Shotbakova, Zuyeva - *Shotbakova L.K., Zuyeva L.I.* Razvitiye sel'skokhozyaystvennogo proizvodstva v Karlage: na osnove arkhivnykh materialov nauchno-opytnoy stantsii po rasteniyevodstvu. [Elektronnyy resurs] [The development of agricultural production in Karlag: based on archival materials of the research and experimental station for crop production] <https://e-history.kz/media/upload/1466/2014/0/11/128ebe55183ef77a43085266e0c1a741.pdf> (data obrashcheniya: 15.11.2022) (in Rus.).



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 4, pp. 792-807, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_792-807

**СТРАТЕГИИ «ВЫЖИВАНИЯ» КАЗАХСКИХ МУЛЛ В XX ВЕКЕ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА)**

Гүлдана Абайқызы Мамбетова¹, Аширбек Курбанович Муминов²

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, (д. 34, пр. Молдагуловой, 030000 Актюбе, Республика Казахстан)

PhD докторант исторического факультета

 <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331>. E-mail: guldanamambetova@gmail.com

²Исследовательский центр по исламской истории, искусству и культуре (ИРСИКА), Организация исламского сотрудничества (ОИС), (Носараға Маһ. Alemdar Caddesi No. 15, Bâbüâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye)

доктор исторических наук, ассоциированный профессор,
консультант по деятельности в Центральной Азии

<https://orcid.org/0000-0002-3430-928X> E-mail: muminov9703@yahoo.com

Аннотация. *Введение.* В данной статье анализируется стратегия «выживания» казахских мулл в XX веке в ходе политики советского правительства в отношении духовенства на казахской земле. В последние 3 года по поручению Главы государства идет процесс полной реабилитации, осуществляется сборы данных невинно преследуемых и расстрелянных байкулаков, религиозных деятелей, политических жертв 20-30-х годов XX века. Этот вопрос требует комплексного, тщательного исследования. Потому что во время репрессии и гонении многие наши муллы и религиозные лидеры были вынуждены бежать через границу в соседние государства, чтобы спасти себя и свои семьи, и даже некоторых из них сознательно заставляли выезжать в другие государства в ходе репрессии, об этом свидетельствуют архивные документы. *Цель и задачи исследования.* Принятие повсеместно навязываемого советской властью атеистического взгляда и демонстрация уязвимости в борьбе с религией является стратегией «выживания» казахских мулл, т. е. выживания религиозно настроенного простого народа, чтобы сохранять ислам в стране и в первую очередь спасти самого себя и свою семью. Это связано с тем, что обычные религиозные общины, зная, что противостоять армии и политике колониального государства будет трудно, поэтому без возражений принимали все правила и запреты, издаваемые советской властью. В некоторых случаях на архивных материалах можно увидеть небольшие бунты и протесты религиозных лидеров. Однако в такой ситуации они были быстро подавлены и разгромлены со стороны советской армии. *Результаты.* В ходе написания статьи использовались методы сравнительного анализа, принцип историзма, систематизации. Авторы представляют ее на основе работ доктора исторических наук, профессора Муминова Аширбека Курбановича, писавшего о стратегии «выживания» в отечественной историографии, и документов Актюбинского областного государственного архива, а также итоговых материалов комиссии по полной реабилитации политических жертв по специальному поручению главы государства. Для достижения заявленной нами цели прежде всего рассматривалось значение термина стратегии «выживания» и политики советской власти в отношении духовенства, политики в отношении к религии в казахской земле и религиозности населения в целом. *Заключение.* Ислам сыграл



важную роль в истории казахского народа, особенно в период перехода к атеистическому обществу, основанному на гонениях и колониационной политике советской власти, и способствовал определению обычаев нашего народа. Направляя духовное будущее казахского народа и претерпевая различные преобразующие изменения вплоть до распада Советского Союза, ислам сыграл роль идеологического оружия в результате деятельности наших религиозных деятелей и мулл западного региона Казахстана, адаптируясь к различным социальным и политическим условиям.

Ключевые слова: «ишан», стратегия «выживания», «ОГПУ», политические жертвы, диаспора, «красный террор», колониализм, религиозная трансформация, «вынужденные беженцы».

Благодарность: Статья подготовлена в рамках грантового проекта ГФ № AP09259029 «Исторические личности Великой степи XVIII – 30-гг. XX вв. (на материалах Западного Казахстана)» финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.


Для цитирования: Мамбетова Г.А., Муминов А.К. Стратегии «выживания» казахских мулл в XX веке (по материалам Западного Казахстана) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 4. С. 792-807. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_792-807

ҚАЗАҚ МОЛДАЛАРЫНЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ «АМАН ҚАЛУ» СТРАТЕГИЯСЫ (ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІ)

Гүлдана Абайқызы Мамбетова¹, Әшірбек Құрбанұлы Мүминов²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (34-үй, Молдағұлова даңғ., 030000 Ақтөбе, Қазақстан)

Тарих факультетінің PhD докторанты

 <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331> E-mail: guldanamambetova@gmail.com

²Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (ИРСИКА), Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ОИС), (Носараша Маh. Alemдар Caddesi No. 15, Bâbiâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye)

Тарих ғылымдарының докторы, доцент, Орталық Азиядағы қызмет бойынша кеңесші

<https://orcid.org/0000-0002-3430-928X> E-mail: muminov9703@yahoo.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Мамбетова Г.А., Мүминов Ә.К., 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Мақалада кеңес үкіметінің қазақ жеріндегі діни тұлғаларға қатысты жүргізген қудалау саясаты барысындағы XX ғасырдағы Қазақстан молдаларының «аман қалу» стратегиясы талданады. Соңғы үш жылдықта Мемлекет басшысының тапсырмасымен тарихымыздың ақтандақ кездеріндегі жазықсыз қудаланған, атылған бай-кулак, дінбасылар, яғни XX ғасырдың 20-30 жылдардың саяси құрбаны болған жандарды толық ақтау, олар туралы деректерді жинау, біріктіру процестері жүзеге асуда. Аталған мәселе жан-жақты зерттеуді талап етеді. Себебі репрессия, жазалау кезінде көптеген молда, діни қызметкерлеріміз ең алдымен жеке басын, отбасын сақтап қалу мақсатында көршілес мемлекеттерге шекара өтіп кетуге мәжбүр болды, тіпті кейбіреулерін әдейі басқа мемлекеттерге мәжбүрлеп қудалау шаралары болғанын мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Кеңестік биліктің жалпыға міндеттеген атеистік көзқарасын қабылдап, дінмен күресте осалдық танытудың өзі Қазақстан молдаларының «аман қалу» стратегиясы болып табылады, яғни діни көзқарастағы қарапайым халықтың аман қалуы үшін, қазақ жеріндегі діни жағдайдың, дін өкілдерінің кеңестік биліктің жүргізген атеистік саясатына бейімделу арқылы, түрлі трансформациялану жағдайында қазақ жеріндегі ислам дінінің сақталып, өмір сүруге деген талпынысын дәлелдеу аталған мақаланың мақсат-міндеттерін құрап отыр. *Нәтижелер.* Отаршыл мемлекеттің әскеріне де, саясатына қарсы тұру қиынға соғатынын білген қарапайым діни бірлестіктер кеңес билігінің барлық шығарған ережелері мен тыйымдарын еш қарсылықсыз қабылдады. Кей жағдайларда мұрағат беттерінде көтерілістер мен қарсылықтардың болғанын көруге болады. Алайда, ондай жағдайда тез басылып, кеңестік әскер тарапынан жаншылып отырды. Мақала жазу барысында салыстырмалы анализ, тарихилық, жүйелілік әдістері қолданылды. Авторлар отандық тарихнамадағы «аман қалу» стратегиясы



туралы жазып жүрген тарих ғылымдарының докторы, профессор Мүмінов Әшірбек Құрбанұлының еңбектері мен Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің құжаттары, сондай-ақ, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен саяси-құрбандарды толық ақтау жөніндегі комиссияларының қорытынды материалдары негізінде ұсынылып отыр. Алға қойылған мақсатымызға жету үшін, алдымен «аман қалу» стратегиясының сипаттамасы, сондай-ақ кеңес билігінің дінбасыларға қатысты ұстанған саясатын, жалпы дінге және діншілдікке қатысты саясатының мән-мағынасы да қарастырылды. *Қорытынды.* Ислам діні қазақ халқының тарихында, әсіресе кеңестік билік жүргізген кудалау, отарлау саясатқа негізделген атеистік қоғамға бетбұру кезеңінде маңызды рөл атқарып, ұлтымыздың салт-санасын айқындауға үлес қосты. Қазақ халқының рухани болашағына бағыт-бағдар беріп, Кеңес Одағы ыдырағанға дейін түрлі трансформациялық өзгерістерге ұшырай отыра, Қазақстанның батыс өңірінің діни қайраткерлері мен молдаларының түрлі әлеуметтік, саяси жағдайларға бейімделу арқылы жүзеге асып отырған қызметтері нәтижесінде ислам діні идеологиялық қару рөлін атқарып келді.

Кілт сөздер: «ишан», «аман қалу» стратегиясы, «ОГПУ», саяси құрбандар, диаспора, «қызыл террор», колониализм, діни трансформация, мәжбүрлі босқындар».


Алғыс айту. *Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан (№АР09259029 «XVIII ғ. – XX ғ. 30-жж. Ұлы даланың тарихи тұлғалары (Батыс Қазақстан материалдары негізінде)» гранттық жобасымен қаржыландырылған.*

Дәйексөз үшін: Мамбетова Г.А., Мүмінов Ә.Қ. Қазақстан молдаларының XX ғасырдағы «аман қалу» стратегиясы (Қазақстанның Батыс өңірі) // *Отан тарихы.* 2023. Т. 26. № 4. С. 792-807. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_792-807

STRATEGIES OF “SURVIVAL” OF THE MULLAHS OF KAZAKHSTAN IN THE TWENTIETH CENTURY (THE WESTERN REGION OF KAZAKHSTAN)

Guldana Abaikyzy Mambetova¹, Ashirbek Kurbanovich Muminov²

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University, (34, Moldagulova av., Aktobe, 030000 Republic of Kazakhstan)
PhD student of the Faculty of History

 <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331>. E-mail: guldanamambetova@gmail.com

²Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), Organization of Islamic Cooperation (OIC), (Hocapaşa Mah. Alemdar Caddesi No. 15, Bâbüâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye)
Dr. Sciences (History), Associate Professor, Consultant on Organizational Activities (Central Asia)
<https://orcid.org/0000-0002-3430-928X> E-mail: muminov9703@yahoo.com

Annotation. Introduction. This article analyzes the strategy of "survival" of the Kazakh mullahs in the twentieth century in the course of the Soviet government's policy towards the clergy in the Kazakh land. At present, on behalf of the Head of State, the process of full justification is underway, data are being collected on innocently persecuted and executed Baikulak, religious figures, political victims of the 20-30s of the twentieth century. *Objectives.* This issue requires a comprehensive, thorough study. Because during the repressions and punishments, many of our mullahs and religious leaders were forced to flee across the border to neighboring states in order to save themselves and their families, and even some of them were deliberately forced to move to other states during the reprisals, this is evidenced by archival documents.. Acceptance of the atheistic view imposed by the Soviet authorities everywhere and demonstrating vulnerability in the fight against religion is a strategy for the "survival" of the Kazakh mullahs, that is, the survival of the religiously inclined common people in order to preserve Islam in the country. This is due to the fact that ordinary religious communities, knowing that it would be difficult to resist the army and the policy of the colonial state, therefore, accepted all the rules and prohibitions issued by the Soviet government without objection. In some cases, small riots and protests can be seen on the archive pages. However, in such a situation, they were quickly suppressed and defeated by the Soviet army. In the course of writing the article, were used the methods of comparative analysis, historicism and systemic approach. *Result.* The authors present it on the basis of the works of the Doctor of Historical Sciences, Professor Muminov Ashirbek Kurbanovich, who wrote about the strategy of "survival" in national historiography, and the



documents of the Aktobe regional archive, as well as the final materials of the commission for the full rehabilitation of political victims on special order from the head of state. To achieve the to achieve the stated objective we will first of all consider the meaning of “survival” strategy and politics of the soviet power towards clergy, religion on Kazakh land and degree of population religiosity in general. *Conclusion.* Islam played an important role in the history of the Kazakh people, especially during the transition to an atheistic society based on the persecution and colonization policies of the Soviet regime, and helped define the customs of our people. Guiding the spiritual future of the Kazakh people and undergoing various transformative changes until the collapse of the Soviet Union, Islam played the role of an ideological weapon as a result of the activities of our religious leaders and mullahs of the western region of Kazakhstan, adapting to different social and political conditions.

Keywords: «ishan», «survival» strategy, political victims, diaspora, «red terror», colonialism, religious transformation, «forced refugees».

Acknowledgements. «This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No AP 09259029 “Historical figures of the Great Steppe of the XVIII – 30s. XX centuries (based on materials from Western Kazakhstan)»

For citation: Strategies of “survival” of the mullahs of Kazakhstan in the twentieth century (the Western region of Kazakhstan). *Otan tarihy.* 2023. Vol. 26. No. 4. Pp. 792-807 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_792-807

Кіріспе. Кеңес үкіметі әкімшіл – әміршіл жүйеге сүйеніп, большевиктік партия билігі қоғамның барлық саласында идеологиялық диктат, қатаң бақылау жасау саясатын жүргізгенін білеміз. Сонымен бірге қазақ халқын шоқындыру мен орыстандыруға бағыттаған коммунистік партияның «солақай саясаты» ғалымдар, бай-кулактар, дінбасы молдалар, әскерилер, т.б. қоғамның барлық әлеуметтік топтарын XX ғасыр басында жазықсыз қудалады. Бұл мақала ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әр ұлтқа тіл, дін, діл және жазу керек деп айтып кеткеніндей, қазақ қоғамының маңызды рухани бөлігі - дінімізге қатысты болып отыр, соның ішінде ел тарихындағы репрессиялар мен жазықсыз қудалауға ұшыраған әлеуметтік топ өкілдерінің бірі – молдалардың тарихи тағдырына арналады. Кеңестік биліктің атеистік көзқарасын қабылдап, дінмен күресте осалдық танытудың өзін қазақ молдарының «аман қалу» стратегиясы ретінде қарастыра отырып, яғни діни көзқарастағы қарапайым халықтың аман қалуы үшін жасалғанын, қазақ жеріндегі діни жағдайдың, дін өкілдері лидерлерінің кеңестік биліктің жүргізген атеизм саясатына бейімделу арқылы, діни трансформациялану жағдайында қазақ жеріндегі ислам дінінің сақталып, өмір сүруге деген талпынысын дәлелдеу біздің мақаламыздың мақсат-міндеттерін құрап отыр. Себебі отаршыл мемлекеттің әскеріне де, саясатына қарсы тұру қиынға соғатынын білген қарапайым дін басшылары кеңес билігінің барлық шығарған ережелері мен тыйымдарын қарсылықсыз қабылдауға мәжбүр болды. Қазақстанның батыс өңіріндегі көтерілістер мен қарсылықтардың болғанын мұрағат беттерінен көруге болады. Алайда, ондай жағдайда тез басылып, кеңестік үкіметі тарапынан жаншылып отырды. Белгілі деректанушы Қ. Атабаев айтқандай, қазақ халқының бодандыққа еш уақытта көнбеген, бостандық үшін күресе білген халық екенін екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу – қазақ тарихшыларының алдында тұрған жауапты міндет екенін естен шығармауымыз қажет. Себебі, Ресей билігінің кеңестік кезеңіндегі исламға қатысты саясатының бір ерекшелігі - отарлық саясаттың күшейген тұстарында қатыгездік сипатта болғанын көрсету болып табылады.

Соңғы үш жылдықта Қазақстанда кеңес үкіметінің билігі кезіндегі дінге қарсы күрес, тарихымыздың ақтандақ тұстары – репрессияға ұшыраған бай, кулактар, ашаршылық жылдарының құрбандары, жазықсыз жазаланған, түрлі айып тағылған дінбасы, молдалардың тағдыры көптеп зерттелуде. Себебі жаңа Қазақстанда тарихқа көзқарас таптық емес, өркениетті, объективті жазылуы тиіс. Осы орайда Президент Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы құрған комиссиясының қорытынды материалдарында тақырыбымызға қатысты құнды деректер бар. Сонымен қатар, ауызша тарих, Oral history деп жатамыз, еліміздің тарихының осындай күрделі кезеңдерін сипаттауда, оларды зерттеуде маңызды орын алатын маңызды зерттеу әдістерінің бірі. Деректанулық маңыздылығы жоғары болып табылатын құнды еңбектерде қазіргі таңда көптеп қолданылып жүр. Себебі бір ғасыр бұрын кеңестік отаршыл саясат құрбандарына айналған



тұлғалардың ұрпақтарының естеліктері, интервью, заманхаттарын алдыңғы орындарға қою арқылы, жаңа мәнге, жаңа көзқарастар арқылы тарихи зерттеулерге екінші дем беруге болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тәуелсіздік алғанға дейін, кеңестік авторлардың еңбектері мемлекеттің дінге қарсы саясатын қолдауға және насихаттауға, атеистік дүниетанымды негіздеу мен орнықтыруға, және үгіттеуге бағытталып келді. Көптеген еңбектер 1920-1930 жылдардағы Кеңес үкіметінің атеистік тәжірибесін сипаттауға арналып, зерттеулер ескі және жаңа дүниенің элементтері ретінде кеңес мемлекетінің діні мен идеологиясының үйлесімсіздігі идеясын ұсынды. Мақала дайындау барысында сол себепті таптық көзқарастағы емес, кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты жағдайында исламның қазақтардың өмірінен шеттелуіне байланысты жазылған қазақстандық тарихшылардың заманауи зерттеулері мен диссертациялары деректік қорымыздың бірінші тобын құрайды. А.С. Жанбосынованың (Жанбосынова, 2010) зерттеулері Қазақстанның Шығыс өңіріндегі мемлекет-дін қарым-қатынастары мен осы өңірде жүргізілген қудалау саясатын талдайды. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысындағы діни қызметкерлердің қудалауға ұшырауына байланысты «Репрессивная политика Советского государства в 20-50 е годы XX века» (на примере Восточного Казахстана) кандидаттық диссертациясында репрессияға ұшыраған тұлғаларды ұлтына, діни қызмет статусына, атқаратын жұмыс орындарына, тағылған айыптарына байланысты толық талдау жасаған (Жанбосынова, 2010: 255-259 бб). Г.М. Раздыкова (Раздыкова, 2007) қазақтардың мұсылмандық білім беру жүйесі мен этникалық құрамын зерттесе, З.Г. Сактаганова (Сактаганова, 2017) кеңес мемлекетінің дін саясаты, формалары мен әдістерін талдап, дінге қарсы күрестің заңнамалық негіздемесіне баса назар аударады. XX ғасыр екінші жартысындағы діни ахуал толығырақ қарастырылып, кеңестік қазақстандықтардың күнделікті өміріндегі исламның рөлі белгілі бір кезеңдердегі белсенді дінге қарсы күресіне қарамастан, Қазақстанның әртүрлі аймақтарында дін өте маңызды болды деп тұжырым жасайды. Зерттеуші А.М. Садыкованың (Садыкова, 2015) Қазақстандағы діни мекемелердің мемлекеттен бөлу саясатының жүзеге асырылуын зерттеп, қарастырылып отырған мәселеге қатысты шетелдік, кеңестік, қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне тарихнамалық талдау жасайды, ал, А.А. Мустафаеваның (Мустафаева, 2013) зерттеуінде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңдеріндегі исламның қайта жаңғыруының ішкі факторы ретінде идеологиялық вакуумды толтыру қарастырылса, сыртқы фактор ретінде мұсылман елдерімен дипломатиялық қатынастардың орнатылуын көре аламыз. С.У.Бакторазов, (Бакторазов, 2022, 2023) кеңес үкіметінің Қазақстанның оңтүстік өңірінде жүргізген қуғын-сүргін (1917-1939 жж.) саясатын зерттей келе, репрессияға ұшыраған тұлғаларға этникалық талдау жасаған, 70-тен аса қудаланған өзбек азаматтарының тізімін көрсетеді. Ал, зерттеуші С.Д. Дильманов (Дильманов, 2003) еңбегінде репрессияланған қазақ молдаларының түзету-еңбек лагерлеріндегі өмірі туралы мәліметтер келтірілген.

Кеңес өкіметінің орнаған алғашқы күндерінен бастап мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың екіжақты сипаты туралы Сактаганова З.Г., Мажитова Ж.С., Аймахов Е.Н. (Сактаганова және басқалар, 2017:191-200) жазады. Отандық тарихнамада З.Сәдуақасованың еңбектері Ресей самодержавиесінің Оңтүстік Қазақстандағы діни саясаты мен Түркістандағы «мұсылман мәселесін» шешу мәселелеріне арналып, зерттелген (Сәдуақасова, 2002: 85-92).

Қазақстан тәуелсіздік алғалы ислам тарихы мен қазақ жеріндегі эволюциясына қатысты көптеген еңбектер жазылып, айтылмаған тұстары тарих беттеріне қайта шыға бастады. Соңғы үш жылдықта Қазақстанда кеңес үкіметінің билігі кезіндегі діни жағдай, тарихымыздың ақтандақ тұстары – репрессияға ұшыраған бай, кулактар, ашаршылық жылдарының құрбандары, жазықсыз жазаланған, түрлі айып тағылған дінбасы, молдалардың тағдыры көптеп зерттелуде. Себебі жаңа Қазақстанда тарихқа көзқарас таптық емес, өркениетті, объективті жазылуы тиіс. Сондықтан да, қазіргі отандық тарихнамада исламның қазақ жеріндегі рөлі мен маңызы туралы ғылыми мәселелер көптеп зерттеліп, отан тарихындағы таптық тұрғыда емес, шынайы деректер тобының қатарын толықтыруда. Осы орайда Президент Қ.К. Тоқаевтың арнайы тапсырмасы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы құрған комиссиясының қорытынды материалдарында аталған тақырыбымызға қатысты құнды деректер бар. Сол себепті де аталған құжаттық жинақтардың 5, 21, 32, - ші томдары мақала дайындау барысында қолданылды.



Ауқымды, нақты тарихи фактілерді қажет ететін мәселемізге қатысты мәліметтер ҚР-ның Президенттік архивіндегі 141-қор (Қазақ өлкелік комитеті), Ақтөбе мемлекеттік облыстық архивіндегі 3-ші қор (Мұсылман депутаттарының Ақтөбе аудандық атқару комитеті), 4-ші қор (Жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары кеңесінің Ақтөбе губерниялық атқару комитеті), 13-қорынан (Ақтөбе қаласының пролетарлық аудандық халықтық бақылау комитеті) алынды.

Зерттеу тақырыбымызға қатысты мәліметтердің келесі бір тобына Ақтөбе облысының Мемлекеттік архиві мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне қарасты «Руханият» орталығында сақталған материалдары жатады. Онда «Сталиндік репрессия» кезінде қудаланған молдалар мен дінбасылар туралы біршама деректер сақталған. Кеңестік биліктің дінге қатысты қатыгез саясатының нәтижесінде туған жерін тастап Ресей жеріне қашып, тірі қалу мақсатында қызметін, аты-жөнін жасыруға мәжбүр болған молдалар мен ишандардың ұрпақтары өз ата-бабалары туралы мәліметтерді іздестіруде. Зейнеткер, өлкетанушы, Ақтөбе облыстық тарихи – өлкетану музейі жанындағы «Руханият» клубының төрағасы, 2016 жылы құрылған «Аманат» экспедициясының жетекшісі, діни қайраткерлердің өмірінен зерттеу жұмыстарын жинақтап, республикалық «Тұран-тв» түсіру тобымен Ақтөбе облысы аумағындағы көне мешіт медреселер және онда қызмет еткен ахундар мен хазіреттер, дін өкілдері туралы 5 бөлімнен тұратын «Аманат» фильмінің жоба жетекшісі – Абдуллина Жібек апайымыз солардың бірі болып табылады. Сондай-ақ, Сталиндік репрессия кезінде қудаланып, кейіннен Қарақалпақ, Өзбекстан жерлерін паналап, діни қызмет атқарған аталарын зерттеп жүрген Ақтөбе облысы, Шалқар ауданындағы «ұстаздардың ұстазы» атанған Әбдіғалым ишанның немересі Махмут Әбдіжәлиұлы мен өлкетанушы Жібек Абдуллинаның интервьюлері мақаламыздың деректік қатарын толықтырып отыр. Себебі, қазіргі таңда ауызша тарих көптеген тарихи зерттеулерді тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан саралап, зерттеуде шынайы деректердің көбеюіне үлесін қосып отырғаны сөзсіз.

Мақала жазу барысында тарих ғылымында қалыптасқан тарихилық, объективтілік, жүйелілік принциптері басшылыққа алынып, колониализм теориясы қолданылды. Сонымен бірге зерттеу барысында нақты-салыстырмалы талдау, сипаттау, деректің шынайылық деңгейін анықтау, интервью алу әдістері қолданыс тапты. Объективтілік принципі мақаламызда қозғалыстың сипатын ашып, салдарлары мен нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдіснамалық негізі пәнаралық көзқарас болып табылады. Себебі, пәнаралық көзқарас жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың әдістерін тарих, гуманитарлық ғылымдарда табысты пайдалануға мүмкіндік беріп отыр.

Талқылау. Отандық тарихнамада мақаламызда қолданып отырған «аман қалу» стратегиясы термині тар мағынада қолданылып жүр. Себебі шетелдік көптеген ғалымдар бұл терминді негізінен биология, психология, генетика, экология, экономика салаларында кеңінен пайдаланады. Украиналық зерттеуші Н. Кузовова «өмір сүру» стратегиясы терминін (стратегия выживания) мағынасын тарих ғылымында 1932-1933 жылдардағы ашаршылық тарихын зерттеуде қолданудың перспективалары мен практикасын қарастыра отырып, тарих ғылымында нақты анықтамасы жоқ екенін айтады (Кузовова, 2022: 96-106). Алайда «аман қалу» стратегиясын тарих ғылымында қолданылуын ауызша тарих, баяндау, естеліктермен бөлісу секілді әдістермен тығыз байланысты зерттеу керек. Себебі, біз қарастырып отырған мәселеде қуғын-сүргінге ұшыраған, жазықсыз жазаланған әлеуметтік топ өкілдері діни қызметкерлердің ұрпақтарының естеліктері, мемуарлары мен ата-бабаларының баяндаған естелік әңгімелері құнды деректер тобына жатар еді. Сондай-ақ естеліктер, күнделіктер, жеке жазбалар мен заманхаттардың басты ерекшелігі – пайда болу негізі жағынан жеке адамдық деректер тобына жатқандықтан, олар аса субъективті болып келеді. Себебі, жеке адамның замандастары және келешек ұрпақ үшін өзі қатысқан тарихи оқиғалардағы іс-тәжірибесін көрсету ондағы өзінің орнын ой елегінен өткізу, болған оқиғаларды адамның жадында қалпына келтірудің ерекше құралы ретінде маңыздылығы жоғары. Осы орайда Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің қызметкері Н.А. Артеменконың 2020 жылғы мақаласындағы ауызша тарих пен адам жадының арақатынасы, травматикалық тәжірибедегі баяндау ерекшеліктерін талдай келе, «бір дәуір ұстанатын белгілі-бір ұғымдар мен терминдер бар және мұндай ұстану сол дәуірдің диагнозы, заманның белгісі ретінде әрекет етеді» - деген тұжырымдамалары ойға келеді (Артеменко, 2020:14-33). Автор адам жадындағы естеліктерді белгілі-бір травматикалық



жағдайды баяндайтын әңгімелерге теңеп, жеке, тіпті ұлттық, әлеуметтік бірегейлікті бұзуға алып келетін деструктивті мәселелер қатарына жатқызған. Сол себепті де, репрессияға ұшыраған діни қызметкерлердің ұрпақтары үшін, жалпы кеңес үкіметі билігі тарапынан қуғындалған ата-бабалары туралы еске алу қиын екендігін, ұрпақтарының санасына травматикалық естеліктерді баяндау психологиялық түрде оңай болмағандықтан, қоғамда аз айтылып, зерттеліп жүргенін мойындауымыз керек. Қазақстан тарихында аталған терминді алғашқылардың бірі болып қолданып жүрген тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.К. Мүмінов болды. Тарихшы ғалым «аман қалу» стратегиясы ұғымын Ресейдің кеңестік және патшалық кезеңіндегі дінбасылар мен молдаларына қарсы жүргізген саясатын зерттеуде пайдалануда. Жалпы, Ә.К. Мүміновтың (Мүмінов, 2007, 2017, 2019) зерттеулерін аталған мәселені зерттеудегі тарихнамалық маңызды зерттеулер тобына жатқызуға болады.

Ислам – Ресейдегі және одақ территориясындағы православиеден кейінгі екінші үлкен дін болғандықтан кеңес халықтарының мұсылман бөлігі мен большевиктер арасындағы қарым-қатынастардың дамуын көптеген шетелдік, орыс, қазақ авторлары зерттеді. Таптық идеологияны насихаттауға бағытталған кеңестік еңбектерде бұл термин мүлде қолданылмайды.

Аталған терминге қатысты көршілес Қырғызстан мен Якутия тарихын зерттеуде қолданылған еңбектермен салыстырар болсақ, «Стратегия выживания Якутских интеллигенции в XX веке» атты монографияда 1930-1940 жж. Ресей билігі тарапынан якут халықтарының білімді зиялы өкілдеріне тағылған айыптар мен қуғындау басталғаны жазылады. Якуттардың жоғары білім алуға қызығушылығы, олардың қоғамның барған сайын күрделене түскен әлеуметтік құрылымына бейімделуге ұмтылысын көрсетті. Себебі, Якут АССР-інде жоғары білімі бар мамандардың саны 1955 жылы 5,2 мың адамнан 1985 жылы 61 мың адамға дейін өссе, оның ішінде инженерлер 1,3 мыңнан 25,1 мыңға дейін, агрономдар, ветеринарлар, орманшылар 0,3 мыңнан 3,3 мыңға дейін, дәрігерлер 0,7 мыңға дейін, мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері мен кітапханашылар 8 мыңнан 20,6 мыңға дейін өскен екен. Алайда, 1960 жылдан кейін Якут АССР-де мектептердегі білім беру жүйесі орыс тіліне ауысқаннан кейін, өз тілін білмейтін интеллигенция өкілдерінің саны өскен болатын (Иванов, 2007:186-187). Бір жағынан якут зиялы өкілдерінің қалыптасқан саяси-идеологиялық жағдайдағы «аман қалу» стратегиясын тіл мәселесіне қатысты зиянды пайдасыз жақтарын көруімізге болады. Бұл мәселеден ел тарихындағы ұқсас тұстарын байқаймыз, себебі, атеистік қоғам құру мақсатындағы күрестер мен жүргізілген ауқымды әрекеттерден, мектептерде, университеттерде білім алған сауатты, зиялы қазақ жастарының арасында Якутиядағы сияқты тіл мәселесімен қатар, діни сауатсыздықтың орын алғанын көре аламыз.

Көршілес Қырғызстанның 2010 жылы Ош қаласында болған қақтығыстан өзбек қауымының аман қалу стратегиясы ретінде – некені қарастырған қызықты бір мақала бар. Ол жерде Өзбекстанмен шекаралас қырғыз елінің оңтүстігіндегі Ош қаласында тұратын өзбек қыздарды ата-анасы күштеп, ертерек некеге отыруына жағдай жасағаны айтылады, себебі 2010 жылы Ошта этникалық қақтығыс кезінде жыныстық зорлық-зомбылықтар өте көп болғандықтан, өзбек қауымы Оштағы өз қауымын құрметтеу, әйелдерді сексуалды зорлық-зомбылықтардан қорғау, оларды болдырмау мақсатында, жергілікті өзбектер неке қиюды ұлт ретінде «аман қалудың» бір жолы ретінде пайдалана бастағанын мақала авторы интервью әдістері бойынша зерттеген (Исмаилбекова, 2016:158).

Ресей тарихнамасындағы аталған терминге қатысты тарихи зерттеулерге келер болсақ, 1992 жылы Хельсинки университетінің әлеуметтік саясат институтының қызметкері Т.Пирайнен Санкт-Петербургке фин-ресейлік бірлескен ғылыми жобаны ұйымдастыру ұсынысымен Ресейге келіп, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында қалалық отбасылардың «аман қалу» әдістері мен стратегияларын зерттейтін бірлескен жобамен айналысады (Быстрова және басқалар, 1995:143-165). «Құрылымдық өзгерістер және өмір сүру стратегиялары: Ресейдегі нарықтық қатынастарға бейімделу» жобасының негізгі мақсаты - азаматтардың күнделікті өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге жауап ретінде нарықтық экономикаға көшуге әзірленген стратегиялардың барлық кешенін сипаттау және талдау болып табылды. Зерттеудің орталық тақырыбы (өмір сүру стратегиялары туралы) екі кіші жобамен толықтырылды: біріншісі нақты әлеуметтік мәселелерді зерттеуге қатысты, екіншісі - өмір сүру стратегиясының құрамдас бөлігі ретіндегі



элеуметтік желілер және олардағы өзгерістерді зерттеген. Осы орайда өзгермелі жағдайларда халықтың өмір сүру стратегияларын шартты түрде 3 негізгі кезеңге бөліп зерттейді.

1. Пассивті элеуметтік бейімделу.

2. Өміріндегі түбегейлі өзгеріс.

3. Эскапизм – өмірдегі жағымсыз, қызықсыз нәрселерден аулақ болу, күнделікті өмірден, шындықтан қашу.

Стратегиялардың аталған осы үш нұсқасы да респонденттердің яғни біздің мақаламыздағы репрессияланған діни тұлғалар мен олардың ұрпақтарының мінез-құлқындағы ауытқулармен бірге жүзеге асырылып, естеліктер мен олар туралы жазылған еңбектер, мақалаларды талдау барысында пайдаланылатын болады. Сол себепті әр тұлғаның, әр қудаланған діни қызметкерлер мен молдалардың белгілі-бір мекенге, елге бейімделуі немесе қуғын-сүргін кезіндегі «аман қалу» стратегиясы жеке, қайталанбас құбылыс екенін ескеруіміз керек.

Бұл термин сонымен бірге Ресей тарихында екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистік блокадада қалған Санкт-Петербург қаласының тұрғындарына қатысты зерттеулерінде кеңінен пайдаланылып жүр.

Нәтижелер. Отандық тарихнамада Қазақстан территориясында исламның таралуын, қазақ даласында салынған мешіттердің тарихы және дінбасылардың өмірі мен кеңес билігінің Қазақстандағы дінге қатысты саясатын зерттеуге арналған көптеген еңбектердің бар екендігі жоғарыда айтылған болатын. Алайда, ол еңбектер мен зерттеудерде қуғынға ұшыраған молдалардың, діни тұлғалардың өмірбаяны мен ұрпақтары туралы мәліметтер жалпылама зерттелген.

Тағы бір архив құжаттары негізінде жазылған «Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы» атты Мемлекет басшысының тапсырмасы нәтижесінде жарық көрген «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Ақтөбе облысы бойынша жарық көрген еңбегінде кеңестік билік тұсында қуғын-сүргін зардабын көрген топ дәстүрлі дін өкілдері де болғаны айтылады. Дәстүрлі дін өкілдері – молдалар, хазіреттер, ишандар 1916-1917 жж. ұлт-азаттық және Алаш қозғалысына рухани және қаржылай қолдау беріп, 1918-1921 жж. Азамат соғысы жылдарындағы қалыптасқан қиындықтармен тікелей күрес жүргізді. Олар 1927-1928 жж. Кеңес үкіметінің елдегі барлық ауыл шаруашылығы мен материалдық ресурстарды тәркілеу науқанына қарсылық танытып, шаруашылығын (мал-мүлкін) сақтап қалу мақсатында оңтүстік бағытқа қарай (Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Ауғанстан) көшуді ұйымдастырғаны жөніндегі деректерді келтіреді. (Көшерөв және басқалар, 21-том, 2022:5).

Ақтөбе облысында 500-ден астам дәстүрлі дін қызметкерлері сайлау құқығынан айырылған. Оның мұсылмандық бағытта 400-ден астам болса, христианшылдық бағытта 100-ге жуық дін өкілдері сайлау құқықтары болмаған. 1931-1933 жылдары аштыққа қарсы қозғалысты адам күштерін жұмылдыру арқылы барынша Кеңес үкіметіне қарулы қарсылық таныту мен басшылық қызметті ұйымдастыру жағдайларына байланысты 1933-1938 жылдары дін қызметкерлері 3 жылдан 10 жылға дейін еңбек лагерлеріне қамалды, кейбірі әскери жағдайға байланысты Кеңес үкіметіне қарсылық танытқандары үшін соттың шешімінсіз, тек үштіктің бұйрықтарымен атылды. Осылайша, дәстүрлі дін өкілдері кеңес өкіметінің жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болды (Көшерөв және басқалар, 2022:7).

1937 жылдары репрессияны күшейтуге сылтау ретінде КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайлау да пайдаланылды. Осылай республика прокуратурасының ерекше бөлімінің ақпаратында: «Кейбір жерлерде тап жауларының қалдықтары сталиндік конституцияға қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізуге тырысуда, олар сонымен қатар сайлау комиссиясының мүшелеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастыруда. «Кейбір жерлерде сайлау комиссияларының құрамына репрессияланған байлар, молдалар және басқа да қашқан-пысқандардан тұратын қылмыскер элементтерді кіргізуге талпынулар болып, аты-жөндерін өзгерту арқылы сайлаушылардың тізімін шатастыру және бұл тізімге жүздеген сайлаушыларды қоспау жағдайлары орын алды» (Көшерөв және басқалар, 2022:9-10).

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдарында репрессия кезінде көршілес мемлекеттерге өтіп кеткен, діни көзқарастағы тұлғалар, бай - кулақтарға қатысты «мәжбүрлі босқындар» деген термин қолданылады. Не



себепті отбасына және өзіне «контрреволюцияшыл» деген айып тағылған дінбасы, молдалар, ишандар көршілес мемлекеттерге мәжбүрлі қашуға барды? Себебі олардың тұрып жатқан жері мен мал-мүлкіне қатысты конфискациялар туралы шығарылған 14 наурыз 1928 жылғы қаулының 8-тармағында бұл қаулы Қазақ АКСР аумағында тұрып жатқан жергілікті халыққа қатысты қолданылады деп жазылды, яғни басқа мемлекеттерде заңдық күші жоқ, сол себепті егерде аман-есен көршілес мемлекеттерге өтіп кеткен жағдайда (Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) оларды қамауға алу немесе тәркілеумен арнайы органдар айналыспады (Балтабаева және басқалары, 2022: 5-том). Бұл да бір қуғындауға ұшыраған діни тұлғалардың жоғарыда айтылған «эскапизм – өмірдегі жағымсыз, қызықсыз нәрселерден аулақ болу, күнделікті өмірден, шындықтан қашу» арқылы өзін және отбасын сақтап қалу арқылы жаңа ортаға бейімделуге барысында осындай атауларға ие болды.

Тақырыбымызға қатысты қызықты ақпараттарды 2016 жылы жарық көрген М.А. Алибаевтың «Кеңестік Қазақстандағы ислам: аман қалу стратегиялары» монографиясынан көруге болады. Онда Қазақстандағы исламның кеңестік кезеңін қарастырады. Монография авторы діннің атеистік режимге бейімделу аспектілерін, атап айтқанда, аман қалу стратегияларының себептерін Ақмола облысы материалдары бойынша зерттеп, қажылыққа бару, қазақ жеріндегі қасиетті жерлерге зиярат етуді ислам дінінің «аман қалу» стратегиясы ретінде көрсете отырып, «паралельді ислам» терминін қолданады (Алибаев, 2016). Тағы бір біз тоқталатын маңызды еңбектердің бірі – 2006 жылы жарық көрген «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер жаңғырығы. Қазақстан дінбасыларының қайғылы тағдыры». Тоталитаризмнің құрбаны болған 800 ге жуық діни адамдардың тізімі мен қысқаша өмірі туралы және қандай айыппен жазаланғаны туралы жазылған бұл еңбекте нақты мәліметтер берілген. 1923-1924 жылдары бұрынғы Кеңес Одағы аумағында 2469 дін қызметкердің тұтқындалып, ал 1931-1932 жж. олардың саны 19812-ге жеткені баяндалады (Гринев, Сенютина, 2006:4). Жазалауларға байланысты кәсібін өзгертуге мәжбүр болған молдалар туралы да ақпараттар жазылған. Қазақстанда 900-ден астам дін қызметкері мемлекеттік қылмыс жасады деген айыппен негізсіз қамауға алынды, оның ішінде 431 адам өлім жазасына кесілген, бұл барлық қудаланғандардың 44% құрап отыр. Дінге қатысты қуғын-сүргін құрбандарының санаты өте кең, оған діни басқармадағы әртүрлі топтар да, дінді қолдайтын қарапайым діндарлар да кірді. Мұсылман дін қызметкерлерінің ішінде молда, молда-бай, бұрынғы молда, діни фанат (мұсылман діни лидерлерге көмектесетін діни белсенділер тергеу істерінде осылай белгіленді), «кезбе молдалар», ишандар, азаншылар, мутаваллилер, имамдар, хазіреттер барлық санаттары кірді. Кеңес үкіметінің баса назар аударған діни санаттары - ишандар болды. Ол туралы «ерекше назар аударуды қажет ететін елеулі фактілердің бірі – Қазақстандағы ишанизм мәселесі. Мысалы, Орал губерниясы, Қарақалпақ өлкесінің бүкіл аумағы, Сырдария мен Ақтөбе губерниялары осыдан ерекше зардап шегеді. Бұл діни қызметкерлер контингенті, әсіресе Қазақстанның оңтүстік облыстарында өзбек дінбасылары мен халқының болуына байланысты фанатизм мен діндарлықпен ерекшеленеді, Өзбекстан ишандарының тығыз байланысы мен тұрақты ықпалы салдарынан өте реакцияшыл және контрреволюцияшыл болып келеді» деп жазылған (ҚР ПА, к.141, 1541 іс, 28-39п.).

Зерттеу нәтижесі. Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхан 1905 ж. Мәскеуде өткен Ресейдің земство және қала қайраткерлерінің арнайы съезіндегі сөзінің басы қазақ тілінің мәртебесі жайында сөз сөйлеп, осы тілде оқытатын мектептерге қысым жасалатынын, шаруалар бастықтары (олардың басым көпшілігі бұрынғы ротмистрлер) әкімшілік және құқықтық істі қарау кезінде қырғыз (қазақ-авт.) тілін қолдануға мүлдем жол бермейтінін, ана тілінің еркін қолданыста болуына өте мұқтаж болып отырғанын айтқан болатын [Бөкейхан, 2016: 203]. Ұлы тұлғаның қазақ тілінің мәселесін көтеруі жай емес. Өйткені тілдің бостандығы - азат өмірдің, тәуелсіз тірліктің кілті. Бұрын саяси қыспақта болған елдің тәуелсіздігі, жаңаруы халқының тілінен бастау алатыны заңдылық.

Ақпан революциясынан кейінгі Ресейде қалыптасқан саяси жағдай Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш ардақтыларын ұлты үшін азаттық жолын іздеуге жетеледі. Бірақ алып империяның күштілігіне байланысты әзірше мақсатқа жетудің бір ғана жолы – қазақ еліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін автономия деңгейінде шешуді алға тартты. Осындай тұжырымды ұстанған Мұстафа Шоқай да 1917 жылғы ақпан айының басында Петербургтен Ташкентке жүрер алдында Н.С. Чхеидземен (Петербург қаласы жұмысшы-солдат депутаттары советінің төрағасы) кездескенде



Түркістанның автономия болуы үшін дайындалып жатқанын айтады (Шоқай, 2007: 47). Бұл идея кейін «Алаш» партиясы бағдарласынан орын тапты. Оның 1-тарауында: «Россия демократическая, федеративная республика болу. Үкімет басына учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауапдар болу» деп жазылды (Алаш, 1917).

М. Шоқай Ташкентте жүргенде өлкедегі саяси жағдай күрделіліні Түркістан өлкелік жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің съезіндегі Қоқан сауда мектебі мұғалімдерінің халықшыл социалистер тобының мүшесі Некораның «революцияны жасаған орыс революционерлері, жұмысшылары мен солдаттары болғандықтан, Түркістанды да орыстар, біздер басқаруымыз керек, тұрғылықты этностар біз не берсек соған қанағаттануы керек» деген сөзінен түсінеді (Шоқай, 2007:27).

1917 ж. қарашада Түркістанда өткен Кеңес өкіметінің үшінші съезінде қабылданған қаулы Түркістанның байырғы халқын революциялық билікті ұйымдастыруға қатысу құқығынан айырды. Өлкедегі осы бір тарихи кезеңді РКП(б) ОК Түркібюросының мүшесі болған Г.М. Сафаров «орыстық азшылықтың санасында өздерінің ұлттық үстемдігі туралы пікірдің орнығып, саналарына отарлық езгі пен үстемдік жасаудың қалыптатылуы пиғылындағы тәрбиенің қалыптасуымен, тіпті оның, «қарапайым құқық» дәрежесіне көтерілуімен» ерекшеліп сипаттайды (Сафаров, 1921: 62).

Осындай жағдайда ұлттық орталық ретінде Өлкелік мұсылмандар кеңесі құрылады. Өлкелік мұсылман кеңесінің төрағасы Мұстафа Шоқай кеңес мүшелерін 1917 ж. 27 қарашасында Қоқан қаласында өткен аймақ мұсылмандары съезі делегаттарын әзірге автономия жариялаумен қанағаттануға, ал Түркістанды Ресейден бөлу туралы мәселені шешуді Түркістан Құрылтай жиналысының қарауына қалдыруға көндіреді. Содан Түркістанда Ресей Федеративтік Республикасымен ынтымағы бір территориялық автономия жарияланады. Съезд қаулысында: «Аса арнаулы болып жасалған Түркістан аймағы мұсылмандарының IV жалпы съезі Русия ұлы өзгерісті салып берген жолмен әр жұрт өзін-өзі басқаруға ықтияр болсын деп еркіндікті қалайтын Түркістан аймағын Русия демократиялық республикасымен бірлікте болып, бөлек жасауға ерікті территориялық автономиялы (жартылай бостандық) қылып иғлан қылады» деп жазылады (Алаш қозғалысы, 2005: 39-40). Мұстафа Шоқай осы құжаттағы Түркістан автономиясының жартылай бостандығы ұғымын республиканың өзінде елді басқаратын мекемелер мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті және іс жүргізетін үкіметі болуымен, ал, сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істеріне Бүкілресейлік федерация үкіметінің құзырының болуымен ерекшеленетінін атап көрсетеді. Оқу мен білім беру саласында, жергілікті жолдар, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселелерінің бәрі автономиялық үкіметтің ісі болатынына көңіл бөліп, жер мәселесіне ерекше мән береді. Сондай-ақ, әскери істерге бірқатар елеулі өзгерістер енгізу керек деп түсіндіреді (Шоқай, 2007: 48).

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының оң қанатының күрес нәтижесінде болып Орта Азияда құрылған, барлығы 64 күн ғана өмір сүрген, Кеңес үкіметі құлатқан Түркістан Мұқтариятын толыққанды мемлекет болды деп айта алмаймыз. Біріншіден, бұл автономия деңгейіндегі мемлекеттік құрылым болатын. Екіншіден, соншалықты қысқа уақытта және тіпті бұған саяси-құқықтық негіз де болмаған жағдайда ондай талап қою да артық болатын. Дегенмен көп нәрсе жүзеге асырылды. Түркістан аймағы мұсылмандарының IV жалпы съезінде сөйлеген сөзінде М. Шоқай автономияны іс жүзіне асырудың қиындығын, мамандардың жоқтығын, мүмкіндіктердің жетіспейтінін, әскери күштің құрылмағанын және тағы басқа толып жатқан жетіспеушіліктер мәселесін жан-жақты көтерді. Содан Түркістан Уақытша үкіметі ең алдымен қарулы күштерді құру, қаржы және салық жүйелерін тәртіпке келтіру, мемлекеттік мекемелерді қалыптастыру сияқты жаңа мемлекеттің өткір мәселелерін жүзеге асыруды айқындайтын бағдарлама жасаумен шектелмей, нақты істерге де кіріскен болатын. Мысалы, қаржы саласын бір жүйеге келтіру және жаңа салық заңдарын айқындау үшін салық инспекторларының жиналысы өтті. Жер мәселесіне байланысты заңдар дайындалды. Мұстафа Шоқай бастаған топтың алдында Түркістан Мұқтариятын одан ары нығайта түсу мәселесі нақты тұрған болатын. Алайда мұны кеңестік жүйе құлатып, Қоқанды қанды қырғынға ұшыратты. Большевиктердің Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне жолдаған Үндеуіндегі



жарияланған, өз елінің қожайыны болуға тиіссіздер деген сөздері желге ұшты (Революция, 1930).

Большевиктердің ұлт мәселесіндегі екіжүзді саясатын Мұстафа Шоқай 1930 жылдары жазған «Ұлттық мәселе төңірегінде» («Вокруг национального вопроса») мақаласында әңгіме етеді. 1917 ж. сәуірдегі Петербургте өткен Ресей социал-демократиялық партиясы фракциясының конференциясында Сталин ұлттардың бөлінуіне құқықты дей отырып, мұны орындау міндетті демеймін десе, Пятаков ұлттардың өзін-өзі басқаруы құқығы зиянды болса, онда оны жариялап не керегі бар дейді (Революция, 1930: 26-30). Міне осы пікірлерді талдай келе, Мұстафа Шоқай «Отанымыздың Ресейден тұтастай мемлекеттік бөлінуі үшін, оның билік түріне қарамастан, наразылық білдіріп, өздеріміздің ұлттық идеалымызды жүзеге асыру үшін күресеміз» деп тұжырым жасайды (Шоқай, 2012б:259).

Түркістан Мұқтарияты құлағаннан соң М. Шоқай қауіпсіздігіне орай шетелге: алдымен Әзірбайжанға, содан Грузияда екі жылдай болып, кеңестер Тифлисті басып кіргеннен соң, Түркия арқылы Еуропаға, Францияға кетті. Ол кеңестік шындық жағдайындағы өзінің бұрынғы мемлекетшілдік ой-тұжырымын, оның мұратын қайта қарауға мәжбүр болып, басқаша шешімге келеді. 1923 жылы Париждегі «Orientet Occident» журналында жарық көрген француз тіліндегі «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаласының «Түркістанның тәуелсіздікке ұмтылуы» деген бөлімінде Түркістанның автономия жайлы бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасына ауыстыру керектігі туралы жазады: «Түркістанның тәуелсіздігі туралы тезис қазіргі уақытта елдің барлық ресми саяси партиялары үшін ортақ платформаны құрайды, олар ұлттық және коммунистік, әртүрлі жолдармен және тәсілдермен бір мақсатты көздейді, ол - еркін және Тәуелсіз Түркістан» (Шоқай, 2012 а: 478).

Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдіктің мазмұнын «Түркістан», «Автономия», «Азаттық», «Тәуелсіздік», «Ұлттық», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттық тіл», «Ұлттық сана», «Ұлттық рух» және «Ұлттық мемлекет» сияқты ұғымдармен түсіндіреді. Ол «Түркістан» жерінің: «1. Қазақ өлкесі (Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстары), 2. Түркістан өлкесі (Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд және Каспий бойы облыстары); 3) Бұхара мен 4) Хиуа хандығы» сияқты төрт аймақтан тұратынын атайды (Шоқай, 2013а:84).

Осылайша «Түркістан автономиясының» орнына «Тәуелсіз Түркістан» идеясы алға шығады. Түркістан үшін күрестің туына айналған «Яш Түркістан» журналының 1929 ж. желтоқсанда шыққан тұңғыш санындағы «Біздің жол» мақаласында Мұстафа Шоқай өзін Түркістанның тәуелсіздігін жақтаушы ретінде көрсете отырып, ендігі жерде ел-жұртымыздың еркі мен Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Бұдан басқа жол жоқ деп жазады (Шоқай, 2007 а: 21).

Болашақ тәуелсіз Түркістанды Мұстафа Шоқай өзінің 1936 ж. түркістандық жастарға арнап Берлин радиосынан сөйлеген сөзінде: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық» деп бейнеледі (Каренов, 2012: 55).

Мұстафа Шоқай «Ұлттық тәуелсіздік» ұғымын кейінгі шығармашылықтарының тақырыбы етіп, оған жиі оралып, мәні мен мазмұнын кеңейте ашып отырды. 1930 жылы жазылған «Орыс билігіндегі Түркістандағы ұлттық қозғалыстардан. Жеңілмейтін ұлтшылдық» және «Түркістандық лениншілдеріне жауап» атты еңбектерінде тәуелсіздік үшін күрестің себептерін айтады: «Олар (орыстар-авт.) тіпті сүйікті атамекеніміздің» Түркістан» екенін де теріске шығарып, «Орыстан» ету үшін адамгершіліктің өлшемдеріне симайтын ең бір шектен шыққан шараларға дейін барып отыр. Және өздерінің пасық қылықтарын «Ленинизм» тұрғысынан негіздеуге тырысады» (Шоқай, 2007а: 44-45). Ал екінші мақалаларында Түркістандағы ұлттық қозғалысты тудырған екі түрлі себепін: біріншіден – Түркістандық халықтардың орыстардан мүлде басқаша екендігінен деп, екіншіден Түркістандық шаруашылықтағы ұлттық экономикалық мүдденің Ресей мүддесінен өзгешелігіне қатысты түсіндірді (Шоқай, 2007а: 63).

Осындай себептерден «Ұлттық тәуелсіздік» ұғымының бірінен бірінің айырғысыз, тұтас екеніне Мұстафа Шоқай «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс», «Автономиядан – тәуелсіздікке», «Түркістан әдебиеті хақында француздар не айтады?» т.б. еңбектерінде тұрақты назар аударып отырды. Мысалы оның ұлттық тәуелсіздіктің мәнін ата мекенімізді



отаршылдардың озбырлығы мен талан-таражынан құтқаруда деп көрсетсе, енді бірде: «Ұлттық тәуелсіздіктің ешкімнің құқықтарына қарсы болмайтындығы, ешбір дүниеден оқшауламайтыны туралы айта отырып, Халқымызды ұлттық тәуелсіздіктің аяусыз отаршылдардың езгісі мен билігінен құтқаратын қозғалыс болатындығына назар аударады (Шоқай, 2007а: 115). Сондықтан ұлттық тәуелсіз Түркістан үшін күресті - біздің мұратымыз деп атап көрсете отырып, оның жүзеге асуында алаштықтардың сүйікті ұғымы «ұлтшылдыққа» жүгініп, оның тәуелсіздік үшін күрес үшін идеялардың негізгісі екендігіне назар аудартады тәуелсіздік үшін күресте барлық іс-әрекеттің билікті өз қолымызға алуға бағытталуының нақтылайды (Шоқай, 2007а:99).

«Біздің жол» атты мақаласында Мұстафа Шоқай толыққанды тәуелсіз Түркістан үшін күресте большевиктердің айтуындағыдай түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық емес, түрі де, мазмұны да ұлттық Түркістан болатын мемлекеттік құрылым үшін күрес негізгі мақсатымыз екендігін нақты айтады. Халықтың толыққанды қожа болып, өз жеріне ие болуы ғана негізгі ұлттық мемлекет үшін күрестің мақсаты екендігін атап көрсетеді (Шоқай, 2007а:22). Ал «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» (1931) атты мақалада кеңестік баспасөздерге сүйене отырып, Мұстафа Шоқай Орта Азияда Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан федерациясы құрылғанын, большевиктердің Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттік құрылымнан өлердей қорқатынын айта келіп, өз күресінің негізгі мақсатының біртұтас бөлінбес ұлттық мемлекет үшін күрес екендігін және «...Түркістан үкіметінің ең басты міндеті – байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түрік атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында, бір ұлы ұлттық мемлекет түзу болып табылады» деп жазады (Шоқай, 2007а:141).

Мұстафа Шоқайдың көптеген шығармалары «ұлттық мемлекет» ұғымына қатысты болды. «Түркістандағы ұлттық күрестің себептері және мақсаттары» атты мақаласының атауының себебін Кеңес үкіметінің орыс емес өлкелерде жүргізіліп отырған ұлттық саясатынан туындайтынын, мұндай саясаттан өлке халықтарының қарсы көтерілмеуден басқа амалының жоқтығын ескерте келе: «Түркістан шет жұрттықтардың бұғауында қалғысы келмейді. Түркістан түріктері ұлт ретінде құл болғысы келмейді. Олар өз халықтарының мүддесі үшін, тәуелсіз ұлттық мемлекетін құру үшін күресетін болады» деп жазған болатын (Шоқай, 2007а:175). Ал «1937» мақаласында Ресейдегі «ұлы төңкеріске» 20 жыл толғанын, содан бері өз халқыныңтең құқылығы мен ұлттық тәуелсіз мемлекетті құруға қатысты күрес жүргізіп келе жатқанын және онымен шектеліп қалмай, тәуелсіз ұлттық мемлекетті қалыптастыруға да қатысты шараларға да қатысқысы келетінін айтады (Шоқай, 2007б: 213).

Азаттық үшін күрестің стратегиялық мұратын осылай айқындаумен бірге Мұстафа Шоқай оған жетудің тактикалық амалдарын да барынша қарастырды. Бұл мәселелер «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы», «Шептерімізді бірлестіру хақында», «Түркістан түрікшілдігі», «Түркістан туралы француз тілінде жарияланған бір мақала» және т.б. еңбектерінде арнайы әңгіме болды. «Көтерілістен – ұйымшылдыққа» (*Көтерілістен-ұйымға*) (1930) атты мақалада Кеңес үкіметінің тепкісіндегі халықтар арасында толассыз күресіп келе жатқан түркістандықтар екенін, оған себеп орыс большевиктерінің шектен тыс езуі мен қанауы деп, осы бағытта естен шығаруға болмайтын бір нәрсені қатаң ескертіледі: «Біздің ұлтты құтқару жолындағы күресімізде табыстарға жетуіміз бен өз тағдырымызды өз қолымызға алуымыз ұлтымыздың ауызбірлігіне байланысты. Оған біздің ұлтымыз шаруаның жерге деген мұқтажығындай мүдделілік танытуы керек» (Шоқай, 2007а: 87). Мұстафа Шоқай «Түркістан түрікшілдігі» деген мақаласында да негізгі міндет «Түркістанның болашағы «тәуелсіз Түркістан» ұраны ретінде Ресейден бөлініп шығып, Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында» деп кесіп айтып, ұлтты Ресейдің езгісінен құтқару күресінде, алдағы ұлттық құрылыста «түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп, іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз» деп жазды (Шоқай, 2007а: 256). Ал «Алған бағытымыз айқын болсын» (1931) мақаласында алдымен «Біздің атамекеніміз тұрғындарында ұлт-азаттық мұраттарымыз хақында ерекше насихат жүргізудің зәрулігі жоқ десе де болады» деумен қатар ұлттық жаудың тым күшті екенін, миллиондаған халқы бар Ресеймен күресте жеңіске жеткізетін ең тура, ең сенімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуді ұсынды. М. Шоқай татар, әзірбайжан, грузин, осетин, ингуш, башқұрт, өзбек т.б. халықтардың эмиграциядағы өкілдерімен жазысқан



хаттарында ұлттық тәуелсіздік үшін күресі барысында бір-бірімен ауызбіршілікте әрекет етулерінің маңыздылығын әр кез еске салып отырады (Шоқай, 2007а: 146). М. Шоқай түркістандықтар тағдырын басқа халықтардың тыныс-тіршілігінен жеке дара қарамаған, «Прометей» Ресейдің езілген халықтар Лигасына (Лига угнетенных Россией народов) кіретін Әзербайжан, Грузия, Идел-Урал, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Украина елдерінің мұң-мұқтажын көре білді.

Жастар, жалпы түрік саяси күрескерлері арасына іріткі салатын мәселелер қатарында «татар мәдениеті», «шағатай мәдениеті» деп бөлушілікті, оның азаттық қозғалысы тағдырына тигізер зиянына тоқталады (В эмиграции, 2021:89 б.).

«Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген мақаласында бәрінен бұрын түркістандықтардың өз қатарының жұдырықтай ұлттық бірлігін күшейтуді, орыс империализміне қарсы күрес майданын ұйымдастыруды және олардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын текшемейік, алаламайық дей келіп, былай түйіндейді: «Азаттық пен тәуелсіздік жолындағы басты жол – Түркістанды ұлттық майданның ішкі бірлігін нығайтып, ұлт-азаттық күресте басқа халықтар ұлттық орталықтарымен бірлесе үйлестіру. Басқаша жағдайда азаттық пен бостандық туралы әңгіме ету мүмкін емес» (Шоқай, 2007б: 236).

Мұстафа Шоқай «Түркістандықтардың бақытсыздығы және онан құрылудың жолы» («Несчастье Туркестана и пути избавления от него») деген еңбегінде түркістандықтардың Кеңес үкіметіне жеке дара күресі еш нәтиже бермейтінін, сол себепті Ресейге бағынышты, өз тәуелсіздігі үшін күресті жатқан орыс емес халықтардың күштерін біріктіре отырып, еркін, тәуелсіз ұлттық өмірге шыға алатынды ескертті. Еділ-Орал, Қырым, Әзірбайжанда тұратын бауырлармен тығыз байланыста болып қоймай, Ресейдегі басқа өз тәуелсіз мемлекетін құру үшін күресті жатқан халықтардың барлығымен ұйымдық тұрғыдан тығыз байланыс орнатуды ұсынды (Шоқай, 2007б:125).

1929 жылдың 11 ақпанында башқұрт ұлттық қозғалысы жетекшілерінің бірі Омар Тенерекоғлына: «Түрік ұлттық қозғалысының жоғары мұраты – түрік ұлттық мәдениеті мен өркениетін тек Түркістанда, түріктердің ғасырлардан келе жатқан отанында жүзеге асуы мүмкін» деп жазады. М. Шоқай «Түркістан идеясы» деп нені ұғынатынын, әсіресе, «татар-башқұрт-Түркістан» үштік коалициясының «өте қажеттілігін», «ыңғайлылығын» айтады (Исахан, 1922: 38).

1933 жылы жазылған «Кемшіліктерді жою – жеңіс жолына түсу» («Преодолеть недостатки – значить вступить на путь победы») атты мақаласында Мұстафа Шоқай Қоқан үкіметінің құлауын еске түсіріп, жеңілістің басты екі кемшілігі болғанын атап көрсетеді. Біріншісі – сыртқы күштің өздеріне тікелей қатысы болмаса да басымдығы, екіншісі - тікелей байланысы болғанын, ол өздерінің саяси жетілмегендері, ұлттық сананың әлсіздігі екенін, бірақ оларды жоя алмағандарын атап көрсетті. Осы негізгі кемшіліктен басқа жетіспеушіліктердің бастау алғанын ескертіп, Түркістан ұлттық бірлігін нық түсініп, осыны іске асырғанда ғана жеңе аламыз, әрқайсымыз жеке және бәріміз бірге жалпыұлттық мәселеге өзімізді жеке бағындырған жағдайда ғана еркіндігіміз бен тәуелсіздігіміз жеңіске жетеміз деген болатын (Шоқай, 2013б:76). Ал соңғы еңбектердің бірі, 1941 жылғы 8 маусымда жазылған «Түркістан мәселесі хақында» («К постановке проблемы Туркестана») атты мақаласында өзінің өмірлік ұлттық арманына тағы да оралады. Түркістанның басынан өткен тарихына, большевиктер Ресейде саяси билік басына келгеннен кейінгі Түркістан автономиясын қысқаша баян етіп, басқа аймақтарға қарағанда Түркістанның империялық Ресейдің қанауына көбірек ұшырағанын, сондықтан да күрестің советтік кезеңінде де жалғаса түскеніне тоқталып, алдағы міндетті айқындады. Түркістан және кеңестік Ресейдің барлық басқа орыс емес шеттері аймақтары азаттық үшін күресін өзінен бірнеше есе күшті жаумен жүргізуі қажеттігі, сондықтан барлық күштерді еш қалдықсыз осы бір ортақ жауға қарсы күреске жұмылдырылатындай біріккен күрес майданы құрылуы керектігі туралы тұжырым жасады (Шоқай, 2013с: 138).

«Большевизм –түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында Мұстафа Шоқай «ұлт тәуелсіздігі» ұғымын халықтың тікелей ұлттық рухымен байланыста, ажырағысыз қарап, олардың себебін, даму үдерісін түсіндірді (Шоқай, 2007а:166). Және ұлттық рухтың шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын терең таныған қайсар тұлға халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығын ұлтшылдық қозғалыстың нәтижесі ретінде санады.



М. Шоқай білім алу, алдыңғы қатарлы біліммен болашақ дербес елдің қайраткерлерін дайындау жұмысының маңыздылығына да көңіл бөлді. Осы орайда Түркістандық жастарға қатысты шараларға тоқталсақ. 1922 жылы Әлімжан Идриси Бұхар халық республикасының өкілі ретінде 64 студент және оқушы жастарды Германияда оқыту мақсатымен алып келген (Көкебаева, 2004:14).

Оқушылардың жай-күйімен танысу мақсатында 1922 жылдың соңында Бұхар Халық Республикасының Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Файзулла Хожаев Германияға барып қайтады. Ал Тұрар Рысқұлов Түркістан Республикасы Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы ретінде 1923 ж. Германиядағы оқушылармен кездесіп қайтады.

Ресей Түркістан автономиясы жастарының Түркия мен Германияға оқуға жіберілуіне қарсы болған. Мұны түркістандық басшылар жақсы білген. Ресей Түркия мен Алманияға оқушы жібермеу үшін өздеріне шақырыпты.

Бұхара үкіметі, оқу-ағарту министрі Абдурауф Фитрат, Түркістан АКСР-інің кейбір ұйымдары талантты жастарды Германия мен Турцияға оқуға жібереді. 1923 жылы Бұхара Халық Республикасынан, Түркістан АССР-інен және Қырғыз (Қазақ) АССР-інен 43 өзбек, 64 қазақ, 2 түркмен, 22 тәжік, 12 ұйғыр Ресейдің жоғары оқу орындарынан білім алуына жағдай жасайды (Исахан, 2022: 38). 100-ге жуық жастарды жіберудегі мақсат, еуропалық білім алып келген жастар өз отанының экономикасын, мәдениеті мен ғылымын дамытуға үлес қосады деп үміттенді. Студенттерге стипендия Бұхара Республикасының Рейхсбанктегі алтын қорынан төленіп тұрды. Кейін Бұхар Республикасының дербестігі жойылып, ол кеңестік Өзбекстанға қосылған соң Берлиндегі Бұхар республикасының мәдени қатынастар жөніндегі өкілдігі таратылып, бұхарлық студенттердің есепшоттары бұғатталады, 1930 ж. студенттерге шәкіртақы төленбейді, КСРО-ға қайту ұсынылады. Студенттердің көпшілігі қайтудан бас тартады. Жекелеген бұхарлықтардың Германияда оқу шығындарын Гумбольдт қоры өз мойнына алады. Түркияда оқитындар Осман Қожаға, берлиндік студенттер Мұстафа Шоқай мен «Яш Түркістан» маңайына топтасады. Оқуын бітіріп елге қайтқан студенттер антисоветтік ұйымдарға қызмет еткен деген айыппен 1937-1938 жылдары бәрі атылған (Турдиев, 2006: 21-22).

Мұстафа Шоқайдың келешек Түркістанда құрылмақ тәуелсіз ұлттық мемлекет болғаннан кейінгі оның мәні, саяси құрылымдары туралы айтқан ой-тұжырымдары аса маңызды. Мысалы, мемлекеттің ұлттық сипатын айқындай түсетін, елдің заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілдікті органы Парламент туралы ол: «Тіке, жеке және жасырын дауыс беру жолымен сайлау – сайлаушылардың өзі қалаған адамына дауыс беруін қамтамасыз ететін ең қолайлы тәсіл. Парламентаризм көпшіліктің мүддесін үкіметтің озбырлығынан қорғайды» деп жазған болатын (Шоқай, 2007б:137).

Тәуелсіздік жылдары көбіне ел Президентіне тәуелді болған Парламент жүйесіне кейінгі кезде бірсыпыра өзгерістер енгізілді. Халықтың өз өкілдерін тікелей сайлай алуы Парламенттің демократиялық сипатын арттырып, оның Ата заңымызда, арнайы конституциялық заңда айқындалған саяси-құқықтық құзыреттерін молырақ пайдалануға жол ашты. Осылай жалпы мемлекеттік билік тармақтарының ішінде бірден-бір демократиялық ұстанымы да, ұлттық сипаты да айрықша көрінетін халықтың өкілді органы Парламент деген ежелгі қағидаға қайта оралып келеміз. Мұстафа Шоқайдың парламентаризм туралы айтқан ойының жүзеге асуы еліміздің дамуына игі әсер игізетіні сөзсіз.

Болашақ Түркістан халқын біріктіретін, қоғам және мемлекет алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге ұйыстыратын саяси ұйым мазмұны да Мұстафа Шоқайды ойландырған болатын. Сол себептен: «Саяси партия дегеніміз – сол халықтың саяси қимылы (әрекеті) және оның өмірі мен болашағының бағыт-бағдарын таңдауы болып табылады» деп саяси партияның ең бірінші алдында тұратын міндеттерді айқындаған еді (Шоқай, 2007б:108). Бұл ой саяси ұйымдары жетіле қоймаған тәуелсіз еліміз үшін ерекше өзекті. Себебі саяси партиялар мемлекеттік билікке қол жеткізу үшін емес, халықтың мүддесін жүзеге асыру үшін құрылуы керек.

Мұстафа Шоқай болашақ тәуелсіз ұлттық қоғамның мүшелері, әсіресе зиялы қауымы, саяси қайраткер мәселелері туралы тағылымды ойлары «Национальная интеллигенция», «О национальной интеллигенции» және «Восточный Туркестан, внешний мир и наши задачи» деген мақалаларда кеңінен әңгіме болды. Ұлттық зиялының мәніне тоқталатын «Национальная



интеллигенция» мақаласында «Білімді адамдарды тек білімді болғаны үшін зиялы және оларды белгілі бір ұлтқа жататындықтан ғана ұлттық зиялы деп атауға болмайтындығына, Зиялы деп белгілі бір идеяның ортақтығына еніп, өзара байланыстағы білімді адамдарды айтатынына назар аудартып, зиялылардың ұлттық сипатын былайша тоқталады: «Ұлттық зиялыны өз халқына қызмет ету идеясымен кез келген салада: саяси, қоғамдық немесе мәдени тұрғыдан енген жағдайда ғана атауға болады» (Шоқай, 2013д:206]. Ол зиялы қауымның миссиясы қаншалықты қиын болса, соншалықты жоғары екендігі, өйткені ұлттық зиялыға жүктелетін тарихи міндет -халықтың шығу тегі, әдет-ғұрпы, тілі, дінімен біріктірілген сананы саяси және әлеуметтік бірлікке айналдыру болатындығын айтады (Шоқай, 2013д: 207). Мұстафа Шоқай «1936 жылы» мақаласында: «Жалпы ұлттың мүддесін жеке қожалықтар мен жеке топтың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдар ғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады» деп ойды толықтырады (Шоқай, 2007б: 128). «Шығыс Түркістан, сыртқы дүние және біздің міндеттеріміз» деген мақаласында ұлттық қозғалыстарды басқарып, жетекшілік ететін жеке тұлғаларды қорғап қана қоймай, олардың беделін арттыруға күш салудың қажеттігін атап көрсетіп; «Біз саяси қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс қимылдарына қарап бағалаймыз» деді (Шоқай, 2007б: 30).

Сонымен бірге Мұстафа Шоқайдың ұлттық мемлекет құру идеясының жалғасы түркі халықтарының бірлігі басымдығына назар аудару керек.

Қазіргі еліміздегі 30-дан астам ұлттық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелер ішінде Тәуелсіздіктен қасиетті ұлық ұғым да, мәртебелі мереке де жоқ, болмайды да. Өйткені елімізге өз аумағында өкіметтік билікті, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес өзі белгілейтін, өзі жүргізетін саяси-құқыққа ие болу Тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болды. «Тәуелсіздік» қасиетті ұғымы бәріміздің жиі айтатын сөзімізге айналды. Бұған дау жоқ. Дегенмен біздер ұлттық рухпен, халықтың саяси санасымен, шынайы әлеуметтік еркіндікпен, қоғамдағы демократиялық үдеріспен, құқықтық сауаттылықпен т.б. толып жатқан ұғымдармен тікелей тағдырлас, бағытас, ажырамас тұтастықтағы «Тәуелсіздік» сөзінің аса қасиетті мәнін тереңірек әрі кеңірек түсіне бермейтін сияқтымыз.

Отарлық жағдайды Алаштың алдыңғы толқын ардақтылары да кем білген жоқ. Алайда қоғамның кенже келе жатқандығынан олар тәуелсіздік үшін күрес мәселесін көтере алмағанмен оның ұғымын білмеді емес, білді. Туған халқын берісі Ресейдің, арысы Еуропаның озат мәдениетіне үндеген тұңғыш ағартушы, ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы жайындағы жазбасында»: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет» деп жазды (Уәлиханов, 2010:95). Осы бір сөйлемді тәуелсіздіктің тамаша формуласы деуге болады. Осы сөздердің айтылғанына 150 жылдан асса да, мәңгі өшпес өсиетті естен шығармауымыз керек.

Айта кететін мәселе – қоғамның кейбір мүшелерінің, әсіресе орыс тілділер арасында Алаш көсемдерінің, әсіресе Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқайдың Ресейді қатаң сынауына байланысты қайшылықты түсінік жоқ емес. Рас, олар Ресейді жеріне жеткізе сынады, бірақ Ресейді орыс халқының отаны ретінде емес, патшалық биліктің, соның саяси жалғасындай болған кеңестік жүйенің орталығы ретінде сынағанын айыра білген жөн.

Сондықтан, «Тәуелсіздік» ұғымымен тікелей байланысты «ұлтшылдық», «ұлттық рух» сияқты аса мәнді ұғымдардың мемлекеттігімізді нығайта түсетін қасиетті мазмұнын түсінуіміз керек. Тіпті «Ұлтшылдық» ұғымынан қашып, орнына «ұлтжанды» деген баламаны пайдаланамыз. Халқымыздың ұлттық рухы күшейтіп, бүгінгі қол жеткен тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге дәрменсіздік танытпайық.

Мұстафа Шоқай: «Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық үкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған. Біздің революционерлігіміз – ұлттық және тәуелсіз Түркістанды әлеуметтік даму жолына түсіру қажетінен туындайды» деп жазған еді (Шоқай, 2007а: 64). Нақты айтар болсақ, ұлтшылдық төлтума мәдениетке негізделіп, ұлттың өз қадір-қасиетін, абыройын арттырып, халқымыздың ішкі және сыртқы саясатында, сын сағатында ұлт мүддесіне қызмет етсе, ал ұлтсыздық ұлттың тұтастығын әлсіретеді, рухани



жүдетеді. Ал біздер ұлтсыздықтың қауіпті деңгейге жетіп, өзіміздің ұлттық бейнеміз елеулі өзгергенін сезіне бермейтін сияқтымыз.

XX ғ. 80 жылдарының соңында елімізге басқа, әсіресе орыс этносы өкілдерінің әртүрлі себептермен қоныстануы, байырғы халықтың ұлттық азшылыққа айналуы, қазақ мектептерінің азаюы айрықша байқалды. Аралас некенің көбеюін социалистік интернационализмнің көрінісі деп насихатталды, жергілікті халықтың ана тілдік ортасын тарылып, елдің этностық келбеті, ежелден келе жатқан салт-дәстүрі күрделі өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде жергілікті халық өзінің ұлттық бітімін өзгерте бастады. Сондықтан, еліміздің ұлтшыл азаматтары қайта құрудың сәтін ұтымды пайдаланып, аса белсенділік пен еркіндік танытып, күресті ұлттық алаңымызда кенжелеген ана тілімізден бастаған болатын. Соның арқасында өз жері мен елінің иесі қазақ 39 пайыз ғана болғанымен, 1989 жылғы 22 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің кезектен тыс өткен XIV сессиясында «Тіл туралы» Заңның қабылданып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы аса мәнді жетістік еді. Осы орайда 80 жыл бұрын Мұстафа Шоқайдың ана тіліміз туралы айтқан сөздерінің өміршеңдігін көреміз. Патшалық Ресей мен кеңестік жүйенің ана тілімізге қарым-қатынасын ол: «Патшалық Ресей кезінде тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығаруға құқымыз болмады» (Шоқай, 2007а: 133), ал: «Орыс большевиктері социалистік идеяны желеу ете отырып, көп ұзамай ана тіліміз – түрік тілін өзінің тарихи құқығынан мақұрым етуді көздеп отыр» деп суреттеген (Шоқай, 2007а: 135). Бұлай шырылдауы жайдан-жай емес еді. Ұлы тұлғаның «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» деген пікірі күні бүгін де маңызын жоймаған.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің сессиясында қабылданған, мемлекетіміздің егемендігін айқындайтын құжат – «Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда» «Қазақ ССР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады. Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ ССР мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады» деген аса мәнді қағида бекітілді. Егемендіктің елең-алаңындағы ұлттық қайта түлеуге ұмтылыс жасалғанымен, жаңа өріске түспеді. Ресми «ұлттық идея», «ұлттық мәдениет», «ұлттық идеология» және «ұлттық мемлекет» сияқты ұлттық ұғымдарды мойындай бермеушіліктен әлі арыла қоймадық. Қазіргі күні 20 млн болған халқымыздың 70 пайызынан асқан қазақтың ұлттық мүдделерін мойындай бермеушілік те жоқ емес.

Мәселені бұлай айтуымыздың қағидатты мәні бар. Жоғарыдағы айтқан ұлттық бейнеміздегі қайшылықты өзгерістердің барлығы дерлік мемлекеттің ұлттық сипатына жеткілікті көңіл бөлмей келе жатқанымыздан бастау алып отыр. Мұнсыз мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілмейтінін, сондай-ақ елдегі басқа этнос өкілдерінің мәселелері де ойдағыдай нәтиже бере қоймайтынын күнделікті өмір көрсетті.

«Тәуелсіздік» деген ұғымның мағынасы кен: біріншіден бостандық, басқа бір елге тәуелді болмай, азат болуы; екіншіден жергілікті халықтың рухани дүниесінен: тілінен, дінінен, ділінен бастау алатын ұлттық мәдениеттің еркіндігі, мемлекеттің саяси құрылымдарының ұлттық сипаты т.б. қамтиды.

Осы ретте Президент Қ.-Ж. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында айтқан: «Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады» деген ойларын еске түсірсек, біздің нақтылайтын мәселелеріміздің жетерлік екені байқалады.

Еліміздің алдына қойылып отырған әділетті һәм жаңа Қазақстан құру мәселесі өте өзекті. Бұл дегеніміз ұлттық идея мен ұлттық мүддені жалпы қазақстандық деңгейге көтерумен жалғасуы қажет етудеген сөз. Сонда ғана өткен кезеңдерді парасат таразысына сала отырып, шығар биігімізді, алар асуымыз айқындай аламыз. Осы бағытта Алаш рухы, оның ішінде Мұстафа Шоқайдың тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы айтқан телегей-теңіз ойлары мен идеялары ұлтымыздың жаңа саяси сапасын көтеріп, әлемдегі өз орнымызды айқындай түсері сөзсіз.

Мұстафа Шоқай «1936 жыл» мақаласында 18 жыл бұрынғы Қоқандағы жағдайын еске түсіріп, атамекенін тастап кетуге мәжбүр болғанын, бірнеше айдан соң Түркістанға қайта



ораламыз деген ойлағанын, алайда оның орындалмағанын, сол себепті жат елде қалып келе жатқанын жаза отырып, атамекенге деген сағынышын жасыра алмады. Туған еліне деген сүйіспеншілігін жеке басының қалауларын қамтамасыз етіп, қанағаттану немесе жекелеген топтар мен жекелген адамдардың мүддесіне сай қызмет ету ғана емес, «Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады» деп қорытады (Шоқай, 2007б: 127]. Бұл адами қасиеттер Тәуелсіздікті тұғырлы етудің, Мәңгілік ел болудың аса қажетті компоненттері екені даусыз.

Қорытынды. Кеңес үкіметі «ұлы державалық шовинизмнен» аулақ бола алмады. Мұның салқыны бүгінгі күндері де байқалып қалады. Еліміз тәуелсіздік алып, шекараларымыз екі жақты бекітілсе де, жерімізге көз салатындар да жоқ емес.

Бұл саяси сипаты жағынан да, әлеуметтік әлеуеті, экономикалық тұрпаты жаңадан құрылып жатқан тәуелсіз Қазақстанымыздың бүгінін байытып, келешегін кемелдендіре түсетін Алаш мұрасын, соның ішінде Мұстафа Шоқайдың тұжырымдарын тереңірек зерттей, молынан игере түсуіміздің қажеттігін көрсетеді. Өйткені бар ғұмырын өз елінің азаттығы жолына арнаған, қажет болған жағдайда құрбан болуға дайын болған қайсар Шоқайдай тұлғаның өмір бойғы армандап күрескен мақсаты тәуелсіз ұлттық мемлекет болатын. Бұл идеяның мемлекетіміздің алдына қойылып отырған жаңа хәм әділетті Қазақстан құруда аса маңызды боларына сөзсіз.

Ал тәуелсіз ұлттық мемлекет дегеніміз бүгінгі күні азаттығымызды нығайту, саяси-әлеуметтік және экономикалық жүйемізді жетілдіре түсу, демократиялық принциптерді орнықтыру, әлемдік қағидаттарды ескере отырып, еліміздегі этнос өкілдерінің мол мәдени құндылықтарымен байыған қоғамдық сананың үстемдігіне жету арқылы тәуелсіздігімізді тұғырлы ету болмақ.

Әдебиеттер тізімі

Алаш қозғалысы, 2005 - Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. мамыр 1920 ж. Т.2. Алматы: «Алаш», 2005. 496 бет.

Алаш, 1917 - Алаш партиясының бағдарламасы // «Қазақ», 1917, 21 қараша.

Бәкір, 2022 - Бәкір Ә. Мұстафа Шоқайдың саяси ой-пікірлері. / АҚІҚАТ. 2022, 27 ақпан. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11691>

Бөкейхан, 2016 – Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. Толықт. екінші бас. 3 т. Астана: 2016, «Сарыарқа» баспасы. 656 б.

В эмиграции, 2021. - В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941 / Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. Алматы: Полиграфия сервис и К°, 2021. 488 с.

Есмағамбетов, 2008 – Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 504 б.

Исахан, 2022 – Исахан Ғ.Т. Мұстафа Шоқай және түркістандық эмигранттар // Архив хабаршысы. №4/2022. 35-41 бб.

Каренов, 2012а – Каренов Р.С. Мұстафа Шоқайдың ғалым-публицист ретіндегі қасиеттері және шоқайтанудың бүгінгі жағдайы // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». № 1(65)/2012а. 57-66 б.

Каренов, 2012б – Каренов Р.С. Мұстафа Шоқай – Қазақстан тәуелсіздігінің символдық тұлғасы ретінде // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». № 1(65)/2012 . С. 47-57.

Көкебаева, 2004 – Көкебаева Г.К. Еуропадағы түркістандық эмигранттар және түркі халықтарының тәуелсіздігі / Отан тарихы. 2004/3-4. 14-21 б.

Көкебаева, 2013 – Көкебаева Г.К. Германия мен Польша мұрағаттарындағы Мұстафа Шоқайдың қызметі туралы құжаттар мен деректер // ҚазМПУ хабаршысы, тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы. 2013. №3. Б.40-45.

Көкебаева, 2019 – Көкебаева Г.К. Мұстафа Шоқай және Еуропадағы түркі эмиграциясы // История Великой Степи: от истоков до современности. Материалы Международного Евразийского форума. Том 1 / Под ред. Е.Б. Сыдыкова. Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. 354 б.

Қыдыралиев, 2007 – Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. Астана: Фолиант, 2007. 320 б.



- Революция, 1930 – Революция и национальный вопрос (1930) М.: Коммунистическая академия. Т. 3: 1917. Февраль-октябрь. Т.3 / сост. И. Левин и Е. Дрabbкина; приедсл. С.М. Диманштейна. 1930. 467 с.
- Сафаров, 1921 – Сафаров Г.М. Колониальная революция: Опыт Туркестана. М.: Государственное издательство, 1921. 147 с.
- Турдиев, 2006 – Турдиев Ш. Улар Германияда укиган эдилар. Тошкент: Фан, 2006. 256 б.
- Уэлиханов, 2010 – Уэлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-т. Алматы: «Толағай группа», 2010. 496 б.
- Шоқай, 2007 – Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. Алматы: «Қайнар» баспасы, 2007. 384 бет.
- Шоқай, 2007а – Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 1-т. Алматы: «Қайнар» баспасы, 2007. 352 бет.
- Шоқай, 2007б – Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 2-т. Алматы: 2007, «Қайнар» баспасы. 392 б.
- Шоқай, 2012а – Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 640 б.
- Шоқай, 2012б – Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. IV-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 532 б.
- Шоқай, 2013 – Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VI-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 524 б.
- Шоқай, 2013а – Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 572 б.
- Шоқай, 2013б – Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VIII-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 560 б.
- Шоқай, 2013д – Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. V- том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 540 б.
- Шоқай, 2014 – Шоқай М. Шығ. толық жинағы. Он екі томдық. IX-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 568 б.
- Mende, 1936 – Mende G. Der nationale Kampf der Russlandtürken. Berlin, 1936, S. 147
- Томохико, 2001. – Уяма Томохико. Предисловие // Чокаев М. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. Токио; М., 2001. 53 с.

References

- Alash kozgalysy, 2005 – Alash kozgalysy [Alash movement]. Kuzhattar men materialdar zhinagy. Zheltoksan 1917. Mamyr 1920. T.2. Almaty: «Alash», 2005. 496 p.[in Kazakh]
- Alash, 1917 – «Alash partiyasynyn bagdarlamasy» [Program of the Alash Party]. // «Kazakh», 1917. 21 karasha.[in Kazakh]
- Bakir, 2022 – Bakir A. Mustafa Shorajdyn sayasi oj-pikirleri [Political opinions of Mustafa Shokay] / AQIQAT. 2022. 27 akpan. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11691> [in Kazakh]
- Bokejhan, 2016 – Bokejhan Alihan. Shygarmalary – Sochineniya [Essays]. Tolykt. ekinshi bas. 3 t. Astana: «Saryarqa» baspasy. 656 p.[in Kazakh]
- Esmambetov, 2008 – Esmambetov K. Alem tanygan tulga (M. Shokajdyn duniyanymy men kajratkerlik bolmysy)[World-renowned personality]. Almaty: Dajk-Press, 2008. 504 p.[in Kazakh]
- Isahan, 2022 – Isahan G.T. Mustafa Shokaj zhane turkistandyk emigranttar [Mustafa Shokai and Turkestan emigrants] // Arhiv habarshysy. 2022. Nr.4. P. 35-41. Safarov G.M. (1921) .[inKazakh]
- Karenov, 2012a – Karenov R.S. Mustafa Shokajdyn galym-publicist retindegi kasietteri zhane shokajtanudyn bugingi zhagdajy [Mustafa Shokai as a scientist-publicist and the current state of shock studies] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». 2012. Nr. 1(65). P. 57-66. [in Kazakh]
- Karenov, 2012b – Karenov R.S. Mustafa Shokaj – Kazakhstan tauelsizdiginin simvoldyk tulgasy retinde [Mustafa Shokai is a symbolic figure of Kazakhstan's independence] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». 2012. Nr. 1(65). P. 47-57. [in Kazakh]
- Kokebaeva, 2004 – Kokebaeva G.K. Mustafa Shokaj zhane Europadagy turki emigraciya [Mustafa Shokai and the Turkic emigration in Europe] // Istoriya Velikoj Stepi: ot istokov do sovremennosti. Materialy Mezhdunarodnogo Evrazijskogo foruma. Tom 1 / Pod red. E.B.Sydykova. Nur-Sultan: L.N. Gumilev atyndag9y EUU, 2019. 354 b. [in Kazakh]
- Kokebaeva, 2004 – Kokebaeva G.K. Europadagy turkistandyk emigranttar zhane turki halyktarynyn tauelsizdigi [Turkestan emigrants in Europe and the independence of the Turkic peoples] / Otantarihy. 2004. Nr. 3-4. P. 14-21. [in Kazakh]
- Kokebaeva, 2004 – Kokebaeva G.K. Germaniya men Polsha muragattaryndagy Mustafa Shokajdynkymeturalykyuzhattar men derekter [Documents and data on the activities of Mustafa Shoka in the



- archives of Germany and Poland] // KazMPUhabarshysy, tarihzhanealeumettik-sayasigylymdarseriya. 2013. Nr. 3. P.40-45. [in Kazakh]
- Kydyraliev, 2007 – Kydyraliev D. Mustafa Shokaj. Astana: Foliant, 2007. 320 p. [in Kazakh]
- Mende, 1936 – Mende G. Der nationale Kampf der Russlandtürken [The national struggle of the Russian Turks]. Berlin, 1936.147 p.[in Deutsch]
- Revoluciya, 1930 – Revoluciya i nacionalnyj vopros [Revolution and the National Question] (1930) M.: Kommunisticheskaya akademiya. Vol. 3: 1917. February - October/Comp. I. Levin, E. Drabkina. 1930. 467 p. [in Russ.]
- Safarov, 1921 – Safarov G.M. Kolonial'naya revolyuciya: Opyt Turkestana [The Colonial Revolution: The Experience of Turkestan]. M.: Gosudarstvennoe izdatel'stvo, 1921. 147 p. [in Russ.]
- Shokaj, 2007 – Shokaj M. Tandamaly shygarmalary: Ush tomdyk [Selected works: Three volumes]. Vol. 3. Almaty: Kajnar+, 2007. 384 p.[in Kazakh]
- Shokaj, 2007a – Shokaj M.. Tandamaly shygarmalary: Ysh tomdyk [Selected works: Three volumes]. Vol. 1. Almaty: Kajnar, 2007. 352 p. [in Kazakh]
- Shokaj, 2007b – Shokaj M. Tandamaly shygarmalary: Ysh tomdyk [Selected works: Three volumes]. Vol.2. Almaty: Kajnar, 2007. 392 p. [in Kazakh]
- Shokaj, 2012a – Shokaj M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. II-vol. Almaty: Dajk Press, 2012. 640 p. [inKazakh, in Russ.]
- Shokaj, 2013 – Shokaj M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. VI-vol. Almaty: Dajk Press, 2013. 524 p.[in Kazakh]
- Shokaj, 2013a – Shokaj M Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. VII-vol. Almaty: Dajk Press. 572 p. [in Kazakh]
- Shokaj, 2013b – Shokaj M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. VIII-vol. Almaty: Dajk Press. 560 p.[in Kazakh]
- Shokaj, 2013d – Shokaj M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. V-vol. Almaty: Dajk Press. 2013. 540 p.
- Shokaj,2014 - Shokaj M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. IX-vol. Almaty: Dajk Press, 2014. 568 p. [in Kazakh]
- Shokaj. 2012b – Shokaj M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On eki tomdyk. [Complete collection of works: Twelve volumes]. IV-vol. Almaty: Dajk Press, 2012. 532 p.[in Kazakh]
- Tomohiko, 2001 - Uyama Tomohiko. Preface / Mustafa Çokaev. *Otryvki iz vospominanij o 1917 g.* Tokyo - Moscou, 2001. 53 c. in Russ.]
- Turdiyev, 2006 – Turdiyev SH. Ular Germaniyadau kigan edilar [They studied in Germany]. Toshkent: Fan, 2006. 256 b. [in Uzbek]
- Ualihanov, 2010 - Ualihanov Sh. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [Multi-volume collection of works]. 4-tom. Almaty: «Tolagaj gruppа». 2010. 496 b.[in Kazakh]
- V emigracii, 2021 - V emigracii: Epistol'yarnoe nasledie Mustafy Shokaya [In exile: The Epistolary Legacy of Mustafa Shokay]. 1919-1941 / Red. G.K. Kokebaeva; sostaviteli: G.T. Isahan, G.K. Kokebaeva, S.K. Shildebaj. Almaty: Poligrafiya servis i Ko, 2021. 488 s. [in Russ.]



АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 4, pp. 860-869, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI: 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_860-869

ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ ИЗУЧЕНИЯ КЕРАМИКИ СТОЯНКИ ЖАЛГЫЗ-АГЫМ

Сауле Жангельдыевна Рахимжанова¹, Ислам Серикович Курманиязов²,
Жанна Толепбергеновна Аккошкарлова³

¹Институт археологии им. А.Х. Маргулана (д. 44, ул. Достык. 050010. Алматы, Казахстан)
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник отдела эпохи камня.
<https://orcid.org/0000-0003-1429-1470>. E-mail: saule-rahim@inbox.ru

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата (ул. Айтеке Би, 29А. 120000. Кызылорда, Казахстан)
магистр гуманитарных наук, научный сотрудник научного центра «Археологии и этнографии»
<https://orcid.org/0000-0001-8737-2218> e-mail: ysalam.kurmaniyazov@gmail.com

³Институт археологии им. А.Х. Маргулана (д. 44, ул. Достык., 050010 Алматы, Казахстан)
магистр, младший научный сотрудник отдела эпохи камня. <https://orcid.org/0000-0002-8113-6705>.
E-mail: jan-adil@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Рахимжанова С.Ж., Курманиязов И.С., Аккошкарлова Ж.Т., 2023

Аннотация *Введение.* В статье представлены первые результаты специального технологического анализа керамики раннего железного века стоянки Жалгыз-агым. *Цели и задачи.* Изучение данной керамики было направлено на выяснение специфики культурных традиций в гончарстве населения стоянки Жалгыз-Агым, их изменений, произошедших в процессе контактов с населением соседних регионов. *Методы.* Исследование проведено в рамках историко-культурного подхода к изучению древнего гончарства, разработанного А.А. Бобринским и его последователями. *Результаты.* Изучение керамики Жалгыз-агым показало, что гончары во время бытования в равной степени использовали среднежелезненные глины и илистые глины. Изучение формовочных масс показало, что гончары, жившие на данном поселении, массово изготавливали посуду по рецепту «глина + шамот 1:4 + органический раствор», что говорит о том, что население, проживавшее на данном поселении было достаточно однородным, два рецепта «глина + дресва 1:4 + органический раствор» и «глина + раковина 1:4 + органический раствор» показывают, что на стоянке проживало также другое население, а рецепт «глина + дресва 1:6 + шамот 1:4 органический раствор» указывает на смешение первых двух групп.

Ключевые слова: Ранний железный век, раннесакский период, стоянка, керамика, технико-технологический анализ, орнаментация, Западный Казахстан.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан «Казахстан в древности и средневековье: систематизация и анализ археологических источников» в рамках финансирования научных организаций, осуществляющих фундаментальные научные исследования (регистрационный номер BR20280993).

Для цитирования: Рахимжанова С.Ж., Курманиязов И.С., Аккошкарлова Ж.Т.,

Предварительные итоги изучения керамики стоянки Жалгыз-агым // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 4. С. 860-869. (Рус.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_860-869



ЖАЛҒЫЗ-АҒЫМ ТҰРАҒЫНЫҢ ҚЫШ ЫДЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Сауле Жангельдыевна Рахимжанова¹, Ислам Серікулы Құрманиязов²,
Жанна Толепбергеновна Аккошкарова³

¹Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (44-үй, Достық көш., 050010 Алматы, Қазақстан).
тарих ғылымдарының кандидаты, тас ғасыры бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері
<https://orcid.org/0000-0003-1429-1470> E-mail: saule-rahim@inbox.ru

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Әйтеке би көшесі 29А, 120000 Қызылорда, Қазақстан)
гуманитарлық ғылымдар магистрі, жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталығының
ғылыми қызметкері. <https://orcid.org/0000-0001-8737-2218> E-mail: yslam.kurmaniyazov@gmail.com.

³Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (44-үй, Достық көш., 050010 Алматы, Қазақстан).
магистр, тас ғасыры бөлімінің кіші ғылыми қызметкері. <https://orcid.org/0000-0002-8113-6705>
E-mail: jan-adil@mail.ru

Кіріспе. Ақтөбе облысында 2021 жылдың тамыз айында және қыркүйектің басында (3.08. – 3.09) Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы (БҚКЭАЭ) зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедицияны Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесіп өткізді. Кешенді экспедицияны Институттың бас ғылыми қызметкері, профессор, С.Е. Әжіғали басқарды. Экспедицияға 16 адам қатысты (техникалық персоналды қосқанда). Оның құрамында Институттың ғылыми қызметкерлері Б.Ә. Әшім, Е.А. Ғалымов, Б.Б. Бұрханов және инженер-архитектор А.Н. Досеке болды. Экспедицияның басты мақсаты соңғы ортағасыр мен жаңа заманның көрнекті тарихи тұлғалары – Едиге әмір мен Исатай Тайманұлының жерленген орындарын іздеу, жете зерттеу болып табылды. Көптеген деректерге қарағанда бұл ірі тарихи тұлғалардың жерленген орындары Ақтөбе облысының территориясымен байланысты: біріншісі – Байганин ауданы Сағыз өзенінің алқабы, екіншісі – Қобда ауданы Қиыл өзенінің жоғарғы ағысы. Осыған орай, Едиге және Исатай Тайманұлының жерленген орындары бойынша сауалнама материалдар, тарихи, тарихи-этнографиялық мәліметтер жинау сияқты айтарлықтай міндеттер қойылды. (Бірден айтайық, бұл өте күрделі мәселелер мақаланың негізгі тақырыбы емес; бұл мәселелер бойынша әлі зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. Мүмкін, келешекте авторлардың мұндай маңызды проблемалар туралы арнайы мақаласы жарияланатын болады). Алайда, аталған кешенді экспедицияның маңызды мақсаттарының бірі Қобда, Ойыл және Байганин аудандарының архитектуралық, тарихи-мәдени ескерткіштерін (ең алдымен қазақ зираттары, мешіттер және қоныстардың қалдықтары) тіркеу және зерттеу, жолай



жалпыэтнографиялық материалдар жинау, сонымен қатар, жергілікті (аудандық) музей қорларын зерттеу, информаторлармен жұмыс істеу болды.

Кешенді экспедиция әдеттегідей екі отрядқа бөлініп зерттеу жүргізді: экспедицияның басшысы С.Е. Әжіғали негізгі отрядқа жетекшілік жасады, екінші отрядты Б.Ә. Әшім басқарды. Екі отрядтың маршруттары тек үлкен қорымдарда түйісіп отырды (Сейітсай қорымы, Қырғын мола қорымы, Едіге зираты, Абдолла хазірет қорымы секілді нысандарында бірігіп жұмыс атқарылды). Мақалада негізінде экспедицияның екінші отряд жұмысының басты ғылыми нәтижелері баяндалады.

Экспедицияның маршруты негізінен Ақтөбе қаласынан шығып, батыс және оңтүтік-батыс бағытта жүрді. Қазіргі аудандық бөлініс бойынша Қобда, Ойыл және Байғанин аудандары қамтылды.

Экспедицияның негізгі ғылыми нәтижелері. Алғашқы далалық зерттеу жұмысы Қобда өңірінен басталды. Экспедицияның негізгі жұмысы аудан орталығы Қобда ауылында орналасқан орталық музейді зерттеуге басымдық берілді. Музей ресми түрде *«Ақтөбе облысы тарихи-өлкетану музейі Қобда бөлімшесі»* аталады. Музей аудандық әкімдігі ғимаратының ішінде бір бөлмеде, нақтырақ айтқанда, бұрынғы партия қызметкерлеріне арналған кітапханада орналасқан. Музей өткен ғасырдың 90 жж. ашылғанымен, әлі күнге дейін өз алдына ғимарат берілмеген. Дегенмен, әкімдіктегі бір бөлмеде орналасқан мұражай Қобда ауданының бай тарихын дәріптеуін осы күнге дейін жалғастырып келеді. Барлық жәдігерлерін толық көрсете алмаса да, біршама құнды жәдігерлері мұражай экспозициясына қойылған. Негізінен музей тақырыптық экспозициясы бойынша рет-ретімен орналастырылған. Жалпы экспозицияда құнды түпнұсқа жәдігерлермен қатар, кейбір тақырыптарды кеңінен ашу үшін қосалқы материалдармен толыққан. Мысалы, стендтерде фотосуреттер, түсіндірме мәтіндер, газет-журналдарда шыққан мақалалар және т.б. берілген. Музейдің экспозициясынан өлкенің табиғаты және ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы, мәдениеті жайында біршама қызықты мағлұматтар алуға болады.



Сурет 1. Кіреуке сауыт.
Қобда музейі

Ең алдымен музейдің экспозициясы өлкенің табиғат және археологиялық мұраларына арналған тақырыптан басталады. Онда түпнұсқа жәдігерлер – археологиялық қазба кезінде табылған ежелгі қыш құмыралар, Қиылдан табылған сардардың кіреуке сауыты (XVIII ғ.) қойылған (сурет 1). Одан кейін өңірдің батырлар, дін қайраткерлері, киелі орындар тақырыбына арналған стендтер жалғасады.

Онда, түпнұсқа түріндегі жәдігерлер болмаса да, қызықты фотосуреттер, түсіндірме мәтіндер, мақалалар сияқты мәліметтер берілген. Келесі экспозиция өңірдің дәстүрлі тұрмыстық-шаруашылық мәдениетін суреттейтін құнды түпнұсқа жәдігерлерге орын берілген. Онда үй жиһаздары, дәстүрлі шаруашылық заттары, теріден жасалған шаруашылық бұйымдар, темірден жасалған түрлі заттарды көруге болады (мысалы, асадал: сурет 2).

Бұнда XIX–XX ғғ. өңірлерге орыс және басқа да халықтардың қоныстануы және жергілікті қазақтардың олармен мәдени байланыстарының әсерінен қазақтардың тұрмысындағы көптеген шаруашылық заттардың өзгерістерге ұшырағанын және жаңашылдықты байқауға болады. «Қазақ қасіреті. Зұлмат пен үрей» тақырыбына арналған экспозициясы шағын болса да, қосалқы материалдармен қамтылып, кейбір экспонаттар қойылған. Сонымен қатар, 1939–1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғысы, одан кейін тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарына арналған



Сурет 2. Асадал. Қобда музейі



Сурет 3. Молда Шәріп мешіті. Қобда ауылы

экспозицияда өңірден шыққан батырлардың, соғыс ардагерлерінің, тың игерушілердің өмірдері, суреттері, кейбір қолданған заттары, медальдары, ордендері музейдің төрдегі экспозициясын толықтырып тұр. «Музыкалық инструменттер» экспозициясы барлығы дерлігі дәстүрлі болмаса да, қызықты түпнұсқалы экспонаттармен толыққан. Осыдан кейін совет дәуірі кезеңінде қолданған кейбір тұрмыстық-шаруашылық заттармен жалғасып, Тәуелсіздік Қазақстан экспозициясымен аяқталады.

Жалпы музейде 100-ге жуық экспонаттың

суреті салынып, өлшенді, фототіркеуі жасалды; 30-ға жуық экспонаттың сипаты жазылды. Сонымен қатар, музейдің шағын кітапханасынан өлкетанушылар Ж.О. Абуллина және Д.А. Абатованың өңірдің дін тарихына байланысты аз таралыммен шыққан кітаптарының фотокөшірмесі алынды (Далама мешіт, 2016; Дін сәулесін түсірген, 2018; Қобда өңірінің, 2020).

Осыдан кейінгі экспедицияның зерттеу нысаны Қобдада орналасқан татар типіне ұқсатып салынған *Молда Шәріп мешіті* болды. Мешіттің имамы Абай Шымболатовтың (1992 ж. Талдысайда туған, руы табын-айдары, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің түлегі) айтуынша, «мешіт 2007 ж. Шәріп молда балаларының қолдауымен салынған. Сондықтан да мешіттің атауы аталарының есімімен «Шәріп молда мешіті» деп аталды дейді.

Мешіттің сыртқы келбеті бір қабатты, жалпы жоспары оңтүстік, оңтүстік-батыстан – солтүстік, солтүстік-шығыс бағытта созыла орналасқан. Мешіт қабырғасының сыртқы жағы қызыл кірпішпен қапталған. Шатыры төрт жаққа құламалы етіп жабылған. Солтүстік, солтүстік-шығыс жағында биік мұнарасы тұрғызылған. Мұнарасы сегіз қанатты етіп салынып, төбесі конус түрінде жабылған, ұшар басында айшығы бар (сурет 3). Мешіттің ішкі бөлмелері – намаз оқитын бөлме және шаруашылық-қызметтік бөлмелері – имам бөлмесі, тахаратхана (дәрет алатын орын), дәліз, кіреберіс бөлмелерден тұрады. Мешіттің негізгі намаз оқитын бөлмесі тіктөртбұрышты, әрі кең және ішіне жарықтың мол түсуі үшін сегіз терезесі салынған. Бөлменің оңтүстік, оңтүстік-батыс қабырғасында михрабы орналасқан. Михрабы жарты шеңберлі етіп апсида болып келген. Михраб жанында, яғни бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында ағаштан жасалған бес баспалдақты мінбері болса, бөлменің солтүстік-батыс бұрышында әйелдерге арналған намаз оқитын шағын орын берілген. Оны шаршы етіп матамен бөліп қойған. Сонымен қатар, бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында балаларға дәріс өткізетін орын да қарастырылған. Онда балалар жазатын бірнеше аласа үстелдер, дәріс тақтасы және кітап сөрелері қойылған.

Бөлменің солтүстік, солтүстік-шығыс жағы шаруашылық-қызметтік бөлмелермен жалғасады. Әуелі, солтүстік, солтүстік-шығыс жағында дәліз орын тепкен. Осы дәліздің шығысында имам бөлмесі, солтүстік, солтүстік-шығысында тахаратхана (жоғарыда айтып өткеніміздей, төбесінен мешіттің биік мұнарасы көтерілген) және батысында кіреберіс бөлмемен аяқталады.

Мешіттің ауласына кіреберіс жерде, көше бойында дін қайраткерлеріне арнап саяжол (аллея) салынған. Онда осы өңірден шыққан көптеген дін қайраткерлерінің есімдері, өмір сүрген жылдары жазылған. Оларды толығырақ атап өтер болсақ: Қазақай ахун Мұхаммадбин Ғали Дагестани Қазы (1711–1796), Әділ Хәзірет Әренжанұлы (1849–1925), Жұмағұл ахун Байшуақұлы (1858–1934), Сағидолла хазірет Жұмағұлұлы (1876–1964), Сүлеймен хазірет Мұсылманұлы (Сүлеке) (1830–1907), Бисен хазірет Абдоллаұлы (1878–1969), Сатай хазірет Игілікұлы (1847–1933), Хисамедин хазірет (1843–1920), Кәрімберген хазірет Сарқұлұлы (1886–1974), Алданияз хазірет Балжанұлы (1845–1925), Абдолла Амандықұлы (Әбдірахман) (1829–1905), Бірмағамбет Көшімқұлұлы (Бірмән) (1846–1922), Байгелдинов Хүсейін хазірет Нәкешұлы (1893–1940), Ізтілеу хазірет Бекенұлы (1857–1917), Бекмағамбет Бекпан хазірет Кенбайұлы, Тілеміс хазірет Тінәліұлы (1864–1925), Әжігерей Әбдірұлы (1879–1938), Рахманқұл Баймағамбетұлы, Мүбәрәк Рахманқұлұлы (1898–1933).



Жалпы бұл өңірде XX ғ. 30-шы жж. дейін көптеген мешіттер болған (Қазақ мешіттерінің, 2016). Олар тарихи деректерде және бүгінде ел аузында сақталған әңгімелерде көп айтылғанымен, қазіргі күнге дейін нақты орны сақталғаны өте аз. Тек, қазіргі таңда біршама жақсы сақталған осы өңірдегі тарихи мешіттердің бірі «Шәкен ишан мешіті» (Әжіғали, Әшім, 2020: 233–234). Бұдан басқа, мұнда мешіт болғанын айғақтайтын ертеректегі мәліметтер 1980 ж. Ұлы Қобда өзенінің алқабын барлау ізденісі кезінде, белгілі Абат-Байтақ қорымынан шығысқа қарай 10–15 км жерде, Томпақ-мешіті төңірегінде ескі мешіт ғимаратының қирандылары (сурет 4) және XIX ғ. екінші жартысына жататын, құлпытастары бар 3 шағын рулық бейіттер тіркелген (Ажигали, 2002: 17, № 323; 177). Сонымен қатар, көптеген мешіттерді салған, осы өлкеде ерекше танылған шеберді де атап өткеніміз жөн. Ол сәулетші «Бірмән» атанған Бірмағамбет Көшімқұлұлы есімін бұл өңірде мақтанышпен айтады. Ол дін жолын ұстанған белгілі шебер болған. Оның осы өңірде бірнеше мешіт тұрғызғанын тарихи ауызша деректерде және жалпы көпшілік әдебиеттерде көп кездеседі.



Сурет 4. Томпақ-мешіт қирандысы. XIX ғ. соңы – XX ғ. басы. Ақтөбе обл., Қобда ауд. Ұлы Қобда өзенінің алқабы. Абат-Байтақ қорымынан 8 км шығыста. С.Е. Әжіғалидің суреті, 1980 ж. (алғаш рет жарияланып отыр).

Экспедицияның келесі маршруты Қобда ауылының солтүстік-батыс бағытына қарай жүріп, Ұлы Қобда өзенінің бойымен Ақыраб ауылына дейінгі өңірлер қаралды. Онда атауы **белгісіз 4 қазақ зираты, Жалғыз мола бейіті, Қарамола қорымы, Сага мола бейіті, Ақмола қорымдары** зерттелді. Барлығы дерлігі XIX ғ. ортасы – XX ғ. басына жататын қазақ ескерткіштері болып табылады. Негізінен бұл бағыттағы экспедиция маршрутының ізденістері **барлау** түрінде жүрді. Онда кездескен ескерткіштерді қысқаша сипаттау, фототіркеу жасау, кейбір қызықты ескерткіштердің суретін салу және кейбір ерекше зираттардың жалпы орналасу жоспарын көзмөлшермен түсіру болды.

Экспедицияның алғашқы нысаны Ұлы Қобда өзенінің оң жағалауы бойында, Қобдадан 14 км солтүстік-батыста орын тепкен атауы белгісіз **қазақ бейіті** есепке алынды. Бейіт өте шағын әрі толықтай бүлініп, молалары шағын төбе күйінде қалған. Сақталған құлпытасы біреу ғана және тарақты-табын руына тиесілі сынық құлпытас жатыр. Бейіттің солтүстігінде, Қобдадан солтүстік-батысқа қарай 18 км жерде тағы да атауы белгісіз **қазақ зираты** зерттелді. Зират біршама үлкен болған, оның орналасу жоспары батыс, оңтүстік-батыстан – шығыс, солтүстік-шығыс бағытта созылып жатыр (170 x 110 м). Зираттың басым бөлігі топырақ үйіндісіне айналған. Оның тек 25 шақты құлпытасы сақталған. Зерттеу кезінде сол тек құлпытастары бар нысандар тіркелді. Құлпытастардың ішінде 5 ғана жақсы сақталған, 14 жерде



құлап жатыр, ал 6 сынып, сынықтарының кейбірі топырақ астында көмілуде. Құлпытастары әдеттегідей, әсем ою-өрнектерімен безендіріліп, араб графикасымен жазылған. Таңбалары тарақты-табын руына тән. Кейбір құлпытаста (№ 9 объекті) бір ерекшелігі ою-өрнек, көркемдік безендірулер жоқ десе де болады, таза эпиграфикалық ескерткіш. Эпиграфикалары біршама жақсы сақталған және қалың мүк басып жатыр. Кейбір ескерткіштер арасында негізі – іргетасы (башмак) бар құлпытастар кездесті. Оның жоспары шаршы (квадрат) болып келген, ортасында қуысы бар. Іргетаста бедерленген өрнектер өше бастаған. Мұндай құлпытастар сирек кездесетін ескерткіштің бірі. Сонымен қатар, бұл бейітте № 10 құлпытасымен бірге төртқұлақ түрінде қам кесектен тұрғызылған құрылыс біршама сақталған деуге болады. Оның батыс қабырғасы жақсы сақталғанымен, қалған бөлігі толықтай бұзылып, тек іздері ғана қалған. Негізінен мұнда кешенді эпиграфикалық зерттеу қажет.

Осыдан кейін экспедиция маршруты Ақсай ауылынан 6 км солтүстік-батыста орналасқан тағы атауы белгісіз қазақ зиратында болды. Зираттың жоспары негізінен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созыла орналасқан: жобамен оның жалпы көлемі 90 x 60 м. Кешенде 20-ға жуық көне нысан тіркелді. Зираттың солтүстік бөлігінде қазіргі заманғы бейіттер шоғырланған – олар 1960 ж. бастап 2020 ж. аралықты қамтиды. Онда жылқышы (тарақты-табын), «байұлы беріш», байсары (кете) рулары жерленген. Зираттың орта бөлігінде бес құлпытас жақсы сақталған. Олар көпқабатты (ярусты) әрі әсем ою-өрнектерімен безендірілген көрнекті құлпытастар қатарына жатқызуға болады. Зираттың оңтүстік бөлігінде 10-ға жуық тас қоршауы жатыр. Олардың басым бөлігі топырақ үйіндіге айналу үстінде. Кейбірінде жәй, қарапайым стелалар сақталған; онда таңбалар да кездеседі. Қоршауға пайдаланылған материал аздап өңделген табиғи тастар болып келген, толықтай мүк басқан. Зираттан солтүстік-батысқа қарай 25 км жерде кездейсоқ жалғыз құлпытас кездесті («Дениз» ЖШС базасының жанында). Осы базаның тұрғыны Тұрсынбаев Мейрамның айтуы бойынша (1985 ж. туған, руы – байұлы-алаша) бұл жерді «Жалғыз мола» атайды. Құлпытас негізінен біршама жақсы сақталған. Арабграфикалық жазуы жақсы көрінеді. Таңбасы тарақты-табын руына тиесілі.

«Жалғыз мола» бейітінен солтүстікке қарай 4 км жерде тағы атауы безгісіз қазақ бейімі зерттелді. Бейіт негізінен шағын болып келген. Дегенмен, бейіт екі бөліктен тұрады. Біріншісі, XIX ғ. ортасы – XX ғ. басына жататын көне кезең болса, екіншісі қазіргі заманғы бөлігі. Бейіттің көне кезеңге жататын бөлігі зираттың жалпы жоспарының ортаңғы бөлігінде орналасқан, ал қазіргі заманғы бөлігі көне бейіттің батыс, шығыс және солтүстік-шығыс жағын қоршай шоғырланған. Көне кезеңге тән бөлігі негізінен құлпытастардан тұрады: тек ғана 4–5 стелалар сақталған. Таңбалары тарақты-табын және шөмішті-табын руларына тән; батыс пен шығыс жалпақай жақтарында арабграфикалық жазулары (эпитафиялары) орналасқан (мұнда да кешенді эпиграфикалық зерттеулер қажет етеді). Ал қазіргі заманғы бөлігі 1960 ж. бастап 2016 ж. дейінгі аралықты қамтиды: онда бейіттің басым бөлігі төртқұлақты болып келген. 1990 жж. негізінен құрылысына темір қоршаулармен жасалған болса, кейінгі жылдары силикатпен тұрғызылған.

Ары қарайғы ізденістер Ұлы Қобда өзенінің оң жағалауы бойымен жалғасып, Жарық ауылынан 4 км солтүстігінде орналасқан Қарамола қорымы болды. Қорым солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан. Қорымның солтүстік-шығысында бес-алты шақты қазіргі заманғы молалар жатыр. Олардың барлығы дерлігі ақ силикат кірпіштен тұрғызылған. Негізінде зиратта 150 жуық нысан тіркелді. Оның басым бөлігі сопақша тас қоршаулардан тұрады. Шақпақ тастардан ретсіз қаланған қоршаулар көп, оларды мүк басқан. Кейбір қоршауларда батыс жағында стелалар да кездеседі. Сонымен қатар, плита тастармен қоршалған «қорған» түрінде көруге болады. Онда алты-сегіз адамның жерленгені байқалды; мұндай қорғанның үшеуі бар. Қорымда жалпы 25 жуық құлпытастар сақталған (тоғызы құлап, сынып жатыр). Құлпытастардың басым бөлігі көпаярусты болып келген және кейбірі эпиграфикасы бар ескерткіштері. Оның ішінде көрнекті алып құлпытаста бар (сурет 5). Сондай-ақ, қорымда кездейсоқ жерде құлап жатқан «балбалтас» (тас мүсін) табылды. Оның кеудесінде тарақты-табын руының таңбасы салынған (сурет 6). Жалпы қорымда кешенді этноархеологиялық және эпиграфикалық зерттеулер қажет.



Сурет 5. Алып құлпытас. Қарамола қорымы



Сурет 6. Балбалтас. Қарамола қорымы

Ақыраб ауылынан шығысқа қарай 6,7 км жерде орын тепкен атауы белгісіз *қазақ зираты* зерттелді. Зерттеу кезінде 34 нысан тіркелді. Жалпы зират солтүстіктен оңтүстік бағытта созыла шоғырланған (жобамен 90 x 60 м). Қорымның батысында 50–60 м жерде археологиялық оба орналасқан. Оның қасында тағы көне тас үйме күйінде қалған үш-төрт моланың іздері жатыр. Зираттың жалпы жоспарының солтүстік жағында құлпытасстар және тас қоршаулар басым. Ал, оңтүстік жағы негізінен қорғандардан (қоршаулар) тұрады. Айта кету керек, мұнда жақсы сақталған ескерткіш түрі – құлпытасстар (саны 22). Мұндағы құлпытасстарды әдеттегідей екі түрге бөлуге болады: көпаярусты және жалпақай болып келген эпиграфикалық құлпытасстар. Негізінен құлпытасстармен байланысқан сопақша топырақ үйінділері басымырақ. Құлпытасстарда таракты-табын, бір құлпытаста төртқара (?) руларының таңбалары бедерленген. Сонымен қатар, тас қоршаулар және құлпытаспен байланысқан, жонылған ірі блоктастардан ешқандай лайсыз бір-бірімен үйлестіре қаланған қоршау кездесті. Сондай-ақ, зираттың оңтүстік жағын қамтыған сегізге жуық «қорған» тұрғызылған. Әулеттік немесе үлкен отбасыларға арналған мұндай қоршаулардың жоспары әртүрлі болып келген. Бірі сопақша, бірі дөңгелене келіп, бір-біріне жалғасып жатады. Құрылыс материалдары қарабайыр тастарды және кейбірінде тегіс плита тастарды шебер әрі берік етіп қаланғанын көруге болады. Зерттеу жұмыстары кезінде – қорымның жалпы орналасу жоспары көзмөлшермен түсірілді, фототіркеу жұмыстарымен қатар, кейбір ерекше құлпытасстардың суреті мен өлшемі алынды.

Экспедицияның келесі зерттеу нысаны Ұлы Қобда өзенінің сол жағалауында орналасқан, Ащықара ауылының оңтүстік-батысындағы *Ақмола зираты*. Зираттың басым бөлігі қазіргі заман кезеңге жатады. Құрылыс материалдары ақ силикаттан тұрғызылған. Барлығы дерлігі төртқұлақты етіп салынған. Қорымның орта тұсында көне бейіттер шоғырланған. Көне бейіттер жалпы зираттың орта бөлігінен бастап батыс бағытқа қарай созыла орналасқан. Негізінен XIX ғ. соңы, XX ғ. басына жатады. 15 шақты құлпытас сақталған (оның үшеуі сынып жатыр). Батыс пен шығыс беті жалпақай болып келген эпиграфикалық құлпытасстар (сурет 7) және көпаярусты стелалар да бар. Онда таракты-табын руының таңбалары бедерленген. Биіктігі 2,90 м болатын көпаярусты алып құлпытасты көруге болады. Мұнда көп жағдайда құлпытаспен байланысып жатқан мүжілген саз балшық қалдықтарының төбе үйінділері басым.

Кешенді экспедицияның бірден-бір басты зерттеу нысаны Қобда ауданындағы *Сейітсай қорымы* болып табылды. Қорым Жарсай ауылынан (бұрынғы Новонадеждинка) оңтүстік, оңтүстік-шығысқа қарай 9 км жерде орналасқан.



Сурет 7. Эпиграфикалық құлпытас. Ақмола зираты

Халық арасында қорымның атауы Исатай Тайманұлы бастаған жауынгерлердің жерленген жері деп «шейіт» атауымен аталады. Алайда, қорымның эпонимиясы «шейіт» атауымен байланыстыру біршама күмән тудырады. Экспедицияның далалық жұмысы барысында қорымда сақталған құлпытастардың арабграфикалық жазуында (экспедиция мүшесі Т. Талғат оқыған) Кете руы Айдар тайпасынан Сейіт бөлімінің өкілдері кездесті (ең көнесі 1852 ж. № 52 нысан). Сондықтан да, қорымның атауын біз «Сейітсай қорымы» түсінігімен атағанды жөн көрдік; осыған қоса маңызды айтатын жайт: топокарталарда (М 1:200 000, М–40–XIII п.) зират орналасқан жер «балка Сеитсай» аталып тұр. Жалпы бұл қорымда жүргізілген зерттеу жұмыстарының толық нәтижесін келешекте кең түрде көлемді мақала етіп жариялауды жоспарлап отырмыз.

Қобда ауданының оңтүстігінде, Егіндібұлақ ауылынан (бұрынғы Қызыл-Ту) оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай 8 км жерде орналасқан **Қырғын мола қорымы (Қырғынның моласы)** Қобда өңіріндегі ізденіс жұмыстарымыздың соңғы ескерткіші болды. Қорым негізінен XIX ғ. ортасы – XX ғ. бас кезеңіне жатады. Орналасу жоспары шығыстан батысқа қарай созыла шоғырланған (сурет 8).



Сурет 8. Қырғын мол қорымы. Зираттың оңтүстік бөлігінің көрінісі. Жоғарыдан дрон арқылы Б. Қошан түсірген. 2021 ж.



Қорымда 290 нысан тіркелді (қазықша қойылды). Қорымдағы нысандардың басым бөлігі сопақша, дөңгелене, шаршы болып топырақ үйіндісіне айналған. Олардың біршамасы құлпытаспен байланысып жатыр. Сақталған құлпытасстар саны 29 (оны жерде құлап, сынып жатыр). Құлпытасстардың дерлігі көпжүресті болып келсе, кейбірі батысы мен шығысы жалпақай болып келген эпиграфикалық құлпытасстар да кездеседі. Құлпытасстардың арасында қызықты суреттерде бедерленген (№ 3 объекті). Онда құлпытастың оңтүстік бетінің орта тұсында құманның суреті салынған (биіктігі 18 см, ені 13,5 см). Ал, батыс бетінде арабша жазуларының астында, яғни құлпытастың батыс бетінің төменгі жағында биік өкшелі аяқ киім (кебіс?) және етік (саптама) суреттері қашалған.

Экспедиция кезінде қорымның «Қырғын мола» аталуы жөнінде жергілікті тұрғындардан біршама мәліметтер жиналды. Соның бірі, информатор Бестамақ ауылының тұрғыны Нұрберген Бержекенов (1950 ж. туған, руы адай-қосай) мынадай қызықты аңыз келтіреді: «Ауылдың ақсақалдарынан естігенім бойынша, бір байдың бәйге атына жабатын «ат жабуы» болған. Ат жабуы алтын-күміспен өрнектелген екен. Бір кездері осы өлкеде тойда жүргенде ұрлатып алған. Оны әр жерден іздеп таба алмайды. Бірнеше күн өткен соң, осы жақтан туыстары көріп қалады. Содан әлгі байға сенің ат жабуыңды Батпақтыда бір байдың атының үстінен көрдім, деп жеткізеді. Ат жабуын қайтаруды сұрауға Жәрменбет деген кісіні бастатып, оған 40 адам қосып жібереді. Батпақтының бойына келгенде бұларға бас салып, Жәрменбетті де қолға түсіреді. Екінші рет, адайдың Масаты бастап келгенде, ат жабуды қайтара алмай кетеді. Мұнда Батпақтының бойында 15–20 шақырым жерде Қандық деген жер бар, сол жақтан үшінші рет Сенгін Мыңбай бастап келеді. Бұл жолы 2000 қолмен келеді. Қандықтың үстімен келіп, мына қырдың үстінде (қазіргі Қырғын моланың төңірегі) үлкен шайқас болып, адам шығыны көп болады. Содан белгілі билер араласып, бітімге келеді. Соңында, жабуды қайтарып, құн төлеткен екен. Міне осылайша халық арасында бұл қорым Қырғын мола аталып келеді». Сонымен қатар, Бегалы ауылының тұрғыны Сламғали Сағидуллиннің (1948 ж. туған, руы байұлы, таз) айтуынша, адайлар мен шәлі кетелер арасындағы шайқас кезінде көп адам шығынға ұшырап, ол жер Қырғын мола аталып кеткенді-міс.

Экспедицияның далалық жұмысы барысында сақталған құлпытасстардың жазуында (экспедиция мүшесі Т. Талғат оқыған) Кете руының шәлі тайпасына тиесілі құлпытасстар басым. Сонымен қатар, кете руының әлімбет, құттығай, алтай бөлімдері де бар. Құлпытастың ең көнесі 1842 ж. жатады (№ 22 нысан).

Қырғын мола қорымы негізінде 2005 жылы біршама зерттелген. Оның жалпы орналасу жоспары да көзмөлшермен сызылған (сызған М. Дүйсенғали). Алайда, осы жолы экспедиция кешенді түрде арнайы қайта зерттеді. Қорымда ең алдымен тахеометриялық түсіріс жүргізілді, фототіркеу жасалды, барлық нысанның оңтүстік-батыс жағынан аксонометрия түрінде нобайы сызылды, кейбір ерекше нысандардың суреті, жоспары, қимасы алынды, эпиграфикалық жазулары оқылды және кейбір құлпытасстардағы этнографиялық суреттер жиналды. Сонымен қатар, дрон арқылы жоғарыдан түсірілім жасалды.

Осыдан кейін екі апта бойы экспедицияның зерттеу жұмыстары Ойыл және Байғанин аудандарында өтті. Ауданның орталығы Ойыл поселкасында «**Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі**» мақсатты түрде зерттелді. Алғаш бұл өңірде 1948–1953 жж. аралығында Шығанақ Берсиев атындағы шағын мұражай болған-ды. Кейін бұл мұражай түрлі себептерге байланысты жабылып қалған. Содан, 2001 жж. музей қайтадан қалыптаса бастайды. 2003 ж. ресми түрде «Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі» болып құрылады. 2006 ж. музейге ақ тарының атасы атанған Шығанақ Берсиевтің есімі беріледі.

Музей 1960 жж. партия мүшелеріне арнап салынған екі қабатты ғимаратта орналасқан. Бірінші қабатында әкімшілік, ғылыми қызметкерлер бөлмесі мен табиғат экспозиция залы орын тепкен болса, екінші қабатында 5 экспозиция залы бар (жалпы алты экспозиция залдан тұрады): табиғат, ауданның тарихы, ардагерлер, кеңес кезеңі, этнография және Шығанақ Берсиев залдары. Бұл залдардың барлығы да өлкенің тарихы, этнографиясы және табиғатына арналған қызықты жәдігерлермен толыққан. Музейдің экспозиция бөлімдері өлке тарихын түсіндіруде тақырыптық-хронология бойынша, кейбір залдары (этнография, табиғат, Ш. Берсиев секілді) тақырыптық экспозиция негізінде жасақталған. Әр залдың тақырыптарын кеңінен ашу үшін



қосалқы материалдары берілген. Мысалы, витриналарда қызықты фотосуреттер, түсіндірме мәтіндер, газет-журналдарда шыққан мақалалар және т.б.

Музей экспозициясы бірінші қабатта өлкенің 1-ші табиғат залынан басталады. Онда өлкеде өмір сүретін жануарлар, өсімдіктер, құстардың көрінісін көруге болады. Бүркіт тұқымдасына жататын, борсық секілді және Барқын құмының қыл жапырақты тал, итмұрын, жер сағыз, киік оты және т.б. шөптері қойылған. Өңірдің Ақшатау аталатын жерден әкелінген үлкен балықтың сүйектері, ірі тасбақаның қалдықтары және түрлі табиғи тастары өлкенің ерекше табиғатын көрсетіп тұрғандай. Мұндағы қойылған заттардың көпшілігі түпнұсқалы болуымен ерекшеленген.

Осыдан кейінгі барлық экспозиция залдары екінші қабатта орын тепкен. Алдымен, көне дәуірден бастап XX ғ. басына дейінгі уақытты қамтып жатқан 2-ші өлкенің тарих залымен басталады. Онда Ойыл өңірінен табылған неолит, ерте темір дәуірі, қола дәуірі кезеңіне жататын ескерткіштердің кейбір заттай деректері қойылған, одан кейін өңірдегі басты өзен Ойылдың шығу төркіні жайында жазылған кейбір мақалалардың көшірмесі, Алтын Орда, Қазақ хандығы кезеңі жайлы қызықты мағлұматтар витриналарда карта түрінде, зерттеушілердің мақалалары және т.б. қосалқы материалдармен толыққан. Осыдан кейін қазақтың бес қаруы аталған экспозициясы да бар. Оның барлығы дерлігі Ақтөбе қаласы шеберлерінің қолынан шыққан. Тек, XIX ғ. жататын қыз баланың ер-тоқымы ерекше назар аудартады (2013 ж. музейге тапсырылған). XIX ғ. батырларына арналған витриналарда көп жағдайда батырлар туралы шыққан мақалалар, кейбір жеке суреттері, кесенелерінің суреттері берілген. Келесі экспозиция XIX ғ. 70 жж. Ресей империясының толықтай отарлауының аяқталуы, бекініс салынуы, Көкжар жәрмеңкесі секілді маңызды мағлұматтармен толыққан. Мұнда XIX–XX ғғ. өлкеде орыс және басқа да халықтардың қоныстануы және жергілікті қазақтардың олармен мәдени байланыстарының әсерінен қазақтардың тұрмысындағы көптеген шаруашылық заттардың өзгерістерге ұшырауы және жаңашылдықтың кіріге бастауы сияқты мәдени байланыстарды көрсеткен. Әсіресе, халық арасында «Көкжар жәрмеңкесі» аталып кеткен жәрмеңкеде, сауда кезінде әртүрлі шаруашылық-тұрмыстық заттардың, үй жиһаздарының осы өлкеге келгенін көруге болады. Сонымен қатар, татар типіне ұқсатып салынған мешіт пен қатарласа салынған сауда үйлерінің макеті, сол кезеңнің өмірін сипаттап көрсетуге тырысқан және XIX ғ. екінші жартысында осы өңірде салынған екі сыныпты мектеп жайында шағын экспозицияға орын берілген. Экспозициялық витринада ескерткіштің суреті, оның мағлұматтары қосалқы материалдар түрінде көрсетілген. Ол мектеп негізінен Кеңес үкіметі тұсына дейін жұмыс істеп, кейін жабылған. Бүгінде оның тек қирандылары қалған.

Осыдан кейінгі экспозициялық көрме 3-ші «ардагерлер залымен» жалғасады. Әуелі экспозиция алаш қайраткерлерінен басталады. Онда осы өңірден шыққан алаш қайраткерлері жайында мағлұматтар берілген. Олардың суреттері, өмір дерегі, кейбір мақалалары сияқты қосалқы материалдары қойылған. Одан кейін өңірдегі Ойылдың толықтай қалыптасу тарихы, өлкені басқарған басшылар жайында, XX ғ-дың 30 жж. «жазықсыз жапа шеккендер», «халық ағарту, мәдениет ісі» жайында арнайы жеке-жеке витриналарда қызықты мағлұматтармен толыққан. 30 жж. осы өлкенің басшысы болған, игі істерімен танылған Нұрлыбек Әбдікәрімов және осы өлкеде ағартушылығымен танылған Аятберген Науанов және т.б. қайраткерлер жайлы және олардың 1937 ж. қуғынға ұшырағаны туралы мағлұматтары қамтылған. Сонымен қатар, мәдениет саласының қайта жандана бастауының көрінісі ретінде 30-шы жылдары орта тұсындағы түсірген ескі суреттерді де көруге болады. Ары қарай, 2000 жж. басына дейін өмір сүріп келген Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагерлердің суреттері, олардың сол кезеңдегі киген киімдері, қолданған заттары қойылған витриналарымен ардагерлер залы аяқталады. Экспозиция 4-ші кеңес залымен жалғасады. Негізінен бұл залда өлкеде еңбек сіңірген мұғалімдер, Ленин орден иегерлері, Еңбек ерлері, өлкені басқарған басшылар, өлкеден шыққан ғалымдардың суреттері, өмір деректері және кейбірінің қолданған заттары қойылған. Кеңес үкіметі тұсында қолданған тұрмыстық-шаруашылық заттар, жиһаздар да қамтылған. Сонымен қатар, 1940 жж. өзіндік ерекше стилімен тігілген қасқыр ішік ерекше назар аудартады. Бес қасқырдың терісімен тігілген.

5-ші этнография залы – дәстүрлі мәдениетімізге тән біршама құнды экспонаттармен толыққан. Залдың төрінде төрт қанатты шағын киіз үй құрылған (2006 ж. Ойыл өңірінде жасалған). Киіз үйдің іші үй жиһаздарымен және тұрмыстық бұйымдармен жабдықталған. Атап



айтар болсақ, киіз үйдің оң жақ қанатынан бастап қоржын, кесеқап, аяққап, шәй сандық, кебеже, жастық ағаш, жағлан, әбдіре және т.б. жасауы орналастырылған (мысалы жастық ағаш: сурет 9; жағлан сандық және әбдіре: сурет 10).



Сурет 9. Жастық ағаш. Ойыл музейі



Сурет 10. Жағлан сандық және әбдіре (астындағы). Ойыл музейі

Сондай-ақ, залда әйелдердің ұлттық киімдері, ұлттық аспаптар, әшекей бұйымдар, көне жастық ағаш, иінағаш, көрік және т.б. этнографиялық жәдігерлер музей құндылығын арттырып тұр. 1937 ж. шапан (тігісі, ою-өрнегі ерекше болып келген), 1930–1940 жж. етікшілердің қолданған аяқ киім қалыптары, 1930 жж. сүйектен жасалған домбыра секілді жәдігерлер де бар. Бұндай ерекше домбыраның тарихы туралы мәлімет Б. Рысбаеваның шағын мақаласында көрініс тапқан (Рысбаева, 2020). 6-шы ақ тарының атасы атанған Шығанақ Берсиев залы – музейдің соңғы экспозиция үлкен бөлімі болып табылады. Залда Берсиевтің суреттері, өмір деректері, оның ақ тары өсіруде үздік табысқа жеткені жайлы мағлұматтары берілген. Сонымен қатар, егіншілікте (оның ішінде тары өсіруде) қолданылған бірнеше шаруашылық құралдары экспонат ретінде орналастырылған. Оның ішінде малатас (сурет 11), келі-келсаптар (сурет 12) және қолдиірмен (сурет 13) секілді көне жәдігерлерді ерекше атауға болады.



Сурет 11. Малатас. Ойыл музейі



Сурет 12. Келі-келсаптар.
Ойыл музейі



Сурет 13. Қол диірмен. Ойыл музейі



Экспедицияның келесі зерттеу нысаны Сағыз өзенінің оң жағалауында орналасқан, Ебейті ауылынан 16 шақырым солтүстік-батыста орын тепкен көне **«Едіге қорымы»** болды (сурет 14). Бұл қорымды (бейітті) соңғы жылдары Едіге әмірдің моласымен байланыстырады. Осыған орай, экспедицияның негізгі мақсаттарының бірі әмір Едігенің жерленген орнында этноархеологиялық зерттеулер жүргізу болатын. 2019 жылы Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы (жетекшісі С.Е. Әжіғали) барлау түрінде зерттеді (Отчет о работе, 2019: 17–18). Ал, 2021 жылы қорымда далалық зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүрді. Онда тахеометриялық түсіріс, жүйелі фототіркеу жасалды, барлық ескерткіштің оңтүстік-батыс жағынан аксонометрия түрінде нобайы сызылды, эпиграфикалық жазулары оқылды және дрон арқылы жоғарыдан фотофиксациясы жасалды. Қазіргі таңда, Едіге қорымын зерттеу, талдау (анализ) жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта қорымда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері жарияланатын болады.



Сурет 14. Едіге қорымы. Жоғарыдан жалпы көрінісі. Б. Қошан түсірген, 2021 ж.

Осыдан кейін Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қопа ауылынан солтүстікке қарай 10 км жерде орналасқан **Абдолла хазірет қорымы** экспедицияның зерттеу жұмыстарының соңғы нысаны. Қорым эпонимі осы жерде мешіт ұстаған Абдолла хазірет Жаналыұлының есімімен аталады. Бұл айтарлықтай ірі мемориалдық-культтік кешенді алғаш рет 1984 жылы С.Е. Әжіғалидің жетекшілігімен Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы жолай кездейсоқ ашқан. Кейін 1987 жылы осы экспедиция қорымды жан-жақты зерттеп, нәтижесінде алғашқы жарияланымы «Абдильда (Әбділдә)-Казырет» атауымен шығады (Ажигали, 2002: 152–153). 2019 жылы Доңызтау кешенді этноархеологиялық экспедициясы (жетекшісі С. Әжіғали) қорымда барлау түрінде зерттеу жүргізді (Отчет о работе, 2019: 17).

Бір ескеретін жайт, соғыстан кейінгі топокартада көрсетілгендей, XX ғ. басына дейін қорым негізінен жергілікті халық арасында «Шибұлақ» деп аталған. Соңғы жылдары, XX ғ. басынан, Абдолла хазірет осында мешіт ұстап, діни-ағартушылық жұмыстар жүргізген соң, қорымның негізгі, ескі атауы басым қолданылатын болды. Қазір бұл кешен «Абдолла хазірет зираты» деп нақты аталады. Абдолла хазірет Жаналыұлының (1856–1919) өмір деректері жайлы шағын зерттеу мақалалар кейбір БАҚ беттерінде жарияланған (Әзи, 2011; Әзи, 2014; Негимов, 2018). Сонымен қатар, Абдолла хазірет қорымының шырақшысы әрі ұрпағы Қабиболла ақсақал Ахметнияз (1945 ж.т., руы адай-косай) осы ескі қорым туралы және Абдолла хазірет жөнінде құнды дерек беруші басты информатор; Абдолла хазіреттің өмірбаянына арналған кітабы да шыққан (Ахметнияз, 2020).

Қорымның солтүстігінде 350 м жерде (араларын «Шибұлақ» бұлағы бөліп тұр) мешіттің орны темір қоршаумен қоршалған. Оның жанында құдығы орналасқан. Осыған қарағанда қорымнан «діни-тұрғын кешенінің» белгілерін байқауға болады. Алайда, кешеннің басым бөлігі дәстүрлі жерлеу-культтік құрылыстары болғандықтан, қорымды «Абдолла хазірет



мемориалды-культтік кешен» деп атаған жөн. Қорым әдеттегідей екі бөліктен тұрады: біріншісі, XIX ғ. ортасы – XX ғ. басына жататын ескі бөлігі, екіншісі қазіргі заманғы, яғни соғыс жылдарынан кейінгі жерлеулер. Қазіргі заманғы бөлігі қорымның оңтүстігінде шоғырланған. Ал ескі бөлікте 500 жуық дәстүрлі ескерткіштер бар, олар қорымның орталық және солтүстік бөлігін қамтып жатыр. Онда алып құлпытас, көп бөлмелі қорғандар, қойтастар секілді тарихи-мәдени ескерткіштердің озық үлгілері кездеседі. Әсіресе құлпытаста ерекше стилі бар арабграфикалық жазулар, эпитафиялар, этнографиялық суреттер: оның ішінде, қазақтың бес қаруы, құман, кебіс, саптама етік, ою-өрнектер және т.б. қашалған (сурет 15). Қоршаулары ерекше «таңдай» («в елочку») әдісімен қаланған бірнеше бөлмелерден тұратын қорған түрлерін де кездестіруге болады (сурет 16). Сонымен қатар, бірнеше бейіт орналасқан үлкен ауқымымен ерекшеленген қорғанның орталық тұсында Абдолла хазіреттің бейіті жатыр. Мұндай көрнекті ескерткіштері бар кешеннің қорғау аймағын анықтап, шұғыл жан-жағынан мал кірместей етіп қоршау қажет.



Сурет 15. Құлпытас. Солтүстік бетіндегі этнографиялық суреттер.
№ 175 нысан. Абдолла хазірет қорымы



Сурет 16. Қорған. Қоршаулары таңдай әдісінде қаланған. № 219 нысан. Абдолла хазірет қорымы



Жалпы, 2021 жылы бұл ірі және маңызды мемориалдық-культурлік кешен этноархеологиялық (этноархитектуралық) және тарихи-этнографиялық жағынан толық, жан-жақты зерттелді. Кешенде далалық зерттеулер методикасы бойынша мынадай жұмыстар өткізілді: қорымда 366 нысан тіркеліп, ең алдымен тахеометриялық түсіріс жүргізілді, жүйелі фототіркеу жасалды, сипаттама жазылды, барлық ескерткіштің оңтүстік-батыс жағынан аксонометрия түрінде нобайы сызылды, кейбір ерекше ескерткіштердің суреті, жоспары, қимасы алынды, эпиграфикалық жазулары оқылды және этнографиялық суреттер жиналды. Сонымен қатар, дрон арқылы жоғарыдан 27 кадр түсірілді.

Қорытынды. 2021 жылы Ақтөбе облысының Қобда, Ойыл және Байғанин аудандарында жүргізілген кешенді этнографиялық-этноархеологиялық зерттеулер барысында көптеген маңызды мәліметтер жинақталды. Жинақталған материалдарды қорытындылау, талдау және ғылыми айналымға қосу алдағы зерттеулердің негізгі бағыты болып табылады. Дегенмен, зерттеу жұмыстарының нәтижесі, келешекте облыстың ескерткіштер Жинағын (Свод) даярлауға, өңірдің дәстүрлі және негізгі тарихи-мәдени ескерткіштерінің Қартасын әзірлеуге және өңірлік ескерткіштерді қорғау мекеме мамандарының ескерткіштерді құжаттау (паспортизация) жұмыстарына көмектеседі.

Әдебиеттер

Ажигали, 2002 – *Ажигали С.Е.* Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. Алматы: Ғылым, 2002. 654 с.

Ахметнияз, 2020 – *Ахметнияз К.А.* Жаналы Абдолла Хазірет ата. Ақтөбе: Хабар-Сервис, 2020. 280 б.

Әжіғали, Әшім, 2019 – *Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.* XIX ғ. ортасы – XX ғ. басындағы Ақтөбе облысы мешіттерінің ерекшеліктері: 2019 жылғы Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясының кейбір нәтижелерінен // «XII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 2020. 233–241 бб.

Әзи, 2011 – *Әзи Е.* Абдолла хазірет және Көкмешіт // *Ақтөбе*. 2011. 14-шілде. 26-б.

Әзи, 2014 – *Әзи Е.* Ақпа жырдың Ақтаны (Ақтан Керейұлының шығармашылық өмірбаяны мен әдеби мұрасы турасында) // *Атырау*. 2014. 24-мамыр. 8-б.

Далама мешіт, 2016 – *Далама мешіт* салдырған – артына мұра қалдырған Бірмағамбет ұста және ол тұрғызған мешіттер / Авторлары және құраст. Ж.О. Абуллина, Д.А. Абатова. Ақтөбе: Центр оперативной печати, 2016. 22 б.

Дін сәулесін түсірген, 2018 – *Дін сәулесін түсірген* / Дайынд. Ж.О. Абуллина, Д.А. Абатова. Ақтөбе: Шұғыл, 2018. 35 б.

Қазақ мешіттерінің, 2016 – *Қазақ мешіттерінің* және діни қайраткерлердің тарихы (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы Ақтөбе облысы материалдарының негізінде) / Ред. алқа С.Е. Әжіғали және т.б. Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат ындағы АӨМУ баспа орталығы, 2016. 100 б.

Қобда өңірінің, 2020 – *Қобда өңірінің* діни қайраткерлері / Құраст. Ж.О. Абуллина, Д.А. Абатова. Ақтөбе: «DA-MIR-IL», 2020. 54 б.

Негимов, 2018 – *Негимов С.* Ата дін үшін азап арқалағандар // *Егемен Қазақстан* (газ.). 2018. 3-шілде. 16-б.

Отчет о работе, 2019 – *Отчет о работе* Западно-Казахстанской комплексной этноархеологической экспедиции 2019 г. / Сост. С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим // Архив ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова. Без инв. № . Алматы, 2019. 254 с.

Рысбаева, 2020 – *Рысбаева Б.* Сүйек домбыраның сыры // Үш таған. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани журнал. 2020. № 1. 4–5 бб.

References

Azhigali, 2002 – *Azhigali S.E.* Arkhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii [The Nomad's architecture – phenomenon of the history and culture of Eurasia]. Almaty: Gylym, 2002. 654 p. [in Russian].

Akmetniyaz, 2020 – *Akmetniyaz K.A.* Janaly Abdolla Xaziret ata [Hazrat Abdollah ata from Janaly tribe]. Aktobe: Хабар-Сервис, 2020. 280 p. [in Kazakh].

Azhigaly, Ashim, 2019 – *Azhigali S.E., Ashim B.A.* XIX g. ortasy – XX g. basindagi Aktobe oblysy meshitterinin erekshelikleri: [Features of the mosques of the Aktobe region in the middle of XIX – beginning of XX centuries: from some results of the comprehensive ethnoarchaeological expedition of Western Kazakhstan in



2019] // «Materials of the international scientific conference" XII Orazbayev readings. Almaty: Qazaq universiteti, 2020. P. 233–241. [in Kazakh].

Azi, 2011 – *Azi E. Abdolla xaziret zane Kokmeshit* [Hazrat Abdullah and Kokmeshit] // *Aktobe*. 2011. 14.07. P. 26. [in Kazakh].

Azi, 2014 – *Azi E. Aqpa zhyrdyn Aktany* [Aktan is outstanding in Akpa zhyr (about the creative biography and literary heritage of Aktan Kereyuly)] // *Atyrau*. 2014. 24.05. P. 8. [in Kazakh].

Dalama meshit, 2016 – Dalama meshit saldyrgan – artina mura kaldyrgan Byrmagambet usta zhane ol turgyzgan meshitter [Master Birmagambet, who built the Dalama Mosque and left behind a legacy, and the mosques built by him] / Comp. J.O. Abullina, D.A. Abatova. Aktobe: Operational Printing Center, 2016. 22 p. [in Kazakh].

Din saulesin tusirgen, 2018 – Din saulesin tusirgen [The Light of Religion]. Comp J.O. Abullina, D.A. Abatova. Aktobe: Shugyl, 2018. 35 p. [in Kazakh].

Negimov, 2018 – *Negimov S. Ata din ushin azap arkalagandar* [Those who suffered for their ancestor's religion] // *Egemen Qazaqstan*. 2018. 03.07. P. 16. [in Kazakh].

Otchet o rabote, 2019 – Otchet o rabote Zapadno-Kazahstanskoy kompleksnoy etnoarheologicheskoy ekspeditsii, 2019. [Report of the work of Western Kazakhstan complex ethnoarchaeological expedition in 2019] / Comp. S.E. Azhigaly, B.A. Ashim // Arhiv of Ch.Ch. Valihanov IIE. Almaty, 2019. 254 p. [in Russian].

Qazaq meshitterinin, 2016 – Qazaq meshitterinin zhane dini qayratkerlerdin tarihy [History of Kazakh mosques and religious figures. Ed. S.E. Azhigaly et al. Aktobe: Q. Jubanov ARSU, 2016. 100 p. [in Kazakh].

Qobda onirinin, 2020 – Qobda onirinin dini kayratkerleri [Religious figures of Kobda region] / Comp. J.O. Abullina, D.A. Abatova. Aktobe: «DA-MIR-IL», 2020. 54 p. [in Kazakh].

Rysbaeva, 2020 – *Rysbaeva B. Suyek dombıranın siri* [The secret of the bone dombıra] // *Ush tagan*. 2020. Nr 1. P. 4–5. [in Kazakh].



ОТАН ТАРИХЫ. 2023 № 26 (4)

ӘДІСНАМА / METHODOLOGY / МЕТОДОЛОГИЯ

Балтабаева К.Н., Жакишева С.А.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ КАЗАХСТАНСКИХ БЕЖЕНЦЕВ 20–30-Х ГГ.
XX ВЕКА И ПРОБЛЕМЫ РЕАБИЛИТАЦИИ.....670

Meldibekova Z.A.

DIGITALIZATION OF MODERN NATIONAL HISTORICAL SCIENCE683

ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Ногайбаева М.С., Көшімова А.О., Қыдыр Т.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ
ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ.....692

Қамбарбекова Ф.Ә., Қари Қ.А.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ БҰХАРА ХАНЫНЫҢ ЕЛШІСІ ХАТШЫСЫНЫҢ
ЕСТЕЛІГІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚТАР.....704

Oterova G.E., Karimova A.E., Kussainov D.Zh.

THE SIGNIFICANCE OF THE DOCUMENTS OF THE SIBERIAN COMMITTEE
IN THE STUDY OF THE HISTORY OF KAZAKHSTAN OF THE XIX CENTURY.....718

Нұртазина Н.Д., Азмұханова А.М., Әкімбек Ж.А.

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ДІНБАСЫЛАРҒА
ҚАТЫСТЫ ИМПЕРИЯЛЫҚ ДОКТРИНАЛАР.....730

Нұрпейісова Э.Т., Әбіл Е.А., Ураков Д.Ж. (Узбекистан)

ЕЛДЕС ОМАРОВ: ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТҮЛҒА (ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ).....744

Харипова Р.Е.

МУЗЕЙНЫЙ ФОНД КАК ИСТОЧНИКОВАЯ ОСНОВА ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ И
КУЛЬТУРЫ (К ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО МУЗЕЯ
КАЗАХСТАНА).....755

Қожақұлы Ө., Асқар А.Г.

XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ-САЯСИ АХУАЛДЫ ЖІКТЕУ,
ТАЛДАУ (СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА).....767

Собисевич А.В. (Россия)

ОПЫТНАЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ СТАНЦИЯ КАРАГАНДИНСКОГО
ИСПРАВИТЕЛЬНОГО ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ.....779

Мамбетова Г.А., Мүмінов Ә.К. (Түркия)

ҚАЗАҚ МОЛДАЛАРЫНЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ «АМАН ҚАЛУ» СТРАТЕГИЯСЫ
(ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС Өңірі).....792

Taspulatova K.K.

METHODS AND WAYS FOR CULTIVATING KAZAKHSTANI PATRIOTISM.....808

Маргулан А.С.

КОМПАРАТИВИСТСКИЙ АНАЛИЗ ЛОНДОНСКОГО И САНКТ-ПЕТЕРБУРГСКОГО
СПИСКОВ «ТАВАРИХ-И ГУЗИДА-ЙИ НУСРАТ-НАМЕ» ПО ГЕНЕАЛОГИИ
ДЖУЧИДОВ.....817

Kuanbay O.

THE IMPACT OF THE GENRO COUNCIL OF ELDERS ON SHAPING MODERN JAPAN
(1889-1912).....832

Бәкір Ә.Қ., Құдайбергенова А.И., Тайман С.Т.

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ
КҮРЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР.....846

АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА

Рахимжанова С.Ж., Курманиязов И.С., Аккошкарлова Ж.Т.

ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ ИЗУЧЕНИЯ КЕРАМИКИ СТОЯНКИ
ЖАЛҒЫЗ-АҒЫМ.....860



Нұрманова А.Ш.

ДЖУЧИДСКИЕ ПРАВИТЕЛИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА:
СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЭПИГРАФИЧЕСКИХ И НАРРАТИВНЫХ
ИСТОЧНИКОВ.....870

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ
2021 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ.....883



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
